

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

71285 -Қазақстан және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы

пәні бойынша
Мамандық: «6В01101 Педагогика және психология »
2025-2026 оқу жылы

3 курс, қазақ бөлімі, Күзгі семестр,

\

Алматы, 2025

Пәннің тақырыбы: Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы

1 дәріс. Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы: тақырыбы, міндеттері, әдіснама, тарихи-педагогикалық зерттеу әдістері. (1 сағ.)

Жоспар:

1. Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы пәнінің мақсаты мен міндеттері
2. Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы пәнінің әдіснамасы мен педагогикалық зерттеу әдістері.

Негізгі ұғымдар: даму тенденциялары, тарихи кезең, тарихи дәуір, оқыту, тәрбиелеу, білім беру жүйесі, білім беру, педагогикалық теория, педагогикалық ойлар, идеялар, әлемдік ой-сана, этнопедагогика, педагогикалық көзқарас, халық педагогикасы.

Педагогикалық қызметтің маңызы артып, оған қойылатын талаптар күшейе түскен қазіргі кезде, болашақ ұстаздар алдымен іргелі ғылым-білім негіздерін меңгеруі, мамандықты жете игеру, құзіретін арттыру, шығармашылық ойлауға, педагогикалық көзқарасының қалыптасуына шарт түзеді.

“Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы” курсы әлемдегі педагогикалық ойлардың дамуы, оның практикадағы мәні, Қазақ жерінде тәлімдік ойлардың дамуы жайлы іргелі білім қалыптастыруға арналған. Өткен тарихи дәуірдегі тәлім-тәрбиенің озық тұстарын практикада қолдану, жаңаны меңгеруге, өткен тарихи дәуірдегі жетістіктерді қазіргі заман талаптарына сай пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогиканың тарихын ғылыми-педагогикалық тұрғыда жете меңгерген маман, алған білімін іс жүзінде шығармашылықпен қолдана алатын, ой өрісі кең, жаңа қоғамдық ахуалдарға жылдам бейімделгіш, ауқымды педагогикалық көзқарасқа ие, жоғары сапалы маман бола алады.

Курстың мақсаты: болашақ педагог мамандарды педагогиканың ғылым ретінде дамып, қалыптасу жолымен таныстыра отырып өткендегі озық тәжірибелерді меңгеру, оны бүгінгі күн жағдайларында пайдалана білуге үйрету, теориялық білімін тарихи-педагогикалық ақпараттармен толықтыру.

“Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы”-курсын оқу барысында студенттер әлемде және қазақ жерінде ғылыми педагогиканың қалыптасу тарихының бастауларымен танысып, оның даму кезеңдерінде үнемі толығып отыруын, ежелгі дәуірдегі педагогикалық ойлардың тындауы мен дамуы жайлы білім қалыптасады.

“Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы ” пәнін оқытудың құрылымы мынадай:

- педагогика тарихының теориялық-әдіснамалық негіздері;
- ежелгі дүниедегі мектеп пен тәрбие;
- шетелдегі мектеп пен педагогикалық ойлар;
- Ресей тарихындағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар;
- Кеңес дәуіріндегі білім беру жүйесі мен педагогикалық ғылым (1917-1991жж.)
- Қазақстандағы тәрбие, мектеп және Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы (ҮІ-XX ғғ.)

Осы тақырыптарды оқыту барысында берілетін білім мазмұны мыналарды қамтиды:

- педагогиканың тарихы пәнінің маңызы, міндеттері, әдіснамалық негізі, басқа ғылымдарымен байланысы, педагогиканың тарихын зерттеу жолдары ашып көрсетіледі;
 - алғашқы адамдар қауымдағы тәрбие, отбасының туындауы, жазудың алғашық элементтері, этнопедагогиканың маңызы қарастырылады;
 - Ежелгі Мысыр, ежелгі үндістан, Византия, Қытайдағы педагогикалық ойлармен танысу арқылы олардың ерекшеліктерін аңғарады;
 - Антикалық дүниедегі мектеп және тәрбие, ежелгі Рим, Византиядағы ағарту және педагогикалық ойларды меңгереді;
 - Қазіргі Қазақ жерінде көне дәуірде өмір сүрген халықтардың тәлім-тәрбие сипаты, жазу түрлерімен таныстыру;
 - Қазақ жеріндегі жазба ескерткіштердегі тәлімдік ойлардың маңызы;
 - Түрік дәуіріндегі жазба мәдениет және ондағы педагогикалық ойлар;
 - Орта ғасыр жазбаларындағы тәлім-тәрбиелік ойлардың маңызы;
 - ХҮ-ХҮІІІ ғғ. бірінші жартысындағы Қазақ ақын-жыраулар мұрасындағы тәрбиелік ойлар;
 - ХҮІІІ ғ. және ХІХ ғ. бірінші жартысындағы Қазақ ақын-жыраулар мұрасындағы тәрбиелік ойлар;
 - ХІХ ғ. екінші жартысындағы қазақ ақын-жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің тәлімдік ойлары;
 - Кеңес одағы кезіндегі Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен оқу-тәрбие мекемелерінің дамуы;
 - ХХ ғасырдың екінші жартысындағы АҚШ, Еуропа, Азия, Африка, Латын Америкасы педагогтарының педагогикалық идеялары;
 - Егемен Қазақстанда білім беру жүйесінің дамуы мен болашағы;
- Оқу курсына мынадай заңдылықтар ашылады.
- қоғам дамуы мен ондағы тәлім-тәрбиелік ойлардың жаңғырып отыру заңдылығы;
 - тарихы кезеңдердің тәлім-тәрбиелік ойлардың мазмұнына ықпалы;

- ғылым, білім, дін және тәрбие арасындағы байланыстар;
- білім және тәрбие арасындағы байланыстар мен олардың педагогикалық ойлардың қалыптасуына ықпалы;
- Қазақ халқының даналық ойларының шығу тегі мен тәлім тәрбиесіндегі маңызы;
- әлемдік педагогтардың педагогикалық идеяларының мәні.

Осыларды меңгеру барысында болашақ оқыту мен тәрбиеге байланысты қызметте мынадай біліктерді меңгеру мүмкіндігі бар:

- қоғам мен тәрбие арасындағы байланысты ашып көрсету, түсіндірмелеу;
- тарихи кезеңдердегі тәлімдік ойлардың қазіргі кездегі мәні мен маңызын талдау;
- тарихи-педагогикалық мәліметтер жинау және оларды өңдеу;
- алған білімі негізінде ой жүргізу, пікірлесуге үйрену;

Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы міндеттері:

- тарихилық және қазіргі кезеңнің арақатынасы туралы базалық әдіснамалық ережелерді студенттердің меңгеруі және түсінуі;
- педагогика тарихының қалыптасу даму үрдістерін, заңдылықтарын, кезеңдерін және ережелерін білмей қазіргі жағдайын бағалау мүмкін емес;
- әр халықтың мәдени дамуы мен барлық адамзат қауымдастығының даму арақатынасы жағдайында қазіргі мектептің жетілу сабақтастығын анықтау.

Мынадай дағдылар қалыптасады:

- тарихи-педагогикалық материалдарды іздестіріп, жинақтау;
- белгілі бір кезеңдерге байланысты материалдарды талдап, пікір жүргізу;
- әлеуметтік-педагогикалық бейімделу;
- тесттер, конспект, білім көздері, құжаттар т.б. жұмыс істеу;

Жалпы әдіснама дегеніміз барлық ғылымдарды зерттеу, танып-білуге мүмкіндік беретін жалпы және жекелеген әдістер жиынтығы, оны ұйымдастыру тәсілдері. Кезкелген ғылымның әдіснамасы диалектиканың заңдылықтарына негізделеді. Олар мыналар:

- 1.Санның сапаға және сапаның санға өтуі;
- 2.Қарам қайшылықтар арасындағы күрес;
- 3.Терістеуді, терістеу; Сонымен қатар бұл заңдылықтар диалектиканың манадай ұстанымдарына негізделеді:

- 1.Жалпы және өзара байланыс;
- 2.Қайшылық арқылы дамуы;

Осыдан келіп диалектикалық санттардың тарихи дамуы ықпалының сипаты айықдалады. Олар мыналар:

- 1.Маңыз бен құбылыс арасындағы байланыс.
- 2.Бірыңғайлық, ерекшелік, жалпылық;
- 3.Форма мен мазмұн арасындағы байланыс.
- 4.Себеп пен салдар арасындағы байланыс.
- 5.Қажеттік пен кездейсоқтық.
- 6.Мүмкіндік пен нақты жағдай немесе шынайылық.

Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы тәлім-тәрбие пәнін ғылыми танудың бір түрі дейтін болсақ ол жалпы педагогикалық теорияның келіп шығуын хронологиялық ретімен, кезеңдермен дамуын, бір күйден екінші бір күйге өтуін қарастырады. Педагогикалық ойлардың дамуын қарастыруда мәселенің өткені, бүгіні, болашағына өңілудің өзіндік орны бар.

Педагогиканың тарихы пәні қазіргі кезде қалыптасып орныққан негізгі ұғымдар, түсініктер, ұстанымдар, ережелер, қағидалары т.б. тарихи дамуын қарастырады. Мысалы, оқытудың мазмұны, формалары мен әдістері қалай болып еді, қазір қандай, болашақта қандай болмақ? Деген сұрақтарға жауап беріде тарихи тәжірибелерді ескереді. Сол тұрғыда зерделейді.

Осы орайда жоғарыда берілген педагогиканың тарихының мазмұны өзара тығыз байланыста қарастырылған күнде ғана түбегейлі білім қалыптасады.

Педагогиканың тарихы жалпы тарих, философия, әдебиет, психология, әлеуметтану, саясаттану т.б. пәндермен тығыз байланыста.

Педагогиканың тарихын зерттеуде тарихи деректердің маңызы зор. Осыған орай қазіргі кезде мұрағат құжаттарымен танысу, ғылыми, тарихи әдебиеттерді зерттеу, білім мен тәрбиеге байланысты құжаттарды зерделеудің орны бар. Оның басты әдістері жинақтау, топтастыру, талдау, салыстырмалау т.б. болып табылады.

1 дәріс. Сақтардың сан ғасырлық тарихи ерекшеліктері, сақ қоғамының тәлім-тәрбиелік құндылықтар. Анахарсис сақ әлемінің әйгілі ойшылы.
(1 сағ).

Жоспары:

1. Сақтардың сан ғасырлық тарихи ерекшеліктері, сақ қоғамының тәлім-тәрбиелік құндылықтары.
2. Анахарсис сақ әлемінің әйгілі ойшылы.

Негізгі ұғымдар: ежелгі тайпалар, сақтар, ғұндар, скифтер, ескерткіштер, ерлік, тәлім-тәрбиелік ойлар, діни нанымдар, сенімдер, дәстүрлер, ғұрыптар, өнер.

Сақтар – б. з. б. I-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекен еткен ежелгі тайпалар. Бұларды грек тарихшысы Страбон «азиялық скифтер» деп жазды. Рим жазушысы үлкен Плиний де осылай деген. Оның жазуынша скифтерді парсылар «саға», («сақ», «сақ» аты осыдан шыққан) дейді. Қоныстанған жерлері Б. з. б. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістанды, Ауғанстанды, Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін қамтитын кең-байтақ аумақта жинақтап алғанда «сақ» деп аталатын көптеген тайпалар мекендеген. Геродот (б. з. б. V ғ.) және басқа антик тарихшылары оларды Азия скифтері деп атаған.

Ғылымда сақтардың бұл топтарының Орта Азия мен Қазақстан аумағында шоғырланғаны туралы көптеген болжамдар бар. Олардың біреуіне сәйкес Шаш (Ташкент ауданы), Солтүстік Қырғызстан аумағында және Қазақстанның оңтүстігінде тиграхауда-сақтар мекендегені, бұл сақ тайпаларының этникалық аумағы кеңірек болған, оған Оңтүстік Орал еңірі мен Таулы Алтайда енген. Ахеменид Иранның сына жазу ескерткіштерінде Сақтар үш топқа бөлінеді. Олар: хаумаварға Сақтар (хаому шарабын ішетіндер немесе амюрийліктер); тиграхауда Сақтар (шошақ бөріктілер); тьяй-парадарая Сақтар (теңіздің арғы жағындағылар). Бұлар Орта Азияның оңтүстігін, Арал теңізінің төңірегін, Сырдария бойын, Жетісу алқабын мекендеген. Сақтар одақтарына яксарт, массагеттер, исседон, дайлар, астақ, қамақ, аримаспы сияқты көптеген көне тайпалар біріккен. Бұлар Кавказ тауын «Қаз» тауы деп атаған. Сақ жерінде Яксарт (Сырдария), Оксус (Өкіссу – Әмудария) үлкен өзендер болған. Сырдарияны Бақтиярлар (бактрлар) Яксарт, ал Сақтар Сілес (Сіле, Сілеті) деп атаған. Сақтардың б.з.б. мәдениетгі ел болғаны туралы дерек мол. Археологтар Қазақстанның оңтүстік ауданы мен Қырғызия, Тәжікстан және Алтай жерлерінен Сақтар тайпаларының қорғандары мен обаларын тапты. Парсы патшасы Дараявауштың Парсаға (гр. Persepolis) жақын Накширустамдағы тас жазуларында сақаларды үш топқа бөліп көрсеткен:

- парадрая (теңіздің арғы бетіндегі сақалар) — еуропалық сақалар-скифтер немесе Арал теңізі, Сырдарияның арғы жағындағылар;
- хаумаварға (хаома сусынын жасайтын сақалар) — Ферғана алқабын мекендеушілер;
- тиграхауда (шошақ бөрікті сақалар) — Сырдарияның орта ағынын және Жетісуды мекендеушілер.

Парсы және антик деректемелеріндегі тайпаларды Қазақстан мен Орта Азияның осы заманғы картасына орналастыру туралы мәселе әлі түпкілікті шешілген жоқ. Теңіздің арғы жағындағы сақтарды оқшаулап бөлуде таяу уақытқа дейін екі көзқарас болып келді. Бірінші көзқарас (В.В. Струве) тұрғысынан, парадрайа-сақтарды Арал теңізінен шығысқа таман және Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі бойларына орналастыру керек еді. Мәселені бұлайша қоюға I Дарийдің сақтарға қарсы жорығының жүрген жолы туралы әңгімелейтін Бехистун жазбасының бесінші бағанының екінші жартысын қайта құруды ұсыну негіз болды. Бехистуннан алынған мәтінінің қалпына келтірілген бөлігін, ал одан кейін Накши-Рустем және Персеполь жазуларын антик деректемелерінің мәліметтерімен салыстыру негізінде — парадрайа-сақтардың және «Соғдының ар жағындағы» сақтардың массагеттерге, дайларға, каспилерге сәйкестігі туралы болжам жасалды.

В.В. Григорьев басқаша көзқарасын айтады, оған карағанда парадрайа- сақтар деп Оңтүстік Ресей және онымен шектес аймақтар аумағын мекендеген еуропалық скифтерді түсіну кажет болады. Бехистун жазбасын жаңадан зерттеу және аудару Бехистун жазбасының V бағанасын басқаша карап, басқаша түсіндіруге әкеп соқты. Қазіргі уақытта парадрайа-сақтарды Қара теңіздің солтүстік төңірегіне орналасты деу дұрысырақ деп саналады¹⁰. Орта Азия мен Қазақстан сақтарының басқа екі тобы (хаумаварға мен тиграхауда) Таяу Шығыстың халықтарына көбірек мәлім болған. Кир мен Дарий жорықтар жасаған тиграхауда-сақтар Ахеменид бедерлері мен мөрлерінде бірнеше рет бейнеленген. Олардың Схунха деп аталатын көсемінің тұлғасы басқа да бағындырылған халықтардың патшаларымен бірге Дарийдің бұйрығы бойынша Ирандағы Бехистун деген жердегі жартасқа қашап салынған. Ежелгі Шығыстың ең көне және аса маңызды саяси құжаттарының бірі деп әбден орынды саналатын Бехистун жазбасының сақ көсемін тұтқынға алумен байланысты оқиғаларға арналған V бағанасының 20—30-жолында былай делінген:

«Дарий патша былай дейді: содан кейін мен әскеріммен Сақтарға аттандым. Шошақ бөрік киетін сақтар шайқасқа шықты. Мен теңізге жеттім де, бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Сөйтіп мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым да, екінші бөлігін тұтқынға алдым... Схунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз дегеніммен екінші біреуін (олардың) көсемі қылып тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады».

Бұл мәтін шошақ бөрік киетін тиграхауда-сақтар туралы ақпарат беретін, сақталып қалған бірден-бір жазбаша құжат болып табылады. Онда тиграхауда-сақтар жері басталатын бір судың бар екендігі де айтылады. Сақтар мен массагеттер еліне Ахеменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы II Кирдің жорықтары тарихи анықталған фактілер қатарына жатады.

Сондай-ақ тиграхауда-сақтар Шашты, Тянь-Шаньді және Жетісуды мекендеген деген пікір де бар. Страбонның айтуы бойынша, массагеттерден солтүстікке таман, «Меотидадан жоғары» (Страбон, XI, 9,2) жерлерде дай тайпалары қоныстанған. Сырдарияның арғы жағындағы олар Александр Македонскийдің замандастарына да мәлім болды. Антик авторлар оларды, бұрынырақта Геродоттың жазғанындай, массагеттердің иелігіндегі жерлерде орналастырады. «Дах» атауы неғұрлым ертеректегі деректемелер- «Авеста» мен Ксеркстің «дэвтер» туралы жазбасында да мәлім. Мұның бәрі дахтардың (дайлардың) әуелде массагеттердің солтүстігіне таман аймақты мекендегенін, не массагеттердің бірлестігіне кіргенін көрсетеді. Б. з. б. III ғасырдың орта шенінде дайлар тарих ересінде массагеттердің орнын алып, Каспий маңының оңтүстік-

шығысынан, Парфия шекарасынан келіп шығады. Осы уақыттан бері «көптеген скифтер, Каспий теңізінен бастап, дайлар деп аталады».

Көне парсы сына жазулары мәтіндерінде сақтардан солтүстікке таман өмір сүрген тайпалар мен халықтар туралы ештеңе айтылмайды. Тек Авестада ғана сайрим деген атау айтылады, бірақ бұл халықтың қай жерді мекендейтіні туралы ешқандай мәлімет жоқ. Ежелгі грек деректемелеріндегі мәліметтер көбірек, оларда Авестаның сайримдерімен салыстыруға болатын савроматтар тайпасы туралы айтылады. Савроматтар туралы алғашқы деректер Геродотта бар: «Танаис өзенінің (қазіргі Дон өзенінің) арғы жағы енді скиф өлкесі емес, бірақ ондағы алғашқы жер иеліктері савроматтардың қолында. Савроматтар Меотия көлі ойпатынан бастап солтүстікке қарай он бес күнде жүріп отуте болатын жерді мекендейді...» Мұның өзі Донның құйылысынан Еділдің сағасына дейінгі аумаққа сәйкес келеді.

Алайда «сақтар», «скифтер», кейініректегі «түріктер» терминдері сияқты, «савроматтар» терминін де авторлар көбіне екі мағынада: тайпалардың өз атаулары ретінде және тілі мен мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде қолданған. Грек-латын деректемелері көбіне бұл этнонимді жиынтық мағынада, савромат бірлестігінің әр түрлі тайпалар құрамын тікелей көрсете отырып (Үлкен Плиний, Эфор, Псевдо-Скилак, Эвдокс) қолданады.

Археологиялық ескерткіштері бұлар қорымдар, жартастағы суреттер, сақ бұйымдарының көмбелері Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өлкелерінен табылған.

Сақалар көсемінің катафракты сауыт-сайманына бейнелі алтын қабырышақпен оқаланған тері сауыты, Есік обасы.

Бұл сақ тайпалары мекендеген аса көлемді аймақ: тиграхаудтар — Жетісуда, ал массагеттер Арал өңірі мен Сыр бойында. Іле алқабында Бесшатыр, Есік, Түрген, Кеген, Алексеев обалары осы алқаптан табылды.

Жетісудағы сақ мәдениеті екі кезеңді: ерте кезеңі (б.з.д. 8-6 ғғ.) және кейінгі кезең (б.з.д. 5-1 ғғ.).

Соңғы кезеңдегі патша обасына Бесшатыр қорымы мен Есік обасы жатады. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағалауындағы Шылбыр деген жерде, ол 31 обадан тұрады. Қорымның барша обалары екі топқа бөлінеді, үлкен обалар — диаметрі 45 м-105 м-ге дейін. Биіктігі 6-18 м. Салынған уақыты б.з.д. 5 ғ.

Шығыс Қазақстан. Алтай аясынан, Шыңғыстау мен Тарбағатай бөктерлерінен кездеседі. Үлкен патша обалары бар. Ол Шілікті алқабында шоғырланған. Бұл өңірдің мәдениеті үш кезеңнен тұрады. Мәйемір кезеңі (б.з.д. 7-6 ғғ.), берел кезеңі (б.з.д. 5-4 ғғ.), құлажүргін кезеңі (б.з.д. 3-1 ғғ.). Мәйемір кезеңінің соңында салт кісіні атымен бірге қоятын қабырлар пайда болады.

Орталық Қазақстан. Бұл жерден Тасмола мәдениеті (б.з.д. 7-3 ғғ.) ашылды. Бұл обалардың ерекшелігі — оларда тас жалы, «мұрты» болады. Бірнеше варианттардан тұрады. Негізгі обаға жанаса немесе оның шығыс бетінде, иек астында кіші оба тұрады, одан шығысқа қарай доғаша иіліп, ені 1,5-2 м, ал ұзындығы 2-200 м дейін кейде одан ұзынырақ болады, екі жал кетеді. Үлкен обаға үйілген төбе астында жерден қазылған қабырда өлген кісінің мәйіті жатады, ал кіші қорғанда үйінді астындағы қабырға ат пен ағаш ыдыс-аяқтар қойылады.

Арал өңірі. Арал өңірі сақалар мәдениеті Тегіскен, Ұйғарақ, Оңтүстік Тегіскен қорымдары.

Батыс Қазақстан. Еділ мен Жайық арасындағы аймақтан қорымдардың көп шоғырланған жері — Үлкен және Кіші өзеннің бойлары, Қамыс-Самар көлдерінің өңірлері, Елек, Шаған, Ембі жағалаулары. Обалардың көбінде үйінділері бар, ал олардың аса үлкендері орлармен қоршалған. Тас үйінділері немесе топырақ пен уақ тастар араластырылған үйінділері бар обалар сирек кездеседі. Қабырлар шығыстан батысқа қарай ыңғайлай қазылады, ал өлгендер молаларда емес, обалар үйінділері астындағы арнайы дайындалған алаңдарға қойылады.

Сақтар мал шаруашылығымен де егін өсірумен де айналысқан. Жылқы өсірген. Оны қарулы жауынгерлер мінетін болған.

Қой бағумен де айналысқан. Сақтарда маңдай алды дөңесте ірі қойлар көп тараған. Олар қазақтың қазіргі құйрықты қойлары тұқымына жақын болған.

Түйе шаруашылығы да кең дамыған. Ал сиырдың көшпелі тіршілікке бейімделген мұндай тұқымының өзгеден айырмасы — өнімділігі төмен, тірілей салмағы аз, жемшөпті көп талғамайтын. Суықта сыр бермейтін, жүні қалың, тебін малы болды.

Егіншілік пен суару. Қыстау маңындағы егін сақтарды астықпен қамтамасыз еткен. Олар тары, арпа, бидай еккен. Оңтүстік Сырдарыя алқабында сақтардың Шірік Рабат, Бәбіш-молла, Баланды секілді қоңыстарында табылған.

Кәсіпшілігі.

Сақ тайпалары арасында металл өндіру және оны өңдеу, әсіресе қола құюға байланысты кәсіпшіліктері дамыған. Б.з.д. 1 мыңжылдықта Қазақстан және Орта Азияны мекендеген сақ тайпалары темірден заттар жасауды меңгерді.

Темір мен мыс, қалайы мен қорғасын, алтын мен күміс өндіру жоғары дәрежеде дамыған. Мәселен, Имантау кен орнында 3 млн. пұт мыс рудасы, ал Жезқазған мен Успенскіден 10 мың және 26 мың пұт руда өндірілген, сонда сол руданың көбісі сақтар заманында өндірілгені анықталды.

Сақ зергерлері қоладан қанжарлар, оқ жебелері мен сүңгі ұштарын, аттың қайыс әбзелдерін, әшекейлер мен айна, қазандар мен құрбандық ыдыстарын жасаған.

Саудасы.

Еуразия далаларын сақтар билеген кезде Батыс пен шығысты, Жерорта теңізі мен Қытайды байланыстырған халықаралық өтпелі сауда басталады. Б.з.д. 1 мыңжылдықтың орта кезінде дала жолы пайда болады. Геродот жазуына қарағанда, дала жолы Қаратеңіз өңірімен жүріп, Дон жағалауына сосын Оңтүстік

Орал өңіріндегі савроматтар жерінен Ертіс бойына, одан әрі Алтайдағы аргиппейлер еліне жеткен, содан әрі Моңғолия мен Қытайға қарай кететін болған. Осы жолдың бір бөлігі Қазақстан жерімен өтті.

Қоғамы.

Сақ қоғамында халықтың үш тобы болды деген болжам бар. Ол рим тарихшысы Квинт Курций Руф айтқан аңызға сүйеніп айтылады. Бұлар:

- жауынгерлер — сүңгі мен оқ («ратайштар-арбада тұрғандар»),
- абыздар — құрбандық табағы және айрықша бас киімі бар,
- қауымшыл сақтар, яғни «сегізаяқтар» (соқаға жегетін екі өгізі барлар).

Осы үш жіктің өзіне тән дәстүрлі түсі болған. Жауынгерлерге — қызыл, сары-қызыл; абыздарға-ақ; қауымшылдарға-сары мен көк түстер. Сондай-ақ көсемдер мен патшалар да болды. Олар әскери жіктердің өкілдері болды. Гректер оларды бацилевс — патша деп атаған. Патшаның белгісі жебелі садақ.

Мәдениеті

Сақтар аң стилін Алдыңғы Азия мен Иранға жорық жасаған кезінде қабылдаған. Бұл өнер б.д. д. 7-6 ғасырда қалыптасқан. Аң стилі дегеніміз түрлі жануарлардың бейнелерін дыс-аяққа, киімге, тұрмыс заттарына, түрлі әшекейлерге, қару-жараққа салған. Сақтар күнге, найзағайға, жел-дауылға табынған. Сақтар мифологиясында сәйгүлік ат күнмен, отпен байланысты болған. Дүниені жаратқан көк тәңірісі Митра, жердікі Варуна, жер астыныкі Индира секілді құдайлар болған.

Анахарсис сақ әлемінің әйгілі ойшылы. Әлемдік тарихта есімі «Анахарсис Скифский» деген атпен қалған, сақтар мемлекетінің әйгілі ойшылы. Герадоттың айтуынша, ол қазіргі (христиандық) жыл санауымызға дейінгі VI-VII жылдарда өмір сүрген.

Анахарсистен XX ғасырға дейін шамамен екі мың бес жүз жыл немесе жиырма бес ғасыр. Осы уақыт аралығында, халқымыздың мәдениетінің тарихи кеңістігі. Бұл тарихи-мәдени кеңістікті меңгеру осал іс емес. Жиырма бес ғасыр ішінде бірнеше ренессанстық жағдай міндетті түрде екі компоненттен тұрады. Бірі жаңа өркениеттік сапалық өзгерске ұмтылу, екіншісі алдағы өткен мәдени дәстүрді жаңғырту, жаңалау. Демек, ренессанстық жағдайларда алдыңғы мәдени дәстүр мүлдем жойылмай эволюциялық жолмен жүреді. Ренессанс дегеніміз мәдениеттің өзінен өзі, өз ішкі даму заңдылықтарына сәйкес жаңарып, жаңғырып отыруы. Ренессанс заманда өтпелі дәуірлерде көрінеді. Ондай дәуірлер Ренессанстық тұлғаларды туғызады. Біз анахарсистен XIX ғасырға дейін деген тарихи мәдени концепцияны ұсынғанда, аттарын атап, еңбектеріне зер салып отырған ойшылдардың бәрі ренессанстық тұлғалар, Олар: Анахарсис, Майқы би, Иоллыг тегін, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Абай.

Тіл мәдениетінің аса құнарлы айнасы. Ол таным тарихының формасы, тарихтың нақтылы дерегі. Атадан қалған сөз бізге тіл арқылы жеткен. Жоғарыда айтқан ойшылдардың бәріне ортақ түркі тілі. Әрине мен түркі тілі дегенде шартты мәнді айтып отырмын. Яғни, «түгел сөздің түбі бір» деген мағынада.

Біз қазақ мәдениетінің генезисін Анахарсистен бастауға тиістіміз. Себебі, сақтар ғұндар, түркілер, кыпшақтар бір «атаның» балалары екенін тарихшылар атап бергені ақиқат. Сондықтан сақтар елінің ойшылы Анахарсис тарих басы. Анахарсисінің өмір сүрген заманы, өзі туралы мағлұматтардың да көбі ауызша жеткен. Кезінде қағазға түскен деректер сирек. Шынында да осыдан екі мың жыл бұрынғы оқиғалар, адамдар туралы шындықты кім дәлме дәл айта алады. Көптеген мәселелер болжам, пәлен айтты, түген айтты деген пікірлерден құралған. Бұл тек Анахарсиске ғана қатысты емес, ол Фалес, Солон Афинскийге де қатысты.

Анахарсис уақыт сарабынан өтіп, мәңгілікке айналған жан. Егер де ол Скифияда тумай Палестина немесе Таяу Шығыстың бір елінде дүниеге келсе, сөзсіз Библияда және Құранда да пайғамбарлар санатында жүрер еді. Бұлай деп отырғаным, Анахарсисі тарихтағы ұлы тұлғалармен салыстырсам, оған теңдес келетіні – Ғайса. Екеуінің ұқсастық жағы мол, екеуі де адамзатқа жаңа өмір ұсынған, қазіргі тілмен айтсақ, бұлардың екеуі де демократтар. Сонымен қатар бұлардың бір бірінен айырмашылықтары да бар. *Біріншіден* Анахарсис Ғайсадан бес ғасыр бұрын өмір сүрген. Демек, замандары бөлек. *Екіншіден* Ғайса мәдени ортада өмір сүрсе, Анахарсис заманы өзгешелеу болатын. Сақтар кезіндегі негізгі мәселе өнер, білім емес, соғыс өнеріне үйрену болатын. Айнала жау. Қала салып отырықшылыққа көшпеген жұрттың басты қамы күнкөріс еді. *Үшіншіден*, ерекшелік олардың дүниетанымында.

Екіншіден, Платон өзінің объективтік идеясын парсылардың діні зораситризм ықпалымен құрастырған деген болжам бар, ал біз Платонның бұл идеясын сақтар дүниетанымы негізінде қалыптастырған десек, оны кім қалай жоққа шығарады. Себебі, сақтардың ойшылы Анахарсисі Платон өте жақсы білгені анық тарихи дерек. Үшіншіден Анахарсис есімі гректің данышпан философы Платонның (б.э.б. 427-347) еңбектерінде де кездеседі. Ол «Мемлекет» деген еңбегінің оныншы кітабында тарихшы Гомер, философ Фалес және Скиф Анахарсис туралы айтқан (Платон. Шығармалар, 3-том, 1 тарау, М.,1971 427-бет). Осы кітаптың 642-бетінде Анахарсис туралы мынандай түсініктеме берілген: «Анахарсис аты аңызға айналған скиф, Грецияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп, соның ықпалында данышпандылығымен атағы шыққан. Ол туралы Геродот хабарлайды», делінген. Гректер қазіргі біздің территорияны мекендеген халықтарды ортақ атпен скифтер десе, парсылықтар сақтар деген.

Анахарсис есімі Аристотельдің еңбектерінде де кездеседі. «Аналитиканың екінші кітабының үшінші тарауына Аристотель нақтылы заттың барлығын дәлелдеуден осы заттың неге бар болуы туралы дәлелдің айырмашылығы жайлы айта келіп былай дейді: «Анахарсисінің айтуы бойынша, скифтерде флейтаның болмауы оларда жүзімнің жоқтығынан» (Аристотель, Шығармалар, 4-том, 281-бет), -деп мысалға алды. Анахарсис скифтерде флейтаның жоқтығын, скифтердің жүзім өсірмейтіндігіне байланысты екенін айтып отыр. Жүзім жоқ, яғни шарап жоқ. Демек, флейтаның да қажеттігі жоқ. Бар нәрсені білу мен оның неге барлығын білу,

біркелкі түсініктер емес. Аристотель өзінің осындай логикалық топшылауларында Анахарсистің кезінде кең тараған қанатты сөзін дәлел ретінде пайдаланған. Аристотель «Никомахова этикасы» деген еңбегінің оныншы кітабында тағы да Анахарсис айтты деген пікірге сүйенген. «Игі істер атқару мақсатында көңіл көтеру дұрыс, себебі, көңіл көтеру – демалыс, үнемі үздіксіз жұмыс атқаратын адамдарға өте қажет» (Аристотель, Шығармалар, 4-том, 280-бет). Өзінен әдеби мұра қалмағаннан кейін Анахарсистің дүниетанымын анықтау қиын. Ал, Фалесті сөзсіз материалист деп жүрміз. Алайда Анахарсисті скептиктер қатарынан іздеген өте орынды, оған бір дәлел- біздің санауымыздан бұрын III ғасырдың екінші жартысында, II ғасырдың басында өмір сүрген, мамандығы дәрігер, көне грек философы, скептик Секст Эмприктің еңбегі. Секст Эмприк Анахарсистің еңбектерін арнайы сөз еткен, талдаған. Философия тарихында Секст Эмприк скептицизм идеяларын өзіне дейінгі бір жүйеге келтірумен айналысқан ойшыл.

Секст Эмприк Анахарсиске біршама философиялық талдау жасаған. Оның пікірінше, Анахарсис-скептик. Себебі, ол ақиқат өлшемін жоққа шығарады. Бір нәрсе туралы бір саладағы мамандар әңгімелессе де, әр түрлі мамандар пікір таластырса да ортақ бір қорытындыға келе алмайды. Оның себебі, бұларға төреші болатын адам керек. Айтысқа түскен адам бір мезгілде және айыпталушы. Оның әрқайсысының сөзі шындық әрі шындық емес. Демек, ақиқат өлшемі жоқ. Жыл санауымызға дейінгі V-VI ғасырларда осы бағыттағы айтыстардың болуы, әрине, таным талпынысынан туған. Әңгіме сенім туралы болып отыр. Егер Анахарсис ақиқаттың өлшемі жоқ деген ұғымға әбден келген болса, ол мистикалық көзқараста болмағаны. Құбылыстардың себептерін іздеп, оған сенімсіздікпен қарау көне заман үшін алдыңғы қатарлы ой пікірлердің ұшқыны. Анахарсис пен Сократқа дейінгі өзге де грек ойшылдары туралы бірден бір құнды еңбек неміс ғалымы Г.Дильскидікі. Бұл еңбек әлі орыс тіліне аударылмаған. Анахарсис туралы арнайы сөз қозғаған философтың бірі Лукиан. Лукиан Македонияда болғанда Филиппоподе қаласының зиялыларының алдында лекция оқыған. Сондағы сөздері: «Скиф», «Геродот», «Зевксис». Бұл сөздерде (Скифте) көптеген тың дерек бар. Оның айтуынша, Афинаға ең бірінші келген скиф Анахарсис емес, одан бұрын Токсарид деген емші-скиф болған. Ол туралы грек жұртында аңыз бар. Лукианның айтуынша, Анахарсистің Афины қаласына келгендігі тұңғыш кездескен адамы осы Токсарид. Ол жас скифті Солонға жолықтырып жақындыстырады. Бұл кезде Солонның егде тартқан шағы болатын. Солонның қамқорлығының арқасында Анахарсис грек жұртына аты мәшһүр ғұламаға айналды. (Лукиан, Шығармалар жинағы.-М., 1935, 95-101- беттер.)

Анахарсистің көркем бейнесі Плутархтың (б.э.д. 40-жылдары туып, шамамен 120-125 жылдары өлген.) «**Жеті ғұлама сауығы**» деген еңбегінде жасалған.

Плутархтың дәлелдерінде, көне заманның атақты материалісі Фалестің Анахарсис туралы пікірі өте жоғары болған. Анахарсис туралы іздеген адамға тың деректер табылуы әбден мүмкін. Әсіресе орыс тіліне аударылмаған көне грек авторларының еңбектері бұған дәлел. Себебі, «Жеті ғұламаға » қатысты айтылған жайларда Анахарсис есімі қоса жүруі өте орынды.

Анахарсис Скифияға оралып өз еліне Элиндер тұрмысын үйрете бастағанда, оны атып өлтіреді. Геродоттың айтуынша, Анахарсисті грек әдет-дәстүрін сақтағаны үшін өз туысы Савлий патша атып өлтіреді. Анахарсис гректің атақты заң жүйесінің реформаттары. Солонмен дос болған, олай болса, оның идеяларын скифтердің мемлекеттік тұрмысына енгізуге талпыныс жасауы әбден орынды. Сірә, шындығы, Анахарсис өзі көріп, оқып, үйреніп келгенін жүзеге асырғысы келген болуы керек. Ондай өзгерістер скиф мемлекетінің қалыптасқан басқару жүйесін сөзсіз өзгертуге, тіптен бұзуға әкелуі мүмкін. Оған скиф патшасы көне қоя ма?! *Біздің болжауымызша, Анахарсистің қазасының басты себебі, өмір тәжірибесі, оның ақылы, данышпандығы болды.* Оның өлімі Ұлықбектің өліміне ұқсас. Скиф мемлекетінде туған жерінде қаза болуы заңды. Қайта елге оралып, ұзақ жасап, табиғи түрде дүниеден қайтса, таңқалуға болар еді. **Анахарсис Грекиядан алған білімін жүзеге асыруға жалғыз кірісті.** Ол скиф тайпалары ортасында мүмкін емес болатын. Сондықтан да Анахарсистің өлімінің себебі түсінікті. Анахарсистің туыстары (патша әулеттері) оны тек өлтіріп қана қойған жоқ, оның есімін атауға тыйым салған. Оның тарихта аты қалуы Грекидағы пікірлестері арқасында ғана. Геродот «скифтерден Анахарсис туралы сұрасақ, ондай адамды білмейміз», деп жауап қайтарады дейді. Соған қарағанда Анахарсис Скиф патшалығына аз әуре салмағанға ұқсайды. Алдыңғы озық -ойлы адам тарихта үнемі «үстем таптарға» үрей беріп отырғаны мәлім. Сондай адамның бірі философия тарихында, тарих және тәрбие тағылымында оның, оқулықтарында әлі өз орнын алмаған көне заман ғұламасы Анахарсис Скифский.

Сонымен, негізінде Платон, Аристотель сияқты философтар мойындап оның беделіне бас иген Анахарсис Скифскийдің өз бабамыз екендігі анық. Оны Майқы Мән баласы «**Анарыс**» деп атаған. Мүмкін оның есімі Анарыс шығар. Анахарсис деген латынша аталған есімі болуы мүмкін.

Анарыс деген сөз түркі тілінде екі компоненттен құралған. Аң-Арыс Скиф, сақ өнерін зерттеушілерінің қолтума шығармаларында аңдардың бейнесі ерекше орын алған. Сондықтан Анарыс деген сөз құлаққа тосын естілмейді. Әрине, бұл болжам Анахарсистің Майқы би айтқан Анарыс екені рас болса, сөздің түп төркінін (этимологиясының) тілшілер шешуі тиіс.

Біздің айтарымыз, Анахарсис қазақша айтқанда Анарыс болса керек. Майқы бабамыздың айтқанын әзірше жоққа шығаратын дәлел жоқ. Олай болса Анахарсис – Анарыс біздің бабамыз, ол бізге өз ұрпағына екі мың жарым жылдан соң танылып отыр. Оның әруағына бас иіп аты өшпейтін істер атқару керек. Орта ғасырда Еуропаның елінде «**Жас Анахархистің басынан кешкендері**» деген роман жарыққа шықты. Сол шығарманы қазақ тіліне аудару кезек күттірмейтін істердің бірі.

Демек, Анахарсисті тану ілімін жолға қойған жөн.

Әдебиеттер:

1. Р. Жұматаев, тарихшы «Сақ» атауы қайдан шыққан? (қаз.). ukkz.net. «Үш қиян» газеті (23 Ақпан 2012). Тексерілді, 9 наурыз 2012.
2. Тараз энциклопедиясы
3. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.—59

2 дәріс. Көне грек ойшылдарының тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері

Жоспары:

1. Платонның оқу-тәрбие тәлімі
2. Аристотельдің ақиқаттылық тәлімі.
3. Демокрит-дамудағы тәрбиенің рөлі туралы.
4. Сократтың танымдық-сананы көтеру туралы ойлары.

Негізгі ұғымдар: таным теориясы, атомистік теория, тәрбие және оқыту, түйсіктер, адамгершілік, идеялар, қоғамдық тәрбие, жан, жас ерекшеліктер.

Ежелгі Шығыс мәдениеті Ежелгі Греция мен Рим мәдениетіне тікелей әсерін тигізді. Со кезде Шығыс елдерінде арнаулы мектептер ашыла бастады. Мектептерде үстем тап өкілдерінің балалары оқыды.

Ежелгі Индияда мыңдаған жылдар бойы қарайым жер шаруашылығымен айналысатын қауымдардың ұйымдастыруымен қауымдық мектептер өмір сүрді. Сонымен қатар, Кіші Азия мен Египетте мектепте дами бастады. Адамта табиғат құбылыстарын бақылау жүргізіп, су тасқынын алдын алу, астрономия, геометрия, арифметика, медицина сияқты ғылымдардың негізі қалана бастады.

Ежелгі Қытайда төменгі және жоғары мектептер жұмыс істеді. Онда балалар иероглиф жазуға, оқуға үйренді. Философия және мораль туралы ақындар мен жазушылардың шығармалары оқып үйренді.

Ежелгі Шығыстың, Греция мен Римнің құлиеленуші мемлекеттеріне тәрбиенің алғашқы жүйелері қалыптаса бастады.

Греция бірнеше Құл иеленуші ұсақ мемлекеттен құралды. Греция тарихында екі мемлекеттің Афина және Спартаның ерекші мәні, ықпалы зор болды. Ішіндегі ірілері Аттика (астанасы Афина) және Лакония (астанасы Лакония) мемлекеті болды. Тәрбиенің афиналық және спарталық жүйесі қалыптасты. **Афина мектебі балаларды өнерге баулыды.** 7 жасқа дейін ер балалар мен қыздар ананың басшылығымен үйде тәрбиеленді, оларға бекітілген құлдар тәрбие ісіне көмектесті. Ер балалар 7 жастан бастап, мектептер барды. 7-14 жасқа дейін грамматист мектебіне (оқу, жазу, санау) және кифарист мектебіне (саз, ән күй, тақпа айту), 14 жастан полестра (күрес) мектептерінде оқиды.

Спартада құлдарды қатал қанауға негізделген мұнда үстем таптың балаларына әскеи тәрбие берді 7-18 жасқа дейін мемлекеттік мекемелерінде тәрбиеледі. Балалардың денесін шынықтыру, аштыққа, суыққа, шыдамды етіп үйрету, әндер айту, найзаласу, жүгіру, секіру ойындарын жүргізді, әскери әндер айтуға үйретті.

Ежелгі грек ғалымдары мен философтары еңбектеріндет тәрбие мен оқыту мәселелеріне ерекше мән берді.

Грек философы **Платон (б.з.д. 427-347 ж.) белгілі грек философы, идеалисі, Сократтың шәкірті.**

Оның айтуынша, тәрбие мемлекет тарапында ұйымдастырылуы қажет, өзінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі, бойынша үстем таптың мүддесіне толықтай сәйкес келуі керек деді.

Платон философияда идеялар туралы іліммен белгілі. Оның пікірінше, тек идеялар нағын шындық ретінде өмір сүреді. Ол мәңгілік және өзгермейді. Бізді қоршаған заттар тек қана идеялардың әлсіз бейнеленуі, көлеңкесі болып табылады. Соныман қатар, ол өз пікірінде Афина және Спарта тәрбиесінің кейбір белгілерін біріктіру керек деді.

Оның пікірінше, тәрбие дегеніміз үлкендердің балаларға әсері, балаларда адамгершілікті, қайырымдылықты қалыптастыру, ол “оқу” ұғымына ғылымдарды оқып үйрену арқылы білімді меңгертуді жатқазыды, “шындық үшін ойлауды пайдалану да жанды ояту” деп түсінеді. “Кішкентай балалардың ішкі негізі, эмоциялар” болып табылады деді. Ол тәрбие құралы ретінде ойындарға, сонымен қатар әдеби шығармаларды, мифтерді, балаларға оқу және айтып беруге ерекше мән берді. Ол тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оны ұйымдастыруда “**Мемлекет**” және “**Заңдар**” сияқты трактаттарында қарастырды. Мемлекет атты еңбегінде балаларды кішкентай кезінен бастап қоғамдық тәрбие беру идеясын ұсынды. 3 жастан 6 жасқа дейін барлық бала мемлекет тағайындаған, тәрбиелеушілердің басшылығымен алаңдарда ойын ұйымдастыруға ерекше мән берді.

7-12 жасқа дейін балалар мемлекеттік мектепке барады, онда оқуды, жазуды, санауды, сөз өнерін және ән күйді үйренеді. 12-16 жастан дене тәрбиесімен жан жақты айналысқан мектепте –полестраға қатысады. Онда гимнастика жаттығуларымен айналысады.

16 жастан бастап, ғылымның негіздерін, арифметика, астрономия, практикалық мақсатта оқып үйренеді. 20 жастан бастап ақыл ой сабақтарына ешқандай қабілеттілік танытпаған жастар әскери қатарға алынады. Ал жастардың қабілеттері барлар 30 жасқа дейін философияны, арифметиканы, геометрияны, сөз теориясын оқып, үйренеді. Ол мемлекеттік қызметке тағайындалады. Ерекше дарындылары 32-50 жасқа дейін мемлекет басқару ісімен айналысады. Платонның тәрбие жүйесі дене тәрбиесімен шеттетуге негізделеді, құлдардың балаларына білім алуға тиым салынады. Ол мектепке дейінгі тәрбие, тәрбиенің бір ізді мемлекеттік жүйесі, жағымды үлгі өнеге арқылы тәрбиелеу туралы талаптарын ұсынады.

Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) Платонның шәкірті, көрнекті философ-идеалист және ертедегі Грецияның ғұлама ғалымы. Ол Платонның шәкірті бола тұрып, оның көзқарасымен келеспейді. Аристотель Платонның екі түрлі дүние туралы ілімін сынға алды: *идеялар* дүниесі және *құбылыстар* дүниесі. Аристотель дүниенің бірлігін мойындады, заттар идеяларын заттардың өзінен болуға болмайды. Кез келген зат материя мен түрдің бірлігі болып табылады.

Аристотель өзінің даму теориясына сүйене отырып, жанның 3 түрін айтты: тағамда байқалатын өсімдік түрі, түйсіктерде және қажеттіліктерде байқалатын жануарлар түрі, ойлау және танымға тән ақыл ой түрі жатады. Жанның 3 түріне сәйкес олардың әрқайсысы ерекше әсер етуді қажетсінеді. Ол тәрбиенің 3 түрін көрсетті: *дене, адамгершілік және ақыл ой тәрбиесі*. Ол адам тәні мен жаны болады, материя мен түр сияқты бөлінбей өмір сүреді. Тәрбиенің мақсаты- табиғатпен тығыз байланысты жанның барлық жақтарын үйлесімді дамыту. Сонымен қатар баланың табиғатына сәйкес ол жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиелеуді ескеріп отырды.

Аристотель педагогика тарихында алғаш рет балаларды жас кезеңдеріне бөлуді ұсынды:

- 1) туғаннан бастап, 7 жасқа дейін;
- 2) 7 жастан 14 жасқа дейінгі кезең;
- 3) 14- 21 жасқа дейін.

Сонымен ол отбасы тәрбиесіне ерекше мән берді. 7 жасқа дейін балалар үйде тәрбиеленуі керек деді.

7 жастан бастап балалар мемлекеттік мектепте барады. Аристотель мектептер мемлекеттік болуы керек, жекеменшік болуы тиіс емес, себебі бала тәрбиелеу ісі мемлекеттің қамқорлығында екендігін атады. Мектептерде дене тәрбиесінің болуына ерекше мән берді. Сонымен қатар саз өнерін эстетикалық, адамгершілік тәрбиесінің құралы ретінде ерекше бағалады.

Өзінің педагогикалық теориясын дамыта отырып, Аристотель құл иеленуші аристократияның өкілі ретінде ерікті туған азаматтарды тәрбиелеу туралы, құлиеленуші мемлекеттің көркеюі жөнінде қамқорлық жасағаны белгілі. Аристотельдің “Метафизика”, “Риторика”, “Жан туралы” атты құнды еңбектері бар. Аристотельдің көзқарасы антикалық педагогика және педагогика ғылымының кейінгі дамуына ерекше ықпал етті.

Демокрит (б.з.д. 460-370ж) ежелгі грек философиясының шыңы, ғұлама философ- материалист, атомистік теорияның негізін қалаушы. Оның бізге бізге жеткен көптеген шығармалары үзінділерінен Демокриттің ғылымның барлық салаларынан қолтаңбасын қалдырғанын көруге болады: философия, педагогика, психология, медицина, өнер саласында қалдырған ғылыми мұралары белгілі. К. Маркс Демокритке былай баға берген болатын “Тректің арасынан шыққан бірінші әмбебап ой иесі”.

Демокриттің тәрбие туралы ойлары педагогикалық ой- пікірдің тарихында ерекше мәні зор болды. Өзінің атомистік теориясының негізінде Демокрит жеке тұлға дамуының материалистік тұжырымдамасын ұсынды. Ол дүние материалдық, бір бірінен түрі мен жағдайы жағынан ерекшеленетін атомдардан тұрады. Ағзалардың өмірі мен өлімі атомдардың бірігуіне және ыдырауына алып келеді деді.

Демокрит жанның өлмейтінін жоққа шығарды. Ол адамның қалыптасуы оның табиғатына және тәрбиесіне байланысты деп түсіндірді. Мысалы: “Егер адам оқымаса ешкім өнерді де, даналықты да меңгермеген болар еді” деді. “Табиғаттан гөрі жаттығудың арқасында көптеген адам жақсылық қасиеттерді меңгереді”, “Кейде жас адамдарға тән ақылдылық, ал қарттарға ақылсыздық тән болса, ол дұрыс қойылмаған тәрбие және табиғат” дейді.

Демокрит ортаға, үлкендердің үлгі өнегесіне сөздік әсеріне, сендірімен, тәрбиелеуге, еңбекке үйретуге ерекше мән берді. Оның бізге жеткен еңбектерінде балаларға кішкентай кезінен бастап талаптар қою тұрады жан жақты айтты. Демокрит материалистік таным теориясы бойынша білімнің басы түйсіктер екендігін, ал шындық ақыл арқылы іске асатындығын, дәлелдеу, ақыл ой тәрбиесінің мәселелерін шешуде мәні ерекше екенін түсіндік.

Сократ (б.з.д. 469-399 ж) философ –идеалист болды, өзінің демократиялық шығу тегіне қарамастан (кедей қолөнершінің баласы) ол консервативтік жер аристократиясының идеологы болып табылады. Оның түсіндіруінше, дүниенің құрымын, заттардың физикалық табиғатын тануға болмайды, адамдар тек өзін өзі тануы мүмкін, жалпыға бірдей, мәңгілік және өзгермейтін адамгершілік ұғымдар өмір сүреді.

Тәриенің мақсаты заттардың табиғатын зерттеу емес, ол өзін өзі танып білуі, адамгершілікті жетілдіруі болуы керек деді.

Сократ этикада *рахымшылдық, мейірімділік, білімде, даналықты, жақсылықты терең түсінгенде* ғана мейірімді бола алады, ол ақиқат-шындық, таза болмыс адам ақылының алғы шарты деп, өз кезеңі үшін ақылды дамытуды уағыздады. Саясатта Сократ әділетсіздікке негізделген барлық басқару формаларын- *монархияны, тирантияны, аристократияны, плутократияны- түгелдей* сынға алды. Алайда, ол әділеттілікке негізделген мемлекетті қажет деп тапты. Сократ философия тарихында ақиқатты талмай іздеген терең, дара ойшыл ретінде орын алып, сақталады.

Ол философия мен педагогиканың көкейкесті мәселелерін зерттеп, ғылымның кең жолына бет бұрған. Оқытуға ауызша баяндау әдісін енгізген, өзі эксперимент жасаған. Афин көшелеріне, алаңдарға, үй алдына көптеген адамдар жинап, сол кезеңнің ерекшелігі туралы жиі-жиі бас қосу жасап тұрған. Жинаған қауым оны “Сократтың индукциялық-өзіндік үздік ой- пікірлерін қабылдаған. Айнала орта туралы көптеген сұрақтарға жауап берген. Демек, ол осылай ойды философиялық оқу-ағартумен, тәрбиемен ұштастырған. Мұғалімнің танымдық ой-өрісін дамытудың педагогикалық жүйесін жасап ұсынған.

Сократтың педагогикалық ой-пікірлері этика-философиялық негізде жасалды. Ол адам табиғаттың рахымы мен байлығын, оның құдіретті күшін қоғамға, айнала ортаға жеткізуші екенін айта келіп, адамның өзі

табиғаттың туындаушысы деген тұжырымға келді. Адам өзі өскен ортадан ешқандай зақым көрмейтін болсын-деді. Осы негізде ол тәрбиенің демократиялық бағытта дамуын қуаттады. Сондай-ақ ол бала қасиетінің, оның туа біткен кейбір ерекше қасиеттерін сақтап қалуды педагогтар мен ұстаздар еңбегінің жемісі болуы тиіс- деді.

Ұстаз бен шәкірттің арақатынасы туралы нағыз демократиялық бағытты ұстады. Ең біріншіден мұғалім үлкен беделге ие болады, сонда ғана оны оқушы сыйлайды. Бала білгенін ұмытпайтын болсын. Алайда ол мәңгірткікке ұшырайды, ол үшін тәрбие құрғақ жаттауға құрылмайтын болсын, мазмұнының мәні артсын. Ол философиядағы әмбебаптық білім беруді жақтады. Қандайда оқу мен тәрбиенің түрі сатылы-басқыштық деңгейге көшсін, жүйелі білім жүйелі ұғым мен түсінікке баулиды. Одан жоғарылап бүкіл халықтық педагогика мен халықтық тәрбиенің негізі-түпнұсқа жасалады-деп өзі өмір сүрген заман үшін прогрессивтік идеяны қуаттады. Жеке тұлға дамуын жақтай отырып эстетикалық тәрбиені, этикалық парасаттылық, инабаттылық, қайырымдылық, ұждағаттылық, тағылымдық-талғампаздық-адам болмысының жүйелі дамуын көрсетеді.

3 дәріс. Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлері. (2 сағ).

Жоспар:

1. Әл-Фараби еңбек тәрбиесі туралы.
2. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының тәрбиелік маңызы мен мәні.
3. Махмуд Қашқари ілімінің тарихи маңызы.
4. Ибн-Сина ойшыл ғұлама - еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы.
5. Әбу-Райхан әл Бирунидің тарихи-тәлімдік пікірлері

Негізгі ұғымдар: көне түркі жазулары, даналық тұжырымдар, өсиет, тәлімдік ойлар, жырлар, дастандар, қанатты сөздер, адамгершілік құндылықтар, трактаттар, салт дәстүрлер, тәрбие, білім беру, этика, психология, поэзия, фольклор.

Еліміздің сан ғасырлық өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиетті парыздары болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары – **Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иссауи, Ахмет Иүгінеки** қазақ жерін әлемге мәшһүр етті.

Әбу Насыр әл –Фараби (IX ғасыр) ертедегі Қазақстан жерінен шыққан, қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым, Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері – Отырат (Фараб) қаласы. Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», ұлы ғұлама ғалым. Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінде алған. Өмірін араб елдерінде өткізген. Ол Аристотель еңбектерін араб тіліне аударып, оған түсініктеме берген.

Әл-Фараби логика, саз, астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазды. *«Кемеңгерлік меруеті»*, *«Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы»*, *«Бақытқа жету»* сияқты көптеген еңбектер қалдырған. Фараби өзінің **«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы»** трактатында қала адамдарының жеке² топтарына сипаттама берді. Ғұлама қайырымды, қайырымсыз қала тұрғындарына талдау жасап, тұрмыс салтын, өмір сүру ерекшеліктерін, оларға тиісті құндылықтарды көрсетпекші болды. Адамдар² бақытты болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болды; - дейді Фараби ізгілік бақыт туралы надан қала тұрғындарының білетіні байлыққа рахаттану, құмарлыққа ерік беру, мансап, сый-құрметке еліру болып табылады дейді. Ал «Азаматтық саясатта» ұжым туралы қайырымды қаламен қатар бұзылған қайырымсыз қала болатындығын ескертеді. Мұндай болмас үшін бірлесіп әрекет ету қажет дейді. Педагогикалық тұрғыдан адамдар арасындағы достық, қастық туралы ой-пікірлерінің маңызы ерекше:

1. Оның 1-і адал дос
2. айнымалы дос

Қастардың да 2 түрі болады.

1. Өшпендігі мол, жаулығы басынан асқан адамдар;
2. Көре алмаушылықтан жауласқан адамдар.

Бұлардың бірінен сақтану керек екіншісі мен байыпты қарым-қатынас жасалған дұрыс. Ал бейтарап адамдардың адалдығына көз жеткенше оларға дос адамдай беріліп кетуге болмайды. Фараби нағыз ғалым принципшіл, құлық-сұмдықпен, өсек-аянмен ісі жоқ, жұртты алдап-арбуды білмейтін, ілтипатпен қарайтын, білімділігі өнегелі мінез-құлқымен безендеріліп тұрмаса болмайды, - дейді.

Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем немесе тым босаң болмауы керек. Мінезділік бақытты болудың шарты. Сондықтанда жанымен тәнін тәрбиелеуді бесігіннен бастаған абзал, - дейді.

Фарабидің ұғымында шәкірттерді тәрбиелеу үшін жете түсінетін, көреген-естігенін нәрселерін жадында сақтайтын, алғыр, аңғарынпаз, өткір сөз иесі, ойын анық жеткізе алатын, ішімдікке, құмарлыққа қанағатшыл, жаны асқақ ақшаға, жалған дүниеге жаны қас, әділетті жақтайтын болуы шарт –дейді.

Сонымен қатар, тәрбие мен білім беру, педагогика мен психология, этика ғылымдарының салаларына құнды пікірлер мен қағидалар айтқан. Әсіресе, жақсы мінез құлықты қалыптастыру және дағды мен әдетке ерекше мән берген.

Әл-Фараби тәрбиенің әдіс және тәсілдеріне сипаттама береді. Тәрбие әдістері *мадақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру* және т.б. тәлімгерлерден ерекше имандылық пен ізеттілікті талап етеді.

Оқыту – баланың тілін дамыту, білім беру, үйрету арқылы асатын болса, тәрбиелеуге-шәкірттердің бойындағы жағымды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратындығына тоқтала келіп, ғылым мен білімді және тәрбиені меңгерумен қатар, өзін өзі тәрбиелеу, ерік қайратты тәрбиелеуге мән береді.

Әл-Фарабидің психологиялық көзқарастары тураы айтқанда әртүрлі психологиялық тақырыптардағы, мысалы **«Жан туралы», «Ақыл ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы», «Жанның мәні туралы», «Ақыл ой және ұғым»** тағы басқа еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғатқан жоқ.

Әл-Фарабидің тағылымдық –тәлімдік ойларының ішінде ерекше назар аударарлық мәселе – шешендік өнері туралы айтқан қағидалары. Шешендік өнеріне көз жеткізу дегеніміз адамның өзіне айтылғанды көкейіне түю, сондай ақ оған ой жіберу арқылы адамға құлақ қою болып табылады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесі Шығыстағы ілкі ортағасырлық мұсылмандықтың рухани мәдениет тарихында және бүкіл адамзат мәдениетінде ерекше орын алады. Әл-Фараби философиясы дүние тану мәселелерінде жан -жақты.

Жүсіп Баласағұн (IX ғ.) түркі халқының көрнекті өкілдерінің бірі, рухани мәдениет тарихында өзіндік із қалдырған дарынды ақын, ойшыл. Оның өмірбаяны туралы бізге жеткен мағлұматтар жоқтың қасы. Тек Баласағұн (Жетісу) өңірінде туып өскені хақ. Жүсіп Баласағұнның қазіргі ұрпаққа жеткен **«Құтты білік»** атты көркем туындысын атай аламыз. Дастан-саяси және ғибрат, өсиет, ақыл ретінде имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық тағылымдық туынды. Идеясы жағынан дастан имандылық, ізгілік рухында, тәлім – тәрбиелік, ғибраттық, өсиет-өнеге, нақыл сөздер түрінде жазылған педагогикалық және психологиялық, философиялық тұрғыдағы көркем туынды.

«Құтты білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түрік тілдес халықтар тарихындағы елтану, әдебиеттану, тілтану, мәдени – тарихи қатынастар саласындағы алатын орны, маңызы мен мәні ерекше. Бұл тұрғыда, қазақ халқының да рухани көмелеттену жолының күретаымыры Жүсіп Баласағұнның эстетикалық әлемінде жатыр.

Еңбекте *отбасы тәрбиесі, онда ата-ананың алатын ролі туралы, баланың мінез – құлқын, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, отбасында ата – ананың бала тәрбиесіндегі алатын орнына* ерекше мән береді. Бұл орайда көзге көрініп тұрған тағы бір жай – ақынның тәлім – тәрбиелік, ақылдылық, адамшылық пікірлері қазіргі біздің заманымыздың жағдаятына сай келуі, онда «барша адамзат қауымының ұстанатын мұраттардың» болуы.

Қай заманда болмасын адамзат атаулының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – келешек өмірді жалғастыратын салауатты, саналы, өзінің ісін жетік білетін – тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам, халық қамын ойлау екені даусыз. Педагогика ғылымында тәрбие заңдылықтарын тәрбие үрдісінде берік қайталанатын және маңызды байланыстар деп түсінсек, ендеше оларды іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру жеке тұлғаны дамытуда, қалыптастыруда нәтижелі қорытындыларға жетелейді.

Халықтық тәлім – тәрбие дәстүрін он бірінші ғасыр шамасында түркі халықтарының қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне енгізуші, гуманистік, адамгершілік, ағартушылық идеялар мұрасын жалғастырып уағыздаған Жүсіп Баласағұнның еңбектерімен жастарымызды таныстыру, бай мұрасынан нәр алдыру – бүгінгі ұрпақ алдындағы басты міндеттеріміздің бірі.

Ертедегі ойшылдар тәрбие саласында қалыптасқан бай тәжірибелерді ескере отырып, өздерінің теориялық ілімдерін, идеяларын ұсынған. Зерделей келсек, Баласағұн, Қашғари, Яссауи, Әл-Фараби идеялары мен эстетикалық құнарының түп тамырлары ежелгі ойшылдар Сократ, Платон, Аристотель сияқты әлемдік алып тұлғалардың жүрегімен қанаттасып қатар соғатындай. Түркі тілдес ойшылдардың шығармалары мен еңбектеріндегі тәлім – тәрбиелік пікірлер, ұсыныстар мен нақыл сөздер, озықтығы мен жаңашылдығына байланысты оқу-тәрбие саласында нағыз табан тірейтін негіздердің бірі бола алады. Оны ақынның ғаклия сөздерін оқығанда көзіміз жете түседі. Орта ғасыр ойшылы Жүсіп Баласағұн идеяларының сипатын төмендегідей етіп даралап көрсетуге болар еді:

- 1) дүниетаным, эстетикалық көзқарас, адамгершілік мұрат бірлігі;
- 2) қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну, көркемдік танымда реалистік – рационалдық қасиеттерге жүгіну;
- 3) тақырып табырластығы, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;
- 4) поэтикалық табиғаттың үндестігі (ойшылдық, табиғатындағы жақындық).

Бұрынғы өткен түрік қағанатынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдеге жарап келе жатқан рухани мұра – халықтық педагогика. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа білім беру үрдісі заманымыздың талабы мен мүддесіне орай этнопедагогика ғылымының кең қанат жайып келе жатқанына сай тәрбие. Осыған байланысты біз жастарға этнопедагогикалық пікірлерді оқытып, данышпан тұлғалардың бір – бірімен жалғасып жатқан білім, ғылымдарын ұштастырып көрсеткеніміз абзал.

Сонымен қатар, «Құтты білік», ғалым Х.Сүйінішалиев айтқандай: «Орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерді таңқалдырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің және олардың мәдениетінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра».

Дастанда білім, ақылдың қасиеттері жақсылық және жамандық, адамгершілік қасиеттер, адам бойындағы ізгі асыл құндылықтар туралы мәселелер қарастырылады, мәселен, «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде сол білікті болады», «Білімсіздер бар кеселді көреді, емдемесе тектен – текке өледі», «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!»... «Ақылды кісіден кісілік келер, Білікті – кісілер кісісі болар.» (2873)

Жүсіп Баласағұн өз дастанында өнер – білімге қажырлы еңбек пен зор табандылық, талаптылық қана жеткізетінін ескерткен. Ол өзінің ақыл – кеңестерінде Абай Құнанбаевқа ұқсас түйіндер жасап былай деген:

Талапты ер жалықпас,

Талапсыз өмір жарытпас.

.....

Ақылымен ғана адам хайуаннан ажырап,

Ақылымен ғана ер – әділет үшін құрбандыққа шалынар... Осылайша ақынның әлем мәдениетінің алтын қорына қосқан еңбегін оқыған сайын, әрбір сөзі бұрынғыдан да баурай береді.

Бұл аталған тұлғалардың өнегелі туындылары халқымыздың сонау Түрік қағанаттарынан бастау алатын мәдениетімен сусындатып, халық бұқарасына адамдық парасатты таратады. Надандық, зұлымдық, парықсыздыққа жаны күйзелген ойшыл ақын тұйықталған тығырықтан жол іздеп, құтты қоғам, білімді, саналы қауым жолын аңсайды. Қайткенде әділдік, шындық, адалдық жеңбек? Гуманистік адамшылық келбетті қайтіп сақтап қалмақ? Осы жайында ақын былайша үн қатады:

Мен айтайын, жаманатты білгейсің,

Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.

Ақыл керек, білім тандап аларға,

Білім керек, іске жақсы қарарға,

Сонда толық болар ісің, пішінің,

Білімді асты жейді баппен пісіріп... т.б.

«Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, қарақшы, ұрыға да тоналмас!».

Білік-білім туралы Жүсіп Баласағұни өзіне ақыл кеңес береді: «Білік біліп – төрден орын аларсың, Білік білсең, күшті, берік адамсың», «Білік-түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз, қанша сімір, сарқылмайды білсеңіз!». Бұлардың барлығы қарапайым трактат. Әрбір сөзі кез – келген адамның көкейіне қона кететін оңтайлы орамдар.

Жақсылардың көтер, жебеп, еңсесін,

Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

.....

Заңды түзе, сұмдық сонда сасады,

Құтың өсіп, абыройың асады.

Осы жолдардың өзі – ақ ел тірлігін, елдің бір әлеуметтік кезеңдегі суреттерін көз алдымызға елестетеді.

Осындай ойлар ежелгі кезеңдегі әдебиеттің азаматтық, саяси – әлеуметтік мұраттарын айқын танытады.

Ұлық – заң берер, ғалым – білім берер,

Кей ғалым сөзі патшадан да, оның заңынан да болар мықты.

Ғалымды патша, ұлықтан жоғары қою – нағыз озық пікір. Ақылмен іс қылуды аңсаған ақын ұсынар пікірлердің түп төркіні әділетті білікті, бақытты өмірді аңсау: «Өз бақытыңа өзің қарсы шыққың келмесе, ешкімге жалған сөйлем, жамандық қылма!». Осындай әрбір жолға үңілген сайын туған елдің рухани байлығының өшпес қайнар көздерін сезініп, халық атты ұлы атауға ұласқан ұлы қадір қасиеттің тәлім, мектебін ұғына түсесіз.

Адамның мінез – құлық ниетінен бастап, қауымның әл – ауқатына, сұлулық танымы, сезімінен бастап, туған елге деген перзенттік махаббат, парызға дейін бәрі қасиетті. Мұның бәрі ізгілікке, жақсылыққа, елдікке ықпал жасайтын күштер. Күллі жаратылыстың жарасымыдылығы, қастерлі үйлесімі болады. Кісілік те, береке – бірлік те сонда. «Көрсөңірлік, ұятсыздық, ұлығым, Бәрі түгел – жамандардың қылығы! Ессіз бүгін қаниа есірер, құлшынар, Ертең сонша өкінішке тұншығар!» – Дастанның өзекті ойы да осыған саяды.

Жүсіп Баласағұни некелік отбасылық қатынастар ерлі-зайыптылардан жоғары адамгершілікті психологиялық мәдениетті имандылық қасиеттерді талап ететіндігін айта келіп, зинақорлық жасау, бойын нәпсіге жеңдіру, ішкілікке салыну сияқты кесепаттардан ерлі-зайыптыларды сақтандырып, олардың бір-біріне адалдығы мен ұстамдылығы, татулығы мен инабаттылығы өздері өскен отбасы тәрбиесінің жемісі екендігін айтады. Өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленеді. Өке мен шешенің өзара сыйластығын, жолдас-жора мен ағайын-туысқа деген ілтипатын, ұл-қызға бағытталған қамқорлығын көріп өскен ұрпақ қана ержеткенде берік отбасының іргесін қалайтындығының кепілі бола алады.

Адам өміріндегі он екі несібесі: бітім, арқау, су, қимыл, ұштасым, әужал (азық- түлік), тыныс(ауа), ләм(дыбыс), ылпа(киім-кешек), мекен, қару-жарақ, ұрпақтаныс. Бұл он екі несібе адамзаттың тұғыр тұтар, арқа сүйер, өмір арқауы: алты түрлі туылма тұлғалық, жаратылыстың несібесі мен алты түрлі ақыл-парасат несібесіне бөлінеді.

Алты түрлі туылма тұлғалық, жаратылыс несібесі:

1. Бітім-тұқым қуалайтын белгілердің пайда болуы. Атасы немесе әжесі, әкесі немесе шешесі ұқсап туылуы.

2. Арқау-тамақтану, тамақты сіңіру қабілеті, бөлу құбылыстары: зәр шығару, терлеу, дәм алу мен және т.б. бөлу.

3. Су несібесі үш түрге бөлінеді: а) нілді дене бітімінің өсуі, ә) сөлді су- қоршаған ортаның әсері татырымды су-сүт, айран, іркіт, қымыз, ағынды суларды қолдану, барлық үш түрлі сулар бірігіп барып бітістік суын құрайды дейді. Бітістік қатарына: қан, сөл, тер және несеп кіреді.

4. Қимыл-үш түрлі болады: ұлғаймлы, өсу қимылы, мүшелік қарекет қимылы басталады.
5. Ұштамсымдылық- дене мүшелерінің тамақтануы, қимылдануы, қызуы, сууы арқылы бір-бірімен тығыз байланыста болуы.

6. Әжуал құрсақтағы нәрестенің анадан әжуал алуы.Әжуал дегеніміз және қою болып екіге бөлінеді: а) сұйықтықтар: аңынды су, қымыз, айран, сүт, шай, және т.б. ә)қою әжуалға: ет, май, ірімшік, қатық, құрт т.б.

Алты түрлі ақыл-парасат несібесі:

1.Тыныстық-адамның өміріне қажетті тыныс алу мүшелері.

2.Ләм- сөйлеу, есту, сезу, тітіркену мүшелері.

3. Мекен-адамның туған, өскен жері, тұрмысы және отбасы.

4. Ылпа-киім –кешегі және әлеуметтік тұрмысы.

5.Қару-жарақ адамның күші,қуаты, көлегі, қорғаны немесе сақтана білуі.

6.Ұрпаұтаныс- бала, немере, шөбере, және т.б. Ерлі-зайыптылар артвнда ұрпақ ұалдыруға міндетті. Сонымен қатар: а) ер жігіттің-қайын жұрты. Қандас жұрты, нағашы жұрты болуы шарт, ә) әйел адамның төркіні, қандас жұрты және нағашы жұрты болуы шарт. Сондықтан әр әйел адамдардығ және де әр ер адамдардың үш жұрттарының ауыз бірліктері мықты болып бір-бірімен туыстық қарым-қатынасты тікелей бірге ұстаса араларында туылған ұрпақтардың көбейе беруіне ықпал болулары мүмкін деген мағынаны береді.Бұл жерде тек жұрттар ғана тату болуы шарт емес солармен бірге әке-шеше, ел араларының да татулығы үлкен әсер беретіндігін айтады.

Түркі тілдес даналардың гуманистік ағартушылық идеяларының ой қозғап отырған объектілердің ортақтығы, көркемдік – поэтикалық шеберліктері. Осылардың барлығы көркемдік – эстетикалық ойдың даму табиғатының мәуесі деп білеміз. «Құтты білік», бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл – сезімнен ажалға дейінгі жақсылы – жаманды жай – жағдаяттардың сан қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен. Адамды адамға надандық емес, адамдық қана ұқтыра алмақ. Дана халық қашанда надандыққа, тасырлыққа ежелден ақыл, білім, тілді, сезімді қарсы қойған. Ақылды арқа тұтқан. «Құтты біліктің» дәстүрі де осы дәстүр. Бұл өсиет кейін талай – талай ірілі – ұсақты шығармалар да жалғасын тапты.

Дастан бәйіттерінде сараланған әлеуметтік топтардың портреттері, қоғамдық – әлеуметтік құбылыстардың өзекті өрнектері, сан қырлы түрлі психологиялық кескіндер уақыт өтсе де тозбайтын, бояуы солғындамайтын таланттылықпен бедерленген сипаттар екені күмәнсіз.

Қорыта келгенде, түркі тілдес ойшылдар мен данышпандардың шығармалары идеялық жағынан, көркемдік, педагогикалық мазмұнының байлығымен ерекшеленеді. Ол ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы педагогика тарихынан үлкен орын алады.

Махмұт Қашқари (ХІ ғасырда) өмір сүрген түркі халқының аса дарынды перзенттерінің бірі. Негізгі еңбегі «**Диуани лұғат ат-түрік**» (Түркі сөздерінің жинағы) деп аталады. Махмұт Қашқари Талас Шу алқабындағы Барысхан қаласында туған. «**Диуани лұғат ат-түрік**» түркі халқының тамаша ескерткіші болып табылады. Сөздікте адамгершілік, тәлім тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттам берген. Сонымен қатар, жинақта махаббат, эллегия, табиғат секілді тақырыптармен қатар, моральдік, этикалық, тұрмыстық, мифологиялық оқиғаларды да сөз етеді. Оны шығармасында әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын байқалады. Түркі елі әдебиетінің ренессанстық дәуірінің бастапқы кезеңіне жататын осы бір үлкен классикалық шығарма қазіргі қазақ тілінің негізін, әдебиеттік арнасының көзін танытатын мәнді де маңызды, түркі халқының мақтанышы болған құнды мұра, жазба әдебиетіміздің тұлғалы шығармасы.

Жинақта тәлім тәрбие, дидактикаа, өсиет, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой піріклер айтады. Мәселен «Атасынан ақылы алса, тентек ұлда жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс шаққан от шала», «Ұлым, ақыл таңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар».

Сөздікте ерекше тәлімдік –тәрбиелік, ғибраттық мәні бар мақал мәтелдер, қанатты сөздер, жиі кездеседі. «Ақылымды ал, ұлым менің рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылышы данасы бол, білгеніңді ортақтас...», «Ұлым менің ақыл сенің серігің», «Ашу ыза ақылыңды алады, мыжыма мылжың дүниеңді тарылтады». «Даналардың сөзі- ақыл, зер салсаң зердеңе қонарсың» «рақымшыл болсаң, менмен болса», «Рақымның болмай мақтансаң, қыын қыстауда қиналарсың», «Тұғаныңның мәртебесін өсіргің келсе, сыйсияпат көрсет.

Бүгінде халықтың құнды қазынасына айналып отырған бұл мұра қоғамымызды рухани байытуға, оның гуманистік және адамгершілік идеяларына, мақсат – мұраттарына қызмет ететіні айдан анық.

Ибн Сина мемлекетке жалпы адамзатқа арналған жеке адамдар санасын., білімін оқып үйрену, тәрбие алу үшін арнаулы қаржы бөлуге тиіс деген тұжырым жасаған. Мемлекеттегі алым-салықтар тәрбиелеуші ұстаздарға, үйретуші адамдарға жалақы ретінде төлену тиіс дейді.

Әбу-Райхан әл Бируни астраном, математик, этнограф, дәрігер. Бирунидің еңбектері әлі де зерттелу үстінде. Тәрбие туралы, оқыту туралы көптеген алғы сөздер айтып кетті. Үндістан ежелгі мәдениетті ел Ариабхатта, Варахамихира, Павлис және басқа да ғалымдары математика және астраномия ғылымдарында өшпес із қалдырған.

4 дәріс. Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлері мен Өтебойдақ Тілеуқабылұлының ағартушылық туралы ой-пікірі. (2 сағ).

Жоспар:

1. Қожа Ахмет Иассауидің педагогикалық ой-пікірлері
2. Ахмет Жүгінекидің тәлім- тәрбиелік қағидалары.
1. Өтебойдақ Тілеуқабылұлының отбасы және еңбек тәрбиесі туралы ой-пікірлері.

Негізгі ұғымдар: отбасы, еңбек тәрбиесі, оқу, білім, діни-сопылық қағидалар, имандылық, достық, ислам, жақсылық, жамандық, медициналық ілім.

Еліміздің сан ғасырлық өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиеті парыздарының қатарына жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары – Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Жүгінеки қазақ жерін әлемге мәшһүр етті.

Қожа Ахмет Яссауи (1094-1167 ж.ж) өмір сүрген Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзиясының көрнекті өкілі, дуалы ауыз данышпан, кемеңгер ақын ағартушы.

Ахмет Яссауи 1093 жылы немесе 1094 жылы көне Исфиджап (Сайрам) қаласында дүниеге келген. Оның ата-анасы Ибраһим Ата мен Қарашаш Ана осында тұрып, осы жерде қайтыс болған.

Араб, парсы авторларының жазбаларына қарағанда Ахметтің әкесі өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Тіптен балауса, бүлдіршін Ахметке араб, парсы тілдерін Таяу Шығыстағы Исфахан, Бағдат қалаларынан ұстаздар жалдап үйретеді. Он алты жасында-ақ болашақ ақын, шығыс поэзиясын, әдебиетін, философиясын жетік меңгереді. Он жеті жасынан бастап, өзі де өлең жаза бастайды. Өз жырларын шығыс авторларынан бірінші болып, сол кездегі шойырлар секілді араб, парсы тілдерінде емес, өзінің ана тілі – түркі тілінде жазған. Яссауи шығармаларының құндылығы осында.

Алғаш рет білімді жергілікті ғұлама Арыстанбап бабадан алады, кейін Бұхара қаласында дәріс алуға барып, парсының белгілі ғалымы Жүсіп Хамаданиден білімін тереңдетеді. Соңынан туған жеріне қайта оралып, сопылық білімін жалғастырады. Сопы ретінде Яссауи (қазіргі Түркістан) қаласына келіп, «Яссауишілік» атты діни ағымның негізін салады.

Ахмет – ел ішінде әділдігімен аты шыққан адам. Шешендігі мен ақылгөй даналығы оны жерлестері арасында сый-құрметке бөлейді. Ахмет айтып еді деген қанатты, ғибратты, діни өсиет-насихатқа толы сөздер елден-елге тарайды.

Қазақ жерінің ортағасырлық мәдениетінің дамуында Яссауи жазған «**Диуани Хикмет**» (**Даналық кітабы**). Қожа Ахмет Яссауи ислам дінінің қазақ арасында кең тарауына үлкен үлес қосқан, шығармасын елге түсінікті етіп, түркі тілінде жазған. Ол жергілікті халықтардың ескі дінін жоққа шығармаған, қайта оны ислам дінімен ұштастырған.

Яссауидің «**Даналық кітабы**» кезінде Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі көшпенді түркі тайпаларының арасында кеңірек тараған.

Қожа Ахмет өзінің атақты «Даналық кітабы» аталатын циклді өлеңдерін жазған. Ақын өз өлеңдерінде:

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,

Тәліптерге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман.

Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен,

Пәрмен болса, өлгенше жырласам мен , - деп даналық сөздердің 4 мың 400 жол екендігін ескерткен.

Қожа Ахмет жырлары әділдік, шапағаттық, мейірімділік, тақуалық, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істерге арналады:

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,

Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.

Демеу болсын ғарып, пақыр, шаршағанға,

Кекірейген кердендерден қаштым міне.

«Диуани Хикмет» атты діни-сопылық қағидалармен қатар оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махабатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттады.

Қожа Ахметтің даналық сөздерінің көбі ұстазы Арыстанбаб жиі еске алынады, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менменділік, көрсе қызар кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді-мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

Қожа Ахмет базбір хикметтерінде надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ деген адамгершілік құндылықтарды жоғары ұстай отырып, жағымсыз қасиеттерден адамдарды сақтандырады.

Шам айналып көбелектей түстім күйге,

Жалын атып, от боп жанып күйдім мен де.

Бұрынғыдан күрт өзгеріп бөгде болдым,

Алла түспес ауызымнан, пенде болдым.

Міне, осылай Аллаға деген сүйіспеншілігі арқылы адалдық пен ақиқат жолын таңдаған ақын ақыры сопылық жолға түсіп, өзі айтқандай «әділ сөйлеп, адал жүрер жолда болып, тазалық тұрағына енген. Ақын баба өз хикметтерінде, өзінен бұрын өткен даналар сөзіне зейін қойып, олардан үйренгендігін жасырмағ ан».

Ол дүние жинамаған. «Құдайдың құлымын. Мұхамедтің үмбетімін» деп санаған, басқаларды соған шақырған. 1993 жыл ЮНЕСКО шешімімен Қожа Ахмет жылы болып жарияланды. Ержиес университетінде (Түркия) Қожа Ахметке арналған халықаралық симпозиум өткізілді. Меккеге бара алмаған адамдар Түркістандағы кессінесіне келіп, дұға оқытса да, жеткілікті деген сөз де бар. Қазір Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті жұмыс істейді.

Ахмет Жүгінеки (XII ғ.)

Еліміздің сан ғасырлық тарихында өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының орта ғасырлық тарихында өзіндік орны бар ірі тарихи тұлғалардың бірі, XII ғасырда өмір сүрген қазақ топырағында қазіргі Түркістан қаласы маңындағы Жүгінек елді мекенінде дүниеге келген. Орта ғасырлық түркілік мәдениеттің ірі тұлғасы. Тоталитарлық жүйенің кезінде атеистік бағыттағы дүниетаным басымдылық еткені белгілі. Соңғы кезде елімізде демократиялық үрдістерге бетбұрыс негізінде Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Жүгінеки сияқты діни философияның өкілдеріне деген көзқарасты өзгертіп, олардың іліміндегі адамгершілік құндылықтарды, тәлімдік-тәрбиелік қағидаларды, даналықтың үлгілері бар екендігін мойындатты.

Кеңестік дәуірде Ахмет Жүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты тарихи еңбегі 1985 жылы белгілі филолог ғалымдардың Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықовтардың дайындауларымен қазақ тілінде жарық көрді.

Ахмет Жүгінекидің «Ақиқат сыйы» - діни – философиялық рухани мұра, дидактикалық сипаттағы дастан. Бұл дастанның түркі тілдеріндегі бұдан бұрынғы ғақлия дастандарымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бар. Ақын шығармаларда өсиет, дидактикалық ой, ғибратнамалық нақыл сөздер басым. Ол тіршілік өмірдегі әсемдікті, адамгершілікті, имандылықты, ізгілікті, адамдардың ұнамды іс-әрекеті мен жарасымды мінез-құлқын дәріптейді. Дастан дидактикалық сипаттағы 504 өлең жолынан тұрады. Бұл шығарма нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден тұрады. Дастан білім алу жалпы адамзат үшін, әсіресе кедей-кепшіктер үшін пайдалы екендігін баса айтады.

Шығарма тілдің маңызын, сөйлеу мәдениетін, қарапайымдылық, жомарттық, сыпайылық, өршілдік қасиеттерді қастерлеп, менмендік, надандық, сарандық және дөрекілік сияқты жағымсыз сияқты мінез-құлықты сынға алады. Дастанда Ахмет Жүгінеки адамның бойында кездесетін жағымды, адами сапаларды тәрбиелеу жөнінде құнды дидактикалық кеңестер береді.

Оның бүгінгі таңда да өзіндік мәнін жоймаған ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдануға болатын өсиеттік, ғибраттық, тәлім-тәрбиелік нақыл сөздерінің мәні ерекше. Мәселен, «Бастық болсаң, жайсаң бол, кәріге де, жасқа да құрмет көрсет».

Ахмет Жүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанында өнер-білімнің пайдасы, адамгершілік, жағымды мінез-құлық қасиеттер туралы нақыл сөздерге ерекше орын берілген. Мәселен, «Білімсіз надан – құны жоқ бакыр», «Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді», «Білімді әйел – ер, надан ерекек - әйел», «Сүйекке – май, адамға – білім керек», «Білімді адамның өзі өлгенмен, аты өлмейді», «Надан – тірі дегені болмаса, аты өлік», «Дәрежең үлкейген сайын ұстамырақ бол».

Мәселен, Ахмет Жүгінекидің еңбектерінде өз замандастарына және кейінгі ұрпаққа арналған төмендегідей өлең жолдары кездеседі:

Ей досым, жаздым кітап түркішілеп,

Мейлің сөк, мейліңқала ерекше елеп.

Артымда ат қалсын деп жаздым мұны

Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп.

Өнерлеп жаздым кітап сөз түйерлік,

Сан толғап, бірін алдым ел сүйерлік,

Асыл сөз аз болады, қалжың көп қой.

Бөз арзан шәйі қымбат бір киерлік.

Жас ұрпақ тыңда мені, ұғасың көп:

Атымды дұғаңда айтып шығарсың деп,

Өзіңе сирек сөзді сыйлық еттім,

Маған да тарту етсін дұғасын, 1- деп дұғаны тарту ету арқылы өткен дүниемен рухани сабақтастықтың және байланыстың сақталатындығын Жүгінеки өз шығармасында дәлелдеп отыр.

Түркі тілдес халықтар ортақ тарихына ортақ тұлға болып Ахмет Жүгінекидің ғұлама ойшыл, ағартушы ретіндегі жан-жақты ғылыми мұрасының бүгін де жастарды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде және рухани құндылықтарымызды насихаттауға мәні ерекше.

Өтебойдақ Тілеуқабылұлы 1397 – 1492 жылдар аралығында өмір сүрген **«Шипагерлік баян»** - деген медициналық еңбек жазған бұл ғылыми еңбек жеті кітап жинағынан құралған бірнеше мыңдаған қол жазбалардан тұрады.

«Шипагерлік баян» - кітабы қазақ елінің медициналық тарихи даму ерекшеліктерін баяндайды. Бұл тарихи байлық философиялық және тәжірибелік медицинаның жиынтығы екен. Онда адамзаттың өмір сүргендегі барлық алдына қойған мақсаты мен армандарын орындауы үшін жеті жұттан құтылуы керек немесе одан сақ болуы керек, одан кейін адамзаттың он екі несібесінен өтуі керек, содан соң әр адамның әртүрлі он екі мінез - құлықтары болады, солардың ауыз бірліктері қажет болады. Адам өмірінде кездесетін жеті жұт: суық жұт, жер сілкінулік жұт, қуандық жұт, өрттік жұт, боран – шашындық жұт, құлқындық жұт және сырқаттық жұт. Тауқымет адам тежеміне ырық бермей, адамзатқа және оның несібесіне, несіптік ризығына тілді, тілсіз жау болып, тұтқиыл тиісіп мөлшерлеусіз алапаттар әкелмегі сөйлемелік өзектің түбір құндыздың (түп тиянағы, шымырлығы) шарты болмағы. Адам өмірінде кездесіп қалатын жеті жұттан сақтана білсе адамның өсіп өніп, денсаулықтарының жақсаруына себеп болатындығын айтқан.

Ө.Тілеуқабылұлы қазақ даласын жан-тәнімен сүйген, жауға тіпті сөл жердің бір тал түгін де жұлдырмай, ел жұртын қорғамаққа шарт»- деген.

Осыдан көп жыл бұрын жаугершілік боп, жау шолғаншы- шолғанышыларын жіберіп, әр ауылдың жерін бөгенайлап алып, әр ауылды бөліп – бөліп, жеке – жеке тіл айкастырмай шауып тоқтатпағандықтан, Майқы би:

«- Еркек кіндігі атқа қонсын! Жау шалғыншысын торуылдап жоймаға шарт. Жасауыл, жасантар жасақтанып, қарсыласуға түземделіп сақа - сай тұрсын! Нәрілер ауылға, мол бас – көз болсын! Ұрғашылар қарттардың тілін бұрмасын! Ауыл жесірлері ел атын, ру атын, отағасы атын, ауыл атын, жер атын, тіпті жұбайының атын да атамасын! Артынша ұқсас мәнмен ұғындыратын аталым мен атасын ! Әр ауыл, әр үй бейсауат кісі келсе, бір – біріне хабарлассын! Жау жалғынылысы екендігінен күдік туыла салысымен жартуылдағыларға жеткізсін Жағаласпай жан қалмақ қайда бар?! Әгәрәкім ұрғашылар алты аталымды тергемделесе, қара манғазға артынша мінгізіп ел аралататын жоқпақал жағып масқараланбағы шарт болсын! Осы жарлыққа қарсы шыққандардың табанда басы алынсын! Алынбаса жаугершілік аяқталғанша байламдаулы болмақтансын! – деп жарлық түсіргі болған.

Осы жарлықты атқармағандардың, қаумед болғандардың бәрі шабындыға ұшырап, қырғынға тап болмақ шарты толымдалған. Сол жарлық бойынша іс жақты болғандар шабындыдан, қырғыннан аман қалған.

«Шипагерлік баян» әр отбасының үлкен медициналық энциклопедиясы десек, артық айтқандық емес. Ұлы ғалым, қарауызген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы өте қауіпті, оба, сүзек, қызылша, көкжөтел, күл, құлғана, терінің сыртқы жұқпалы ауруы, қылтамақ т.б. ауруларға қарсы өсімдіктер мен металл – металлойдтар қоспасынан дәрі жасай білді әрі ілімін дамытты және жай ғана қалықтың сырқатқа қарсы, емдік әдіс тәсілдерді де ұсынады. Ө. Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» «Жалын» 1996 ж. Ғұлама дене еңбегі туралы жалпы түсінік бере келіп, баланы еңбекке баулуды отбасынан бастау қажет дейді. Өзінің шипагерлік өнерді әкесінен үйренгені жайлы айта келіп, «Әке көрген оқ жанар, кеше көрген тон пішер».

Халқымыз ерте заманнан бастап ер бала мен қыз баланың өзіндік тәрбиесіне көңіл бөлген. Баланы бөтен жерге бермеі отбасында тәрбиелеу керек. Ақ маңдайлы ұл – қыз туса алдында, үйінде өсірі, бөтен жерде қалдырма. Қолдан ерте шығарсаңыз Сіз егер, Ұлдан қайыр жоқ, үмітті үзе бер.

5 дәріс. Батыс Еуропадағы педагогикалық ойлардың дамуы.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. революциялар кезеңіндегі буржуазиялық-демократиялық педагогиканың дамуы. (2 сағ).

Жоспар:

1. Ян Амос Коменскийдің педагогикалық көзқарасы
2. Ж.Ж. Руссоның педагогикалық көзқарасы
3. Дж.Локктың педагогикалық көзқарасы
4. Дистервергтің педагогикалық көзқарасы
5. Пестолоцийдің педагогикалық көзқарасы

Негізгі ұғымдар: даму тенденциялары, тарихи кезең, тарихи дәуір, оқыту, тәрбиелеу, жас кезеңдері, дидактика, оқыту мазмұны, оқыту формалары.

Құлдық қоғамның ыдырауы феодалдық құлырыспен алмасты. Алдындағы құлдық қоғаммен салыстырғанда прогрессивті сипатта болды. Феодалдық құрылыстың идеологиялық тірегі және ірі саяси күші католиктік шіркеу болды. Ол Орта ғасырлық батыс еуропалық қоғам өмірінде ерекше рөл атқарды. Католиктік дін иелері ертедегі мәдениетке қарсы болды, ғылымға, өнерге, мектепке. Монастырлардың жанына монастырлық мектептер, шіркеулерде – приходтық мектептер ашылды. Ең алдымен діни адамдарды даярлады. Бұл мектептің мұғалімдері - монахтар және дін иелері ер балаларды христиан дінінің және адамгершіліктің рухында тәрбиеледі, оларды оқуға, жазуға үйретті. Олар үшін жат латын тілінде оқытты, құдайға құлшылық ету латын тілінде жүргізілді. Мұнда оқыту өте қиын, әрі ұзақ болды. Балаларға үлгермегені үшін ауыр дене жазасын беріп отырды. Епископ соборы мен кафедрасының жанынан кафедралық мектептері жұмыс істеді. Бұл мектепте «жеті еркін өнер» деп алатын пәндер жүргізілді. Грамматика, риторика, (шешендік өнер), диалектика (дәне философия), арифметика, геометрия, астрономия, саз өнері. Бұл мектептерде жоғары лауазымды дін иелері даярланды.

Феодалдар ерекше тәрбие мен білім алды: олар «рыцарлық қасиеттерді» меңгерді. Атқа міну, суға жүзу, найзаласу, садақ ату, аңшылық, шахмат ойнау, өлең шығару, және орындай білу. Ал қыздар білімді үйде және әйелдер монастырларында алды. Олар дәни рухта тәрбиеледі, оқуға, жазуға, сызуға үйретті. **12-13 ғасырларда** Батыс Еуропада қолөнер, сауда дамыды. Ол қаланың өсуіне және мәдениеттің дамуына үлес қосты. Қалалықтар феодалдық езгіге және католикиік шіркеуге қарсы болды. Қолөнершілер – цехтық мектептер, ал купецтер-гильдейлік мектептер ашты.

14-16 ғасыр тарихқа Қайта өрлеу дәуірі деген атпен белгілі болды. Прогрессивті таптық-буржуазияның аренаға шығуымен сипатталады. Бұл кезең ғылым мен өнердің тез қарқынды дамуына мүмкіншілік жасады, діни түсініктерге қарсы боды, және жер бетінде көңілді өмірге адам құқығын жариялады. Сол кезде адамға көңіл бөлінгендіктен **ол гуманистік** деп аталды. Педагог гуманистер дені сау, әртүрлі қызығулары меңгерген, өмірге белсенді адамдарды тәрбиелеу мақсатын қойды. Олар балаларға дене және ақыл ой тәрбие беруге көңіл бөлді.

Қайта өрлеу дәуірінде педагогикалық ой пікірлер әр түрлі дамыды. Мысалы Италияда антикалық философияның белгілі білгірі, гуманист Витторина да Фельтере (1378-1446) «Қуаныш үйі» деп аталатын мектеп ұйымдастырды. Бұл мектепте әдебиет, математика, табиғатқа саяхатпен айналысты. Француз жазушысы Франуа Рабле «Гаргантюа және Пантаргюль» атты романында схоластикалық мектептерді сынға алды. Сонымен қатар ана тілі, ғылыми жаратылыстану мазмұны, дене тәрбиесі, жас ерекшелік, еңбек, өнер мәселелеріне көңіл бөлді, көрнекілікті кеңінен қолдануды ұсынды. Алғашқы социалист – утопистердің педагогикалық идеялары прогрессивті педагогикалық теориялардың адан әрі қалыптасуына елеулі әсер етті.

Соның бірі Я.А.Коменский ХҮІ ғ мен ХҮІІ-дың аралығында педагогиканың негізгін қалаушы, ұлы славян педагогы. (1592-1670) Еңбектері 1631ж. «Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі», Ұлы дидактика 1632, «Әлемді суреттеп бейнелеу», «Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары», «Жастарға арналған мінез-құлық ережелері». Өз еңбектерімен танымал болған Коменский 1641-1654 жылдардың аралығында әдейі шақырумен Англияда, Швецияда және Венгрияда мектеп реформаларын әзірледі, оқулықтар мен оқу методикасын жасаумен айналысты. «Әлемді суреттеп бейнелеу» өмірдің әр саласынан мәлімет беретін энциклопедиялық кітап ХІХ ғасырға дейін балаларға арналған негізгі оқулық болды. Ұлы дидактикасы 1657 жылы Амстердамда бастырылды.

Ұлы дидактиканың 24 тарауында мектеп тәртібі және тәрбие мәселелері қаралды. Адамгершілік тәрбиесіне көзқарасында Коменскийдің діни бағыты айқын байқалады, бірақ өзінің бұл туралыда құнды пікірлерін қарастырды.

Адамзаттың тамаша ерекшеліктерінің бір-эгоизмнен арылу, көпшіліктің ісінің сәттілігі және әдептілік үшін әрекет-ету деп есептеді. Коменский жастар мінезінде ерлік, өзін-өзі билеу, сыпайылық, еңбек сүйгіштік сапаларды тәрбиелеу керек деді. Ол мектеп тәртібі жөнінен жазалау тәртібіне қарсы болды, бірақ мұғалім оқушыларынан мектеп тәртібін талап етуі тиіс екенін ескертеді. Коменскийдің көзқарасының екі жақтылығы ұрып-соғуды дінге байланысты жағдайларда қолдануды жақтады. Мұғалімді «Мәңгі нұрдың қызметшісі»- деді.

Я.А.Коменскийдің негізгі дидактикалық идеялары сенсуалистік сипатта болды; дүниені қабылдау, реализм, көрнекілік қағидасы негізінде түсіну.

Табиғатқа сәйкес тәрбиелеу қағидасында адамды табиғаттың бөлшегі деп есептеп, табиғаттың барлық әмбебап заңдылықтарыны бағындырған. Я.А.Коменский балаларды жас ерекшелікке ескере отырып, оқыту мен тәрбиелуді ұсынады. Ол адам табиғатын ескере отырып, жас кезеңдерін былай бөледі:

Балалық шақ – туғаннан басып 6 жасқа дейін;

Жеткіншек шақ- 6 жастан-12 жасқа дейін;

Жастық шақ-12-18 жасқа дейін;

Ересектік шақ- 18-24 жасқа дейін.

Туғаннан 6 жасқа дейін аналық мектепті ұсынады. Жеткіншектер үшін әрбір қауымда, жеркілікті жерлерде алтыжылдық ана тілі мектебін ұсынады; жастық шақ әрбір қалада латын мектебі немесе гимназия болуын ұсынады, есептер үшін әрбір мемлекетте академия болғаны жөн дейді.

Я.А.Коменскийдің «Алтын дидактика» ережесі бойынша бәрі де сезім органдары арқылы жүзеге асады, атап айтсақ. Көретін нәрсе –қабылдау үшін көру, еститін нәрсе – есту үшін сезіммен, иіс- иіс сезу сезімімен, дәмін тату- дәм сезу, сипай сезу арқылы іске асады. Сондықтан да заттар мен құбылыстарды сезім арқылы қабылдауға болады дейді. Сонымен қатар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көрнекілік қағидасын ұсынады. Я.А.Коменский алғаш рет сынып сабақтық жүйені ұсынған. Мынандай мәселелерге назар аударды:

1) оқу жылы бір мезгілде бір күні басталуы тиіс;

2)ғылыми білімнің барлық жиынтығы сыныптарға дәл бөлінуі;

3) уақыт сондай дәл бөлінуі, әр жыл, ай, күн ерекші міндеттері болуы, оқу тоқсандарға бөлу, оқу демалыстарын (каникулдарды) енгізді.

Я.А.Коменский мұғалімдерге ерекше көңіл бөлді. «Олар күн астындағы ең абыройлы, мамандық иесі деп жоғары бағалады».

Я.А.Коменский балаларды тәрбиелейде адамгершілік тәрбиесіне мынандай талаптар қойды:

Адамгершілік кішкентайдан басталуы керек;

Адамгершілік қасиеттерді сөзбен емес, іспен тәрбиелеу;

Балаларды тәрбиелеуде өмірден және тарихтан алынған мысалдарды кеңінен пайдалану;

Жат қылықтардан сақтандыру.

Ұлы педагогтың оқулықтары мен дидактика мәселелері, мектепті демократияландыру, жалпыға міндетті білім беру, білім беру жүйесін жетілдіру бүгінгі күнге дейін өзінің мәнін жоғалтқан жоқ.

Жан Жак Руссо 1712-1778 француз еңбектері 1749 ғылым мен өнер прогресі мінездің жөнделуіне немесе әлсіреуіне ықпал етті ме?, 1754ж «Адамдар арасындағы теңсіздік», 1761ж «Жаңа Элоиза», 1762ж «Эмиль немесе тәрбие туралы».

Ж.Ж.Руссо баланың қызығушылығы ең алдымен өзінің айналасын қоршаған дүниеге, байқағанына бағытталады. Сондықтанда ең алғашқы пәндер география, астраномия, табиғаттану болу керек деген пікірін айтты. Оның оқу методикасындағы негізгі өсиеттер бала ұғынбайынша жаттатпау, білімді баланың өз бетінше бақылап, ой таразысына салдуы арқылы болуын қалады.

Барлық пәндер мейлінше көрнекілікпен қабылдануына, зеректігін, баланың өзінің әрекетін, зейінділігін, байқампаздығын дамытуы тиіс деді. Сабақтар табиғат аясында өтуін білім өмірмен, практикамен байланысты болуын қолдады. Дене еңбегін жоғары бағалады. Бұл еңбек адамын силауға, өздігінше тұрмыс құруға дағдыланады деген тұжырымдады. Руссо адамгершілік тәрбиесінің 3 міндетін дұрыс мінезге, дұрыс ұғымға, дұрыс еңбекке тәрбиелеуді ұсынды.

Ж.Ж.Руссо баланың жас ерекшелігін 4-ке бөлді.

1. туылғаннан 2 жасқа дейін дене тәрбиесі

2. 2-12 ж сезім мүшелерінің дамуы

3. 12-15 ж ақыл еңбек тәрбиесі

4. 15 – ержеткенге дейін адамгершілік тәрбиесі

Джон Локк 1632-1704 ағылшын. Еңбектері «Адам 170 ақылы жөніндегі тәжірибе», «Тәрбие жөніндегі ойлар»-1693, Ақылды тәрбиелеу туралы. Бұл гувернанттық оқытуды пайдалану қажет деді. Бала таза тақта сияқты, не жазылса сол қалады деді. Дене тәрбиесін жақтады. Мықты, денеде мықты рух деді. Ол ерлікке табандылыққа әсер етеді деді. Адамгершілік тәрбиеде ұстамдылыққа, сақтыққа, әдептілікте ерекше мән берді. Мінез-құлықтағы мәдениетті жақтады. Адамгершілік тәрбиенің принциптерін 1. табиғатқа сәйкестілігі; 2. бала табиғатын жете зерттеу; 3. тәрбиедегі қаталдықты балаға сүйіспеншілікпен ұштастыру деп берді.

Ата-анамен баланың арасында шынайы туыстық болуын қалады. Ол үшін оның жолдары берілді.

1. үлгі-өнеге көрсету

2. әдеттену

3. балалармен пікір алысу

4. намыс, теріс ұғымдарға назар аудару.

Иоганн Генрих Песталоцци (1746-1827) Швейцария. Еңбектері «Рертруда балаларын қалай оқытады», «Аналар кітабы», «Бақылау азбукасы, сан жөнінде көрнекі ілім», «Лигард және Гертруда».

Халықтың кедейлігін экономикалық жағдайдан емес, білімсіздігінен деп түсінер. Адамды дамытатын тәрбиелейтін еңбек деді. Дінге оның қызметкерлеріне Пестолоцци қарсы болды.

Тәрбиенің міндеті-адамның барлық табиғи күштерін, қабілетін дамыту және ол даму жан-жақты болу керек деді. Тәрбиешінің дұрыс бағыт беруін қолдады. Баланың тәрбиесіне отбасының, әсіресе ананың ролі өте зор бағалады.

Балаға **элементарлық білім беру теориясын** ұсынды. Бұл тәрбиеленудің жәй басталып күрделене беруі керек деді. Әлем білім беру теориясына Пестолоцци дене тәрбиесін, еңбекке тәрбиелеуді моральдық, эстетикалық, ақыл-ой тәрбиесін беруді жатқызды.

Оқытуда көрнектілік, жүйелілік принцип қарастырды, элементтері білім деп беру өлшеу санау сөзді меңгеруден тұрды. Элементтерге заттың санын, формасын атын жатқызады.

Адольф Дистерверг неміс 1790-1866. Еңбектері «Неміс мұғалімдерінің білімін жетілдіруге басшылық», «Педагогикалық жылдық», «Тәрбие және оқыту жөнінде Реин беттері». Дистервергтің жалпы халықтық тәрбие беру идеясын жақтады. Мектептің мақсаты азаматтарды саналы адамгершілік рухта тәрбиелеу деп белгіледі. Балалардың жас ерекшелігімен қатар дара ерекшеліктерде ес, зейін, ойлау процестерін білудің қажеттілігін атап көрсетті.

Дистервергтің оқытудың негізгі міндеті балалардың ақыл-ойын, қабілетін дамыту деп көрсетті. Әрбір пән білім берумен қатар тәрбиелеу керек деді. Білім беруде тарих, география, ана тілі мен әдебиеттің зор мәні бар деп білді. Оқыту дидактикасы жөнінде 33 заңмен жинақталған ережелерден тұрды. Көрнекі оқуды құптады. Баланы уақытынан бұрын еш нәрсе оқытпа деді. Оқытуда мұғалімнің еркінің күшті болуының, жақсы мінезінің және табанды болуының тәрбиелік мәні зор екенін атап көрсетті.

6 дәріс. Ұлы орыс педагогтарының педагогикалық теориясы. (2 сағ.)

Жоспар:

1. Н.К.Крупскаяның педагогикалық теориясы.
2. А.С.Макаренко педагогикалық ойлары мен тәлімі.
3. К.Д.Ушинский педагогикалық теориясы мен тәрбиенің халықтық идеясы

Негізгі ұғымдар: білім беру, оқыту, отбасы, ұжым, оқыту әдістері, тәрбиелеу, дидактика, политехникалық білім беру, бастауыш білім беру, қаулылар, жалпыға міндетті білім беру, еңбек, эстетикалық тәрбие, ойын.

Кеңес үкіметі құрлысымен Оқу-ағарту саласы бойынша мемлекеттік комиссия (1917) ұйымдастырылып, бұрын қалыптасқан мектеп жүйесін таратып, Кеңес үкіметінің мүддесіне қызмет ететін жаңа мектеп жүйесін құруды көздеді.

1917-1918 жылдары Кеңес үкіметі қабылдаған *30-ға тарта мемлекеттік декреттер негізінде кеңес мектебін құру принциптері қайта қаралды*: Қазан төңкерісіне дейінгі барлық оқу-тәрбие мекемелерінің типтері таратылып, мектеп жүйесі өзгертілді; мектеп шіркеуден бөлініп, діни мектептер таратылып, мектепте дінді оқытуға тыйым салынды; барлық азаматтардың шыққан әлеуметтік ортасына, дініне, ұлтына және т.б. қарамастан, білім алу құқы жарияланды; Ресей құрамындағы барлық халықтарға өз ана тілінде оқуға мүмкіндік берілді; ұл балалар мен қыздарды бірге оқыту қолға алынды; тұңғыш рет мектепке дейінгі балалар мекемесі ашылатын болды; мектеп ісін басқару мемлекет қарамағына алынды.

Мектеп ісін басқаруды Кеңес үкіметі большевиктік партияның көрнекті қайраткерлері **А.В.Луначарский мен Н.К.Крупскаяға** жүктеді.

1918 жылы оқу-ағарту жөніндегі мемлекеттік комиссияда А.В.Луначарскийдің және Н.К.Крупскаяның басқаруымен **“Бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже” және “Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері”** атты құжатты даярлау жұмысы жүргізіліп, 16 қазанда аталған құжаттар жарияланды. Осы құжаттың екіншісі **“Бірыңғай еңбек мектебі туралы декларация”** деген атпен халыққа тарады. **“Декларация”** мектептің саясатпен байланысты болуын кеңес педагогикасының ең негізгі принципі ретінде атап өтті.

Жаңа мектептің негізгі идеясы - жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру болды.

1918 жылы I Жалпыресейлік халық оқу-ағарту съезінде жаңа мектептің бағытын айқындайтын құжаттардың **“Бірыңғай еңбек мектебінің ережесі”** және **“Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері”** деп аталған құжаттардың жобалары қабылданды. Осы құжаттардың негізінде мектепті қайта құру принциптері мен оқудың жаңа мазмұны қарастырылды, оларда: жергілікті басқару органдарының мектеп ісін тікелей қолға алу талап етілді; мектепте өзін-өзі басқаратын орган (мектеп кеңестерін) құру, оның құрамына педагогтар, оқушылар, ата-аналардың өкілдерін қамту көзделді; жергілікті жердің жағдайын ескеретін, үлгі ретінде (міндетті емес) оқу бағдарламалары енгізілді; ғылым негіздерінен оқулықтар дайындалды, қолданыста бар оқулықтарды пайдалануды ұсынды. Алайда бұл құжаттарда балалардың білімін күнделікті тексеріп отыру, үйде орындауға тапсырма беру, емтихан тапсыру міндеттелмеді.

Жаңа мектепті құрудың алғашқы жылдары мұғалімдер мен оқушылардың тәжірибелік ізденістеріне шектеу қойылған жоқ. Оқу ісін ұйымдастыруға мұғалім мен оқушылар тең құқықпен белсенді түрде өздері қатысуы тиіс болды. Мектептегі оқытудың негізіне еңбек тәрбиесі алынды.

Мектептегі еңбек тәрбиесі ең бірінші маңызы зор мәселе ретінде қаралумен бірге, оқушылардың дене және эстетикалық тәрбиесіне де ерекше назар аударылды, политехникалық білім беруді қолға алу керектігі

атап көрсетілді. Балалармен гуманистік, яғни ізгілік қатынас құру мақсатында мұғалім мен оқушы арасындағы сыйластық қарым-қатынас үлгісін орнатуға көңіл бөлінді.

Бірыңғай еңбек мектебін бір нұсқадағы ғана мектеп деп түсінбей, онан ұстанатын жалпы идеялар бірлігін талап етумен бірге, жергілікті аймақтың жалпы және айырықша ерекшеліктерін ескеру қажеттігі айтылды.

Орыстан өзге халықтардың балалары үшін ұлттық мектептер құрыла бастады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында оқыту мен тәрбие беру мекемелерінің төмендегідей жаңа типтері ұйымдастырылды:

1919 жылы 26 желтоқсанда сауатсыздықты жою туралы декрет жарияланды. Онда 50 жасқа дейінгі азаматтар орыс және ана тілінде сауатын ашуға міндетті болды. 1920 жылы Н.К.Крупскаяның басшылығымен сауатсыздықты жою мақсатында Жалпыресейлік төтенше комиссия құрылды. Одактас республикаларда да сауатсыздықты жою пункттері мен шала сауаттыларға арналған мектептер ашылды.

20-шы жылдары мектепті қайта құруға байланысты теоретик - педагогтар арасында өткір пікірталас жүрді. Ол үкімет пен мектеп арақатынасы қандай болуы керек деген мәселелер төңірегінде өрбіді. Марксист-педагогтар *Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, М.Н.Покровский, А.П.Пинкеевич, В.М.Познер* және т.б. мектепті халықтарды рухани тұрғыдан азат ету құралы деп қараруды ұсынды, мемлекеттің партия саясатымен тығыз байланыста болуын насихаттады.

П.Ф.Каптерев, В.И.Чернолуцкий, П.П.Блонский бастаған педагогтар мектептің үкіметтен бөлінуін, «партиядан және саясаттан тысқары» мектеп болуын талап етті. Осы талапқа байланысты оқытуды өмірмен байланыстыру керек деген мәселе туындады. Оқу-ағарту халық комиссаритатының өкілдері де мектепті өмірмен ұштастыру керектігін қолдады.

Білім беру мекемелерін ұйымдастыру мәселесі де кеңінен пікірталасқа түсті. Мысалы, Украина мен Ресейде педагогтардың бірқатары - балалар үйі дәстүрлі мектептердің орнына «мектеп-коммуна» ашып, онда «балалардың шынайы патшалығын орнату» идеясын ұсынды.

20-шы жылдары *политехникалық мектепті ұйымдастыруға* байланысты мәселелер де пікірталасқа түсті. Оқу-ағарту Халық комиссариатының кәсіби білім беру бөлімінің жетекшілері кәсіби мектеп құруды ұсынды. Оларға мектепте оқушыларға политехникалық білім беру идеясын ұстанған педагогтар қарсы болды.

Сонымен, 20-шы жылдары жаңа мектепті құру ізденістері - жан-жақты дамыған, әлеуметтік тұрғыдан белсенді тұлға тәрбиелеу мәселесіне бағытталды. Мектептің басты ұстанған бағыты оқу-тәрбие ісін өмірмен тығыз байланыстыру, мұғалімдер мен оқушылардың белсенділігін және шығармашылығын арттыру болды. Жіберілген олқылықтардың бірі - бұрыннан ғасырлар бойы қалыптасқан білім беру жүйесіндегі тәжірибе ескінің сарқыншағы делініп түгелдей жоққа шығарылды, ал оның орнына шетел педагогикасындағы ой-пікірлерге көбірек көңіл бөлінді. Жаңа мектепті қалыптастыру мәселесі өте күрделі болды, кереғар пікірталастар, біріне-бірі қайшы нұсқаулар, теориялық ізденістердің дамуына кедергі жасады.

Бұл кезеңдегі жаңа мектептің бұрынғы мектептерде орын алмаған жетістіктері де болды. Олар - оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, белсенділігі мен шығармашылық қабілетін дамыту жағынан көрініс тапты.

Жаңа кеңестік педагогиканың негізін қалаушылар, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту тұжырымдамасы тұрғысынан, кеңес мектебінің оқыту мақсатын анықтап, оның мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыруын қарастырды.

Кеңес педагогтары мақсат пен дидактикалық принциптерді тығыз байланыста зерттеді. Дидактикалық принциптер жалпы түрде **«Бірыңғай еңбек мектебі туралы декларацияда»** анықталған болатын (оқу үдерісінің шығармашылығы, оқушылардың белсенділігі мен өзбетінше жұмысын дамыту, оқытуды дараландыру), 20-шы жылдары бұл принциптерді А.Ф.Евстигнеев-Беляков, Ш.И.Ганелин, А.П.Пикеевич және т.б. анықтап, нақтылады. А.П.Пинкеевич кеңес дидактикасының принциптерін өзара байланыста анықтады: оқу міндеттерін социалистік құрылыс міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбекпен байланысы; оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру; оқытудың оқушының дамуымен байланысы; жұмыс түрлерін кезекпен қолдану және т.б.

Отызыншы жылдардың басында **“Жалпыға бірдей бастауыш білім беру” туралы Заң (1930, тамыз) қабылданып, “Бастауыш және орта мектеп” (1931, қыркүйек), “Бастауыш және орта мектептегі оқу бағдарламалары мен режимі” (1932, тамыз)** тарихи қаулылардың қабылдануы ағарту жүйесінің дамуына тікелей әсер етті.

Надежда Константиновна Крупская (1869-1939). Н.К.Крупская ВКП (б) Орталық Комитетінің мүшесі, коммунистік партияның ірі қайраткері, көрнекті совет педагогы, КСРО Жоғары Советінің депутаты және Президиум мүшесі, алғашқы педагогика ғылымының докторы, КСРО Ғылым академиясының құрметті академигі болып сайланған. Оның барлық өмірі партия ісі мен коммунизм үшін күреске арналды.

Н.К.Крупская 1869 жылы Петербор қаласында туды. Гимназияны бітірген соң Петербордағы әйелдер жоғары курсының математика бөлімінде оқыды. Осы кезден бастап студенттердің революциялық үйірмелеріне қатысады. 1891 жылы жексенбілік мектепке мұғалім болып орналасады. Өзінің мұғалімдік жұмысын жұмысшылар арасында революциялық идеяларды насихаттаумен ұштастырады. 1895 жылы В.И.Ленин құрған «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кіреді. 1896 жылы Н.К.Крупская тұтқынға алынып, Енисей губерниясындағы Шушенское селосында В.И.Ленинмен бірге айдауда болады.

Кейінгі жылдары шетелдерде болып, жауапты партиялық қызметтерді атқарады. Большевиктік газеттер редакциясының хатшысы, Россиядағы партия ұйымдарымен жасырын хат жазу ісі, революциялық әдебиетті жасырын тарату және т.б. жұмыстармен шұғылданады.

Н.К.Крупская шетелде жүрген жылдарында Батыс Еуропа елдеріндегі оқу-ағарту ісімен танысты. Осы жұмыстардың нәтижесінде кеңес үкіметі орнағаннан кейін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарастырды. Ол 1917 жылы жарық көрген «Халық ағарту ісі және демократия» деген еңбегінде оқу-ағарту мәселесін қолға алу керек деп жазды. Ол өз еңбектерінде бұрынғы педагогикалық идеяларды сынап, марксистік педагогикалық идеяны насихаттады.

Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін Надежда Константиновна Оқу-ағарту халық комиссариатының коллегия мүшесі, ал 1929 жылдан бастап Оқу-ағарту халық комиссарының орынбасары болды. Мемлекеттік ғылыми советтің ғылыми-педагогикалық секциясын басқарып, оқу жоспары, бағдарламалар және басқа да педагогикалық құжаттарды жасауға белсене қатысты. Бірнеше педагогикалық журналдарды басқарды коммунистік тәрбие академиясында дәріс оқыды, педагогикалық мәселелер жөнінде мақалалар мен кітаптар жазды. Оқу-ағарту қызметкерлерімен, пионерлермен тығыз байланыс жасап, хат алысып тұрды. Өзінің еңбектерінде коммунистік тәрбие, мектепке дейінгі тәрбие, пионер ұйымының жұмысы, политехникалық оқыту, дидактика, жеке пәндер методикасы және т.б. мәселелер жөнінде жазды. **Негізгі еңбектері: *Балалар мен жасөспірімдерге коммунистік тәрбие беру, «Политехникалық білім беру», Мектепке дейінгі тәрбие, Эстетикалық тәрбие беру міндеттері туралы.***

Мектепке дейінгі тәрбие мақаласынан да мынандай мәселелерді қарастырды.

Біздің бірыңғай еңбек мектебі балалардың қабілетін дамыту үшін, не істеуі керек?– деген сұрақ туады. Балаладың қабілетін дамытусыз, олардан іскер жұмысшы шығуы мүмкін емес. Мұндай сұрақ бұрын қойылмаған еді. Көбінесе мектепте оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударылып, олардың қабілеттерін дамыту туралы ештеңе айтылмай келді.

Біз осы сұраққа тоқталсақ, баланың қабілеті мектептен бұрын, мектепке дейінгі кезеңде дамитынын байқаймыз. Бұл кіші жастағы баланың сезімінің дамуына байланысты.

Мынадай жәйтті бақылауға болады: кішкентай балаға түрлі формадағы кубиктер сыйға тартылса, ол кубиктерді көлеміне қарай тізіп орналастырып салыстырады, одан өзінше бір нәрселер тұрғызады, ойын барысында оның кубик формаларына ынта – ықыласы ауады. Енді ол айналасынан түрлі формаларды іздестіре бастайды. Бір қарағанда бала сырт көзге өздігінен дамығандай болып көрінеді. Жеті жасар бала ойыншық сарбаздармен ойнап, оларды түрлі қарсы топтарға бөліп, орнындарынан жылжытып атыс ұйымдастырады. Сөйтіп ұзақ уақыт ойнайды. Ата-аналар балаларының соғысқа құштарлықтары артып кете ме?– деген ой мазасыздандырады. Сондықтан баладан ойыншықтарды алып қойғысы келсе де, қызу ойын үстіндегі баласын жабырқатқысы келмейді. Осыдан баланың математикалық қабілеті артқанын байқауға болады.

Бұл қалай болғаны? - деп ата-аналары таңырқаса, бала қола сарбаздармен ойнау барысында сандардың ара қатынасын меңгереді. Балалардың ойынға қолданған ойыншықтарын дидактикалық материалдар деп атауға болады. Біздің бала бақшаларымызда дидактикалық материалдарды пайдалануымыз нашар, ал ол болашақ ұрпақтың еңбекке қабілеттілігін арттыратын маңызды мәселе.

Тағы бір нәрсеге тоқталсақ. Жас баланың сезімталдығы өте күрделі екені белгілі. Оны өзінің ерте жастағы кезін есіне түсірген адам біледі. Мен 6 жаста едім. Жазда мен анаммен бірге ірі иеліктері бар таныстарымыздың үйіне қонаққа бардық, менің анам оларда гувернантка болып қызмет атқарған болатын. Мен жан-тәніммен иелік анасын жеккөріп, қарапайым шарауа балаларымен достастым, ал ол болса үнемі балаларды ұрсып, бақтан қуатын еді. Ол кездерде темір жол өте аз еді, сондықтан қыстығүні әкем келіп, бізді үйге шанамен алып қайтты. Біз үсті жабулы шанаға отырдық. Алдағы жеке орындықта сол иеліктің ат айдаушысы отырды, оның үстінде кафтаны, қызыл бас киімі бар еді. Ол деревня ішімен қатты сырғып келе жатып, жинаулы тұрған шарауа отынына тиіп кеткендіктен, соның жанында тұрған адам жерлейтін бос ағаш жәшікке тиіп, бәрі шашылып қалды. Сол сәтте шарауалар шананы тоқтатып, ат айдаушыны орнынан жұлып алып, қанды сокқыға жықты, барлық деревня тұрғындары бірігіп, оны суық суға батырмақшы болды. Осы оқиға менің жадымда қатты сақталды. Өмірімде бірнеше рет осы оқиға көз алдыма келді, мен таптық жеккөрушіліктің не екенін осыдан түсіндім.

Мектепке дейінгі баланың осындай сезімнен сақтау үшін, оны шыны тостаған астына төңкеріп қоюымыз керек пе? Әриен, олай етпеу қажет.

Біз не істеуіміз керек? Баланың ерте жас кезіндегі қабылдау сезімін бала бақшасында қалай жұмсартып қабылдатуға болады? Оны қалай іске асыруға болады?

Ең алдымен бала бақшасы балаларға қуаныш сыйлай білуі тиіс, бала бақшасын еске алғанда жадыларында жарқын шаттық сәттер сақталуы тиіс. Мұндай жағдайды жасау үшін балаларды дамытып, қабілеттерін жетілдіру қажет.

Бала бақшасында баланың өз қатарындағы балалармен қарым-қатынас орнатуы, достасуы маңызды. Бірігіп атқаратын ойын-еңбек, бірігіп қуанышқа бөлену, баланың ішкі дүниесіне тәртіп орнатады, онсыз ұжымда өмір сүру мүмкін емес.

Бала бақшасы белгілі бір қоғамдық жаттығуды да жүргізеді. Шеруге қатысу, жұмысшылар клубына бару, жұмысшы-шаруалар, пионерлермен қарым-қатынас орнату - осының бәрі бала сезімінде белгілі бір із қалдырады. Балаға белгілі бір ықпал ететін нәрсені ойластырып, оны қызықтыру керек, ал тәжірибесі шындалмаған тәрбиешілер... балаларға саяси сауаттылық жүргізбек болады.

Эстетикалық тәрбие беру міндеттері туралы

Қазіргі тәрбие міндеттерінің бірі - балаларды еңбек етуге және ұжымшылыққа тәрбиелеу. Капитализмнен социализмге өту кезеңінде бұл мәселе маңызды рөл атқарады.

Соңғы сегіз жылда біз біраз нәрсе үйрендік. Капитализмнен социализмге өтуді, өндіріс құралдарын қоғамдық иелікке айландыру деп түсінумен шектелмей, сонымен қатар, адамдар психикасының өзгерісіне, капитализм тәрбиелеген жеке индивидуалистерден, ұжымшылдарды тәрбиелеп, өзінің «Мен»-ін ұжыммен біріктіріп, мүлдем өзгеше жаңа қуанышқа және осындай бірігуден бақытқа бөленіп, кез келген мәселеге біртұтас қарайтын өзгерістерге ұшырадық.

Өзімізге есеп беретін болсақ, ұжымшылықты жүзеге асыру мүмкіндіктерінің алғы шарты, адамдармен тығыз қатынас орнату, өзара жақын болу, бірі-бірімен түсінісу...

Адамдар қатынас жасайтын құрал - сөз. Біз жасаған төңкеріс адамдардың сөйлеу шеберлігін арттырды. Бұрын көпшілік өз ойларын сөзбен жеткізуге әлсіз, яғни сөйлей алмаушы еді, қазір тегіс жақсы сөйлейтін халге жетті. ...Адамдар сөйлеуді үйреніп, бірін-бірі түсінетін болды. Сөз бір ғана қатынас құралы емес, - «біздің тіліміз суық және жетімсіз».

Адамның тілі жетілмей тұрғанда көп нәрсені түсіндіре алмаған (алғашқы адамдар), олар ойларын ыммен, қимылмен және дыбыспен жеткізе білген; екпінге келтірілген дыбысты, ырғақты әуенге ұштастырған, ал ым мен қимыл - екпінді биге айналған. Мен өнерден алшақ болсам да, дамуы артта қалған халықтардың музыкасын, биін зерттесек, көп нәрсені түсінген болар едік деп ойлаймын. Мүмкін өнер тарихында осы туралы айтылған да болар.

Балалардың эстетикалық тәрбиесін жүргізу үшін біз өнер тарихымен таныссақ, онда көркемдік тәрбиесіне мүлде жаңаша қараған болар едік.

Баланың тілі біртіндеп дамиды, оның сөздік қоры аз, сөйлемдері де қарапайым болғанымен, сезімі мен ойы күшті. Бала тілі шыққанша не нәрсені дыбыстап, ымдап, қимылымен көрсетеді. Ересектерге қарағанда балаларда осы қасиеттер өте жақсы дамыған.

Баланың қарым-қатынасқа түсуі өзін көрсете білуіне байланысты. 7-12 жас аралығында баланың қоғамдық инстинктері дамиды. Өз ойы мен сезімін жеткізу оларды жақындастырады.

Көбінесе отбасы мен мектеп баланың өзін көрсетуіне кедергі жасайды. Сондықтан бала өсе келе, өзін көрсетуге бейімділігі мейілінше төмен болады. Оны әуенге, биге, тапқақты оқуға үйреткенмен де, ол өзінің ойы мен сезімін бейнелемейді, ол өзін біреуге ұқсатпақ болады, шын мәніне келсек, үлкендер оны біреуге ұқсатуға тырысады.

Тілдің дамуына байланысты ымдау, қимылдау, дыбыстауды басып тастағанымыз дұрыс па? Дұрыс емес. Ересек адамдардың да осындай формаларды қарым-қатынаста қолдануы, бірін-бірі жақсы түсінуге себепші болады. Аудиторияны қандай адам меңгере алады? Дауысы қатты шығатын, сөзінде ешбір екпін, бет-әлпетінде жылуы жоқ, бір орында тұрып сөйлейтін адам ба, әлде сөздік қоры мол, екпінмен сөйлеп, өзінің көңіл-күйін білдіретін адам ба?.. Мәселе дауысты жасанды көтеру, театрланған қимыл жасау, ары-бері қозғалуда емес; жұмысшылар мен шаруалар аудиториясында сөзді де, басқа формаларды - ым, екпін, сезімді көрсете білу, айтылатын мазмұнға сай болуы тиіс. Осы тұрғыдан қарасақ, екінші адамның сөзі ойға қонымды болмақ.

Музыка, театр біздің жан дүниемізге неғұрлым жақын болса, бізді мейілінше баурап алады...

...Жас ұрпақтың өз ойы мен сезімін көрсетуіне ерекше мән беру керек пе? Иә, әрине керек. Сөйлеу ойды тиянақтап, сезімді жеткізеді. Ауызша және жазбаша сөз тәрізді, адам өзінің тебіренісін әнмен, бимен көрсете білсе, өзін саналы түсінетін болады. Өзін түрлі бейнеде көрсете білсе, адам жетіледі. Бұрынғы «өзіңді өзің таны» деген нақыл сөз, өзін-өзі қазбалауды емес, өзіңді өзің жан-жақты көрсете білу арқылы таны дегенді білдіретін тәрізді.

Көркемдік тәрбиесінде өзін табиғи көрсетуге, ән айып, би билеп, музыка шығаруға мейілінше назар аударған абзал, балаларға үлкендерге тән формаларды таңудың ешбір қажеті жоқ.

Ересектер көбіне баланың қабылдауын және өзін бейнелеп, көрсетуін түсінбейді... Мысалы, баланың форма мен мазмұнды тұтас қабылдайтынын ересектер біле ме? Баланың ертегі тыңдағанын байқаңызшы: ертегіні қайталағанда бала бірде-бір сөзді өзгертпекпейді: қыз бала қызғылт көйлекті болған болса, ол дәл солай айтылуы тиіс... Бала мазмұн мен форманы біртұтас қабылдайды... Мәдениеті төмен адам да, дәл солай қабылдайды. Мен жексенбілік мектептерде сауаты төмен адамдарды бақылаған едім. Олар үшін оқығанын әңгімелеп айту, өте қиынға соғады. Ересек адам, оқығанын түсінбейтін ақымақ емес, дегенменде ол қайталап айтқан кезде мазмұнды сөзбе-сөз жеткізуге ұмтылады: ол үшін форма мазмұннан ажыратылмайды. Егерде мысал немесе тапқақ айту керек болса, бұл жағы тіпті нашар: сауаты төмен адам тапқақтағы сөздерді нақты айтуменен қатар, тапқақ оқу екпінін де бұлжытпай қайталайды. Оқығандарын қайталап тексеру кезінде оқушылар мазмұнды тапқақтап айтуға ұмытылыс жасайды...

Балалардың өзін көркемөнерде қалай көрсететінін бақылау қажет. Баланың суретінде бейнелердің біртұтастығы мен жеке бөліктерге бөлінбейтіні байқалады. Бала дене мүшелерін, яғни бас, аяқ, қол, т.б. бөлек ешқашан салмайды, ол айналаны тұтас қабылдайды, ән салып би билегендерді, сахнаны тұтастай өз сезімі бойынша толық бейнелейді.

Баланы өзгенің тәжірибесін қабылдауға үйрету керек. Бұл жағдайда өнердің берері мол. Біреудің сөзін тыңдай білумен бірге, оның сөйлеу мәнерін, екпінін, әуенін, бет-әлпетінен көңіл-күйін, қимыл-қозғалысын, суретін түсіне білуге үйрету қажет...

Балаларға біреудің ішкі тебіренісін қалай сезіндіруге болады? Менің ойымша, оның негізі күшті ұжымдық тебіреніс тудыру – бәріне ортақ таныс ән айту, ұжымдық қимыл-ойындар жүргізу, ұжымдық тапқақтар айту және т.б. Тек бұл ғана емес, ұжымдық еңбек ету барысында ән айтқызу, ұжымдық қуанышқа бөлендіру үшін барлық балалар сезінетін күшті эмоция керек.

I басқыштағы мектеп базалық әлеуметтік инстинкті бекітіп, жасөспірімдік кезеңге сәйкес өзіне-өзі үңілу негізінде бекіген ұжымдық дағдыларды онан ары жетілдіріп, бір қалыпта дамытуы қажет.

Эстетикалық тәрбиеге байланысты бір қатар мәселелер туындайды. Ол үшін жаңа жол іздеу керек.

Балаға өнер арқылы өзінің ойы мен сезімін саналы түсінуге, нақты ойлауға және терең сезінуге, баланың өзін-өзі тануын өзгелерді тану құралына айналдыруына

Антон Семенович Макаренко (1888-1939). Аса көрнекті кеңес педагогы Антон Семенович Макаренко 1888 жылы 1 наурызда Харьков губерниясындағы Белополье қаласында темір жол жұмысшысының отбасында туған.

Қалалық училищені, онан кейін мұғалімдер даярлайтын курсты бітіргеннен кейін, А.С.Макаренко Крюководағы екі сыныптық темір жол училищесіне оқытушы болып тағайындалған.

Оның педагогикалық қызметі 1905 жылы, Ресейде бірінші орыс төңкерісінің толқыны кеңінен жайылған кезде басталды, сондықтан оның көзқарасы революцияшыл жұмысшының күшті күрес идеялары негізінде қалыптасқан. Бұл кезде жас оқытушы 17 жаста ғана болатын, темір жол училищесінде оқытушылық қызметі кезінде өзінің білім дәрежесін көтеру жолында көп ізденіп оқыды.

1914-1917 жылдар аралығында Полтаваның оқытушылар институтында оқып, оны алтын медальмен бітіріп шығады.

1917 жылдың қыркүйек айынан бастап Крюководағы жоғары бастауыш училищеде инспектор қызметін атқарады.

Қазан төңкерісінен кейін А.С.Макаренко біраз уақыт темір жол училищесінде оқытушы болады. 1920 жылдан бастап ол Полтава губерниялық халық ағарту бөлімінің тапсыруымен, Полтавадан 6 шақырым жердегі заң бұзушы жас балалар колониясын ұйымдастырады. Осы колонияны Макаренко 8 жыл басқарды. Міне, осыдан бастап Макаренконың педагогикалық қызметінің шарықтау кезеңі басталады. Ол тек тәжірибеде ғана емес, педагогикалық теорияда да тамаша табысқа ие болып, іс жүзінде кеңес педагогикасының бірнеше маңызды мәселелерін шешті. Кейіннен А.М.Горький атымен аталған сол колонияның өмірін «Ұстаздық дастан» көркем шығармасында баяндады.

1928-1935 жылдарда Макаренко Харьковтағы Ф.Э.Дзержинский атындағы еңбек коммунасын басқарды. Осы коммунаның өмірін «Мұнара үстіндегі тулар» деген повесінде баяндаған.

Макаренконың тікелей өзі құрып, өзі басқарған бұл екі оқу орнынан 3 000-ға жуық бұрынғы панасыздар мен заң бұзушылар кеңес азаматы болып қайта тәрбиеленген еді. Олар өздерінің көзқарасы мен қоғамға сіңірген еңбектеріне қарағанда, Отанына шын берілген, жігерлі, табанды тәртіпті, әр түрлі мамандықтарға ие болған еңбек сүйгіш адамдар болып қалыптасты.

А.С. Макаренко «Ата-аналар үшін кітап», «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар» деген шығармаларында баланы отбасында тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге көңіл бөлген.

1939 жылы 1 ақпанда кеңес үкіметі Антон Семеновичтің балаларға коммунистік тәрбие беру саласындағы сіңірген еңбектері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттаған.

А.С.Макаренко өзінің артынан мол педагогикалық мұра қалдырды, оны 100-ге жуық жазылған педагогикалық шығармалары бар. *Негізгі еңбектері: «Ата-аналарға арналған кітап» туралы, «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар», «Ұжымдық тәрбие», «Отбасы тәрбиесі» туралы еңбектерінің құндылығы жоғары.*

Ата-аналарға арналған кітап» былай дейді: Тәрбие туралы жазудың қиындығы жоқ, тәрбиелеудің жолын көрсетіп, кеңес берсем болар еді. Ондай кітапшада көп нәрселердің бетін ашуға болады. Ал көркем шығарма жазуға оның иллюстрациясына, жазуына, балалардың ойын суреттеуге, түрлі әңгімелерге көп уақыт кетеді және т.б. Мен неге көркем шығарма жазуды қаладым? Бала тәрбиесі - өнер, ол сыбызғы немесе күйсандықты меңгерумен, сурет салумен, жақсы токарь болумен бара-бар. Жақсы суретші, музыкант, токарь болу үшін баланың қолына қажетті бояу, құрал беріп, станоктың жанына тұрғызу керек. Тәрбие өнерінің кемшілігіне келсек, оған үнемі тәжірибе мен мысалдарды қолдану қажет.

Отбасында ұлдар мен қыздар ата-аналарынан болашақ тәрбие жұмысын байқаусыз меңгере бастайды, олар педагогикалық өнерді үлгі, мысал, көрсету арқылы игереді. Сондықтанда мен «Ата-аналарға арналған кітапты» түрлі мысалдарды қолданып, көркем шығарма түрінде жазуым керек деген шешімге тоқталдым.

Мен неліктен осы тақырыптан қорықтым? Өйткені мұндай тәжірибе орыс немесе басқа әлемдік тілдерде болмағандықтан, мен жүрексіндім. Осындай кітапты жазып шығуға менің батылым жете ме?- деген ойда болдым. Сөйтсем де, мен осындай кітапті басқаларға пайдалы болмақ деген оймен жазып шықтым. Мен үнемі ата-аналармен кездесіп, олардан мың жарымдай хат алыстым, онда олар менің кітабымды не мақтап, не сынамады, бәрі өз балаларының жақсы немесе жаман іс-қылықтарын жазады. Неге олай болды? Олар түрлі сұрақтар берді, бұл жазушы мен оқырмандардың хат алысуы емес, бұл ата-аналар мен педагогтың хат алысулары еді.

Міне, осы хаттар мен кездесулерден соң, бұл мәселенің терең және маңыздылығын байқап, өзімнің міндетті екенімді сезіндім. Оқырмандар менің жазуымның қандай екенін келешекте айтып, жаза жатар және менің қолымнан келмесе, басқалар орнын толтырар деп ойлаймын.

Отбасы туралы мен не айтпақ болдым? Ең бірінші айтпақ болғаным, отбасы, ол ұжым, яғни ортақ мақсатқа, ортақ өмір, ортақ еңбек, кейде тіпті ортақ қайғыны бірге кешу үшін біріккен адамдар тобы. Менің айтқым келгені, кеңестік отбасы еңбек ұжымы болуы тиіс.

Екіншіден, менің көрсеткім келгені, осы ұжымның құрамына қатысты мәселе.

Бұл құрылымда мені қызықтырған не? Ең маңыздысы отбасының көлемі. Мен өзім көп балалы отбасыны қолдаймын. Мен кітапта Веткиндердің отбасын сипаттаймын, ол өте күрделі отбасы, - мен ештеңені ойдан шығарған емеспін, айтқанымның бәрі өзім бақылаған көптеген мысалдардан алынды. Веткиндер отбасы, менің досымның отбасылық өмірінің суреттелуі, әрине мен олардың аты-жөндерін өзгертіп алдым, ол маған өз отбасы туралы жазуға рұқсат берді.

Үлкен отбасылар өмірлік күресті, жоғалтуды, келеңсіздіктерді бастарынан өткізсе де жақсы отбасы болып қалыптасады. Ондай отбасылардың ерекшелігі әкесі мен анасының дендері сау, еңбек адамдары болуынан, маскүнем емес, бірінің көзіне бірі шөп салмайды, бәрі бірқалыпты тату-тәтті өмір сүріп жатқан үлкен отбасылар болуынан, бұл өте тамаша құбылыс, осындай отбасылар көптеп кездеседі, ол отбасыларында жақсы адамдар тәрбиеленіп шығуда. Мұндай отбасыларында 12-14 балалар шуылдап, алысып –тартысса да, қиындық-реніш көрсе де, бірімен-бірі тату, қуанышты бірге бөліскен жақсы ұжым болып қалыптасады.

Үлкен отбасын кітапта сипаттау мақсатым, Веткиннің тәрбиелеген балаларына қарап үйрен дегенім емес, үлкен отбасын құруға қызықтыруды көздедім. Менің мақсатым осы – үлкен отбасына қызығушылық тудыру, үлкен отбасындағы тәрбиеге көңіл бөлу, ал қалай тәрбиелеу керектігін басқа томдарда айтпақпын.

Сол сияқты бір балалы отбасын да сипаттап, бір баланы тәрбиелеудің күрделі тұстарын көрсетіп, бір баламен шектелуге болмайтынына тоқталдым. Көпшілік арасында таралған ой: «бір бала болса жеткілікті, тоқтат!» Оны жақсы киіммен, тамақпен қамтамасыз ету керек. Әрине, бұл дұрыс емес. Ол жалғыз, айналасында нағыз қауым жоқ. Соның нәтижесін көрсеттім. Бұл да отбасы құрамына қатысты нәрсе.

Отбасының құрылымы туралы мәселе, отбасы ажырағанда да пайда болады. Жұбайлардың біреуінің басқа отбасына кетуі, ауыр құбылыс. Мен бұрынғыша қалыптасқандай отбасында ешнәрсеге қарамай-ақ бірге тұрудың қиын екенін жақсы түсінемін. Дәл солай істендер! – деп те айта алмаймын. Бірақта кейбір жеке мысалдарға қарап, жеңілтек мінез танытпау қажет. Егерде адамдар ойланып, өздерін сабырлықта ұстаса, ажырасу мүмкін болмаған болар еді. Махаббат та қайта оралар еді. Махаббаты да аялай білу керек, ол аспаннан түспейді. Егерде дарынды ұйымдастырушы болса, онда ол махаббатты да қалпына келтірері сөзсіз.

Біз қоғамдық жауапкершілікті сезінгендіктен сезім мен махаббатты аялап, оны дұрыс ұйымдастыра білуіміз керек.

Отбасы құрамына мен ата-ананың беделін де жатқызамын. Мен ата-ана беделін көтеру үшін ештеңе де айтпақ емеспін. Менің көрсеткім келгені, сіздің отбасында беделіңіз болмаса немесе жалған бедел орын алса, онда сіздің отбасындағы жағдайдың мәз еместігі аян.

Отбасы құрамына отбасылық күштерді дұрыс ұйымдастыруды да жатқызамын. Ана бүкіл отбасының шаруасын өз міндетіне алмауы тиіс, ол дұрыс емес. Мұнан да көп айтуға болар еді, кітаптың көлемі көтермеді. Егерде отбасының анасы өзінің ұлы мен қызының күтушісіне айналса, ал олар өздерін мырза сезінсе, ал екінші қырынан, ана өзінің жеке басына тән өміріне мән бермесе, онда оның толық қанды ана міндетін атқара алмағаны. Нағыз ана болу үшін балаларына үлгі болуы тиіс, балалары оны құрметтеп, балалық махаббатымен сүйіп, оған ұқсағысы келуі - тек нағыз адамшылыққа толы, азаматтық өмір сүргенде ғана болады.

II-III-IV томдар ерік пен мінез-құлықты, сезімді, сабырлықты, сұлулықты сезінуді тәрбиелеуге арналады, оның астарында, аспанның әдемілігін, киім, сурет, атқарылатын іс-қылықтар көркемдігін, этикасын түсінемін. Іс-қылықтар жақсы немесе жаман болулары мүмкін.

Балаларды тәрбиелеу туралы дәрістер

Отбасы тәрбиесінің жалпы шарттары

Балаларды тәрбиелеу біздің өміріміздің ең маңызды мәселесі. Біздің балаларымыз - еліміздің болашақ азаматтары және әлем азаматтары. Олар тарихты жасаушылар. Біздің балалар болашақ ата-аналар, олар да келешекте өз балаларының тәрбиесімен айналысады. Біздің балаларымыз тамаша азаматтар, жақсы ата-аналар болып өсуі тиіс. Тәрбие осымен шектелмейді: біздің балаларымыз – біздің қарттық шағымыз. Дұрыс тәрбие беру, ол біздің бақытты қарттық шағымыз; жаман тәрбие беру - біздің болашақ қайғымыз бен көз жасымыз, жақсы азамат тәрбиелеу өзгелердің және отан алдындағы борышымыз.

Қымбатты ата-аналар, сіздер тәрбие мәселесінің маңыздылығын және ол үшін өздеріңіздің жауапкершіліктеріңізді түсінулеріңіз қажет.

Бүгін біз бірқатар отбасылық мәселелер туралы әңгімемізді бастаймыз. Біз отбасылық тәрбиенің жеке бөліктеріне тоқталамыз: тәртіп, ата-ананың беделі, ойын, тамақтану және киіну, әдептілік туралы және т.б. Осылар туралы айтпас бұрын, сіздердің назарларыңызды тәрбиенің кейбір бәріне ортақ маңызы бар мәселесіне аудармақпын.

Ең алдымен мынаған назар аударамыз: баланы дұрыс тәрбиелеу, оны қайта тәрбиелеуден гөрі жеңілірек. Баланы ерте жастан дұрыс тәрбиелеу, кейбіреулер ойлағандай қиын емес. Баланы дұрыс тәрбиелеу әр адамның, ата-ананың қолынан келеді. Егерде әр адам шын ниетімен айналысқан болса, өз баласын дұрыс және жеңіл тәрбиелей алады, сонымен қатар бұл қуаныш, бақыт әкелетін іс. Қайта тәрбиелеу қиындығы мол, күрделі іс. Егерде сіздің баланыз дұрыс тәрбиеленбесе, көп нәрсені жіберіп алсаңыз, ол туралы ойланбаған болсаңыз, немесе жалқаулық танытсаңыз, онда баланы қайтадан тәрбиелеу қажет болады. Қайта тәрбиелеу көп күш пен білімді, төзімділікті керек етеді, ал ол, әр ата-анада бола бермейді. Өмірде ата-аналар өз балаларын дұрыс тәрбиелей алмағандықтан, балаларын колонияға жіберуге

мәжбүр болады. Кейде колония да ондай баланы дұрыс жолға сала алмайды, сондықтан өмірге дұрыс тәрбиесі жоқ адам шығады. Ал кейде қайта тәрбиеленген бала өмірге шығып, дұрыс жұмыс атқарады. Оған көпшілік те, ата-аналары да риза болады. Дейтұрғанмен де, қайта тәрбиелеуге байланысты қанша нәрсені жоғалтқанын, ешкім есептегісі келмейді. Егерде баланы басынан дұрыс тәрбиелеген болса, оның өмірден алары көп болып, өмірге күшті дайындықпен шығып, бақытты болар еді. Баланы қайта тәрбиелеу - өте қиын және қасіреті мол жұмыс. Мұндай жұмыс нәтижелі болған күннің өзінде де, ата-ананы қажытып, олардың мінез-құлқын өзгертеді. Ата-аналарға осыны үнемі есте ұстауға кеңес береміз, баланы басынан бастап дұрыс тәрбиелеу керек...

Баланы дұрыс тәрбиелеуге ұмтылу керек, онан кейін оны қайта тәрбиелеу, өте қиынға соғатынын есте ұстаған абзал.

Сіз жаңа, кеңестік отбасын басқаратыныңызды ұмытпаңыз. Мейілінше отбасы құрамын сақтау мүмкіндігі жадыңызда болсын.

Өз алдыңызда баланы дұрыс тәрбиелеу мақсатын қойып, тәрбиелеу бағдарламасын қолыңызға алыңыз.

Бала сіздің ғана қуанышыңыз емес, ол еліміздің болашақ азаматы, сіз ол үшін отан алдында жауаптысыз. Ол үшін ең алдымен өзіңіз жақсы азамат болыңыз және отбасыңызға азаматтық ісіңізді сіңіре біліңіз.

Өзіңіз атқаратын іс-қылықтарыңызға қатаң талап қойыңыз.

Ешқандай рецепт пен фокустарға берілмеңіз. Ең оңдысы сабырлы, қарапайым және шыншыл болыңыз.

Бала тәрбиесіне көп уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, тек баланы басқара білу керек, оны өбектетудің жөні жоқ.

Тәрбие жұмысындағы басты нәрсе, отбасы өмірін ұсақ-түйеке дейін ескеріп ұйымдастыра білуіңіздің маңызы зор екенін жадыңызда ұстаңыз.

Ата-ананың беделі. Ата-ана баласының алдында беделді болуы тиіс. Адамдардан «бала тыңдамаса не істеу керек?» деген сұрақты жиі естуге болады. Осы «тыңдамайды» дегеннен ата-ананың беделінің жоқтығын аңғаруға болады.

..Ата-ана беделі, оны қалай ұйымдастыру керек?

Балаларын тыңдата алмайтын ата-аналар, беделді табиғи, ерекше дарын деп ойлайды. Олар егерде дарын болмаса, онда ештеңе істеуге де болмайды, дарын иелеріне сырттай қызығуға болады деген ойда болады. Мұндай түсініктегі ата-аналар қателеседі. Бедел әр отбасында ұымдастырылуы тиіс, бұл қиын мәселе емес.

Өкінішке орай, кейбір ата-аналар отбасында жалған беделді ұйымдастырады. Бала айтқаннан шықпаса болды деген мақсатты көздейді. Бұл үлкен қателік. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың беделі мен баланың тіл алғыштығы шынайы тәрбиелік мақсат емес. Басты мақсат біреу, ол баланы дұрыс тәрбиелеу. Осы мақсатты іске асыра білу керек.

Жалған беделдің түрлері өте көп, бірақта олардан келетін зиян орасан зор...

...Ата-ана беделінің негізі, оның өмірі мен еңбегі, азаматтық келбеті мен атқаратын іс-қылықтары. Отбасын құру - үлкен жауапкершілікті іс, ата-аналар осы істі басқарып, қоғам алдында, өзінің бақыты алдында және балаларының өмірінің алдында жауап береді. Егерде ата-аналар осыны адал, ақылмен атқарса, балаларының алдында маңызды және жоғары мақсаттар қойса, өз әрекеттері мен істеріне жауапкершіліктері болса, онда олардың ата-аналық беделінің болғаны, мұнан басқа негіздерді іздеудің қажеті болмайды және жасандылықтан аулақ болған жөн...

Шынайы бедел, ол сіздің азаматтық әрекеттеріңіз бен азаматтық сезімдеріңіз, баланың өмірін жетік білуіңіз, оған көрсететін көмегіңіз және өзіңіздің оны тәрбиелеу жауапкершілігіңізбен анықталады.

Ойын. Баланың өмірінде ойынның алатын орны ерекше, ол ересек адамның әрекетіне, қызметі мен жұмысына бара-бар. Бала ойын барысында қалай көрінсе, есейе келе жұмысында да сондай болады. Сондықтанда болашақ іскер азамат ойын барысында тәрбиеленеді. Жеке адамның тарихындағы іскерлігі мен жұмысы ойын арқылы дамып, біртіндеп еңбекке ауысады. Баланың ойыннан еңбекке ауысуы, өте баяу жүреді.

Көптеген ата-аналар баланың ойынын басқаруға назар аудармайды немесе оны өз еркіне қоя береді, тіпті оған көп ойыншық әперіп, қамқорлығын тым асырып жібереді. Ата-аналар ойынның әр сатысында түрлі әдістерді қолдана білулері тиіс, үнемі баланың өзбетінше әрекет етуіне мүмкіндіктер беріп, оның қабілеттерін дұрыс дамытып, қиналған сәттерінде оларға көмек көрсетулері керек. Ойынның екінші және үшінші кезеңінде ойынды басқарып қана қоймай оның басқалармен, ұжыммен қарым-қатынасына көңіл бөлгені жөн.

Тәртіп. Кеңестік қоғамда тәртіпті адам деп, біз әрқашанда кез келген жағдайда қоғамға пайдалы дұрыс іс-қылықтарды таңдайтын, өз ерік-жігерін ешбір қиындық пен келеңсіздіктерге қарамастан соңына дейін жұмсайтын адамды айтамыз.

Біз ата-аналарға мынадай қағиданы назарларында ұстауды ұсынамыз: тәртіптілік «тәртіп шаралары» арқылы жасалмайды, ол балаларға жүргізілетін бүкіл тәрбие жүйесімен, өмірлік жағдайлармен, түрлі ықпалдармен жүзеге асады. Тәртіптілікті осы тұрғыдан түсінсек, ол себеп те емес, әдісте емес, дұрыс тәрбиелеу тәсілі де емес, ол тәрбие жүйесінің нәтижесі. Тәртіптілік – тәрбиешінің барлық күш-жігерін жұмсап, қолындағы барлық құралдарды қолданып, соңында жақсы нәтижеге қол жеткізудегі ұмтылысы. Сондықтанда әрбір ата-ана қызының немесе ұлының қолына оқуға кітап ұстатқанда, оны жаңа жолдасымен

таныстырғанда, баласымен халықаралық жағдай жайында, заводтағы жұмысы немесе стахановтық табысы туралы әңгіме айтқанда, ол басқа да өзінің түрлі істерімен, балаларын үлкен немесе кіші деңгейдегі тәртіптілікке шақыратынын білуі қажет.

Сонымен, тәртіптілікті біз бүкіл тәрбие жұмысының кең ауқымды нәтижесі деп түсінеміз.

Тәртіптілікке жақын тұрған, тәрбие жұмысының кіші бір бөлігі – күн тәртібі. Оны тәртіптілікпен араластыруға болмайды. Тәртіптілік бүкіл тәрбие жұмысының нәтижесі, ал күн тәртібі құрал, тек қана тәрбие тәсілі. Күн тәртібінің тәртіптіліктен маңызды айырмашылығы бар, ата-аналар осыны ажырата білулері тиіс. Мысалы, тәртіптілік құбылысынан біз үнемі жетістікті талап етеміз. Біз үнемі отбасымызда, жұмысымызда өте жақсы, қатаң тәртіптілікті қалаймыз. Солай болуы да шарт: тәртіптілік – ол нәтиже, өйткені біз үнемі жақсы нәтижеге ұмтыламыз...

Отбасының күн тәртібі түрлі жағдайларға байланысты бірыңғай және тұрақты бола алмайды, ол үнемі отбасы мүшелерінің жасына сай өзгеріске ұшырап отырады. Отбасы мүшелері көп және аз отбасындағы күн тәртібі де өзгеше болды.

Сонымен, күн тәртібін тұрақты, өзгеріске ұшырамайды деп ойлауға болмайды. Осыдан кейбір отбасылар қателік жіберіп, күн тәртібін бұлжытпай орындауды жөн санап, өз балаларының қажеттіктерін ескермей, оларға да, өзіне зиян де тигізеді. Барлық отбасы мүшелеріне тұрақты бір күн тәртібін қолдану, оған пайдадан гөрі зиян әкеледі.

Отбасылық шаруашылық. Отбасылық шаруашылық бала тәрбиесіндегі маңызды арена. Отбасында баланың ұжымшылдық қасиеті дамиды. Ол отбасылық шаруашылыққа қатыса отырып, ортақ мүддеге жұмыс жасайды, өзгелердің пікірімен санасуды үйренеді. Отбасындағы ұжымшылдық ата-ананың әрекетіне жақын әдістер арқылы жүреді, бала отбасының қаржылық қорына қызмет етеді, ол молшылықта қарапайымдылықты, ал жетіспеушілікте өзінің қадір-қасиетін сақтай білуі тиіс.

Отбасында адалдыққа, адамдар мен заттарға адал қарым-қатынаста және айналасына ашық болу сапасы тәрбиеленеді.

Қамқорлық, мейірімділік қасиет отбасының қажетіне назар аудару және оны қанағаттандыру арқылы жүзеге асырылады. Үнемшілдік, отбасының қаржысын үнемді қолдана білуге, жауапкершілік отбасылық мүлікті бүлдірмеу, егерде нұқсан тигізсе, өз ісіне жауап беруге дағдыланады. Отбасының мұқтажығын біліп, барлық мәселеге араласуды назарында ұстауға машықтанады. Отбасы шаруашылығына қатысудағы уақыты мен жұмысын жоспарлай біледі.

Барлық отбасылық шаруашылық ұжымдық түрде болып, сабырлы қалыпта шешілуі тиіс.

Еңбек арқылы тәрбиелеу. Еңбек үнемі адам өмірінің негізі болғандықтан, адамдық өмір мен мәдениетті қамтамасыз етеді. Біздің еліміз еңбекшілер елі, біздің Конституциямызда: «Кім еңбек етпесе, сол тамақтанбайды» деп жазылған.

Сондықтанда тәрбие жұмысындағы басты элемент еңбек болуы шарт.

Баланың отбасы еңбегіне араласуы ерте басталуы тиіс. Ол алғашында ойын арқылы жүреді. Бала ойыншығын бүлдірмей, таза, күтіп ұстауды үйренеді. Бүлінген ойыншығын шамасына қарай өзі жөндеуге талаптануы тиіс.

Есейген сайын еңбек тапсырмалары күрделеніп, ойыннан ажырайды. Отбасындағы баланың атқаратын жұмысы, жас шамасына лайық болғаны абзал.

Балаларды мектепте оқу кезінде үй шаруашылығына көп тартуға болмайды. Оқу еңбегі басты және маңызды еңбек. Балалар мектепте жақсы оқу арқылы өзінің ғана емес, ата-анасы мен мемлекеттің талаптарын іске асыратынын түсінуі қажет. Оқушы тек оқу еңбегін құрметтеп, басқа еңбек міндеттерін тәрк етпегені жөн болар еді.

Еңбек сапасының маңызы орасан зор, сондықтан баладан үнемі сапалы еңбекті талап еткен жөн. Баладан оның шамасы келетін деңгейде, еңбек сапасын талап ету қажет.

Нашар орындалған жұмыс үшін баланы сөгіп, ұрысудың қажеті жоқ, жай ғана сабырлы қалыпта жұмысты қайта сапалы орындауын талап ету керек.

Қойылған еңбек міндетін дұрыс шешуден, бала қанағат сезіміне бөленіп, қуануы тиіс. Оның жұмысты сапалы орындағанын естуі, ең жоғары баға болып есептеледі.

Мәдени дағдыларды тәрбиелеу. Кейбір ата-аналар баланың мәдени дағдыларын тәрбиелеу мектеп пен қоғамның міндеті, ал отбасы бұл салада ештеңе жасай алмайды деп ойлауы қате түсінік. Шын мәнінде отбасы баланың мәдени дағдыларын ерте жастан бастап, оны іске асыруының мүмкіндіктері мол екендігін көрсетеді.

Отбасында балаларды мәдени дағдыларға тәрбиелеу күрделі мәселе емес. Мәдени тәрбие саналы түрде белгілі жоспармен, дұрыс әдіспен жүргізіліп, қадағалануы тиіс.

Балаға жақсылап айтылған ертегінің өзі мәдени тәрбиенің бастауы саналады. Балаға айтылатын ертегі оның түсінігіне лайық, жатық тілде айтылуы қажет. Балалар үшін пайдалы ертегілердің бірі жануарлар туралы болады. Есейе келе адамдардың қарым-қатынасына қатысты ертегілер оқытылғаны абзал.

Балалардың ой өрісін, қиялын дамытатын журналдардағы көркем суреттердің мәні зор. Суретті көру барсында бала түрлі сұрақтарға жауап алады. Кіші жастағы балаларды тәрбиелеуде көркем қойылымдар мен киноның да маңызы ерекше.

Баланың сауат ашуы мәдени тәрбиені күрт өзгеріске ұшыратады. Хат тану арқылы бала өзіне түсінікті кітапшаларды өзбетінше оқи алады. Ірі әріптермен басылған көркем суретті кітаптар баланың

қызығушылығын арттырады. Баланың хат тануымен бірге кітап, газет, журнал оқу, кино, театрларға, музейлер мен көрмелерге бару, баланың мәдени тәрбиесін арттырады.

Баланың спортқа қызығушылығын ояту да, маңызды мәдени тәрбие береді. Ол тек спортты бақылайтын жанкүйерге айналмай, өзі де белсенді түрде спортпен шұғылдануына жағдайлар жасауы шарт.

Отбасында спорттық серуендерден басқа да, мәдени тәрбиенің басқа формаларын ұйымдастыруға болады. Мәселен, үйде кішігірім қойылым қою, қабырға газетін шығару, үйді безендіру, ауладағы балалармен кездесу, ойын, серуендер ұйымдастыру.

Осылайша түрлі мәдени жұмыстар арқылы отбасында балаларды тәрбиелеудің пайдасы мол. Отбасында атқарылатын әрбір мәдени іс, кеңес халқына және социалистік құрылысқа қызмет етуі қажет. Осы жұмыстардың бәрі мәдени істен саяси іске жалғасуы тиіс. Бала есейген сайын өзін өз отананының азаматы екенін сезініп, біздің адамдардың ерлік істерін көріп, еліміздің саналы мәдени өмірі үшін кімге міндетті екенін білуі маңызды болмақ.

К.Д.Ушинский – орыстың ұлы классик-педагогы (1824-1870).

К.Д.Ушинскийдің өмірі мен педагогикалық қызметі.

Константин Дмитриевич Ушинский 1824 жылы Тула қаласында чиновниктің жанұясында дүниеге келді. Өзінің балалық және жастық шағын Чернигов губерниясының Новгород – Северск қаласына жақын жерде орналасқан әкесінің шағын жекеменшігінде өтті.

Орта білімді Новгород – Северск гимназиясында алады.

1840 жылы К.Д.Ушинский Москва университетінің заң факультетіне оқуға түседі, онда белгілі профессорлар (Грановскийдің және басқалар) лекциясын тыңдады. Студенттік жылдарда Ушинский әдебиетпен, театрмен қызыға айналысты, халықтың арасында сауатылықты тарату туралы армандады.

Алдыңғы қатарлы орыс зиялыларының арасында Ресейдің тарихи даму жолдары туралы, отандық мәдениеттің халықтығы туралы талас пікірлерді ол өз бетінше шешуге ұмтылды.

Университетті бітіргеннен кейін 22 жастағы К.Д.Ушинский Ярославль заң лицейінің профессорының міндетін атқарушы болып тағайындалды. Студенттерге ерекше әсер еткен өзінің лекцияларында Ушинский ғалымдардың халық өмірінен қол үзгендігін сынап отырып, оны жақсартуға ғылымның көмектесуінің қажеттігі туралы айтты. Ол студенттерді өмірді, халықтың қажеттігін зерттеу, оған көмектесуге шақырды.

“Өз отаныма мүмкін болса, көп пайда келтіру – бұл менің өмірімнің бірде-бір мақсаты; мен соған барлық өзімнің қабілетімді бағыттауым қажет”, - деп жазды жас Ушинский.

60-жылдардағы қоғамдық-педагогикалық қозғалыс К.Д.Ушинскийдің педагогикалық көзқарасының қалыптасуына көмектесті. Осы қоғамдық – педагогикалық қозғалыстың әсерімен 1857-1958 ж.ж. *“Тәрбие үшін журналда”* өзінің *“Педагогикалық әдебиеттің пайдасы туралы”*, *“Қоғамдық тәрбиенің халықтығы туралы”*, *“Мектептің үш элементі”* және басқа да орыс педагогикасына құнды үлес қосқан мазмұнды мақалаларын жариялады. Бұл мақалалар Ушинскийдің есімін бүкіл педагогикалық жұртшылыққа таныта бастады. 1854 жылы Ушинскийге алғашында Гатчинада жетімдер институтында орыс тілінің мұғалімі, кейіннен сол институттың инспекторы қызметін атқарады. Бұл жерде Ушинский өзін педагог, ұйымдастырушы және зерттеуші ретінде өзінің күші мен қабілетін жан-жақты көрсете білді. Ол оқу орнының оқу жоспары мен бағдарламаларына өзгерістер енгізді, оқыту үрдісін ұйымдастыру мен әдістемесіне көптеген жаңалық енгізді. Бұл кезеңде жоғарыдағы аталған бірнеше мақалалары жазылған болатынды.

1859 жылы Ушинский Смольныйдағы инабатты қыздар институтының инспекторы болып тағайындалды. Онда ол түбірлі өзгерістер жүргізді: дербес жұмыс істеген дворян және қыздар бөлімдерін біріктіреді, оқу пәндерін орыс тілінде оқыту енгізді, педагогикалық сыныпты ашты, онда тәрбиешілер даярланды, институтқа талантты оқытушылар шақыртылды, тәрбиенушілер каникулдар мен мейрамдарды ата-аналарында өткізуге құқығы болды.

Смольныйдағы кезеңде ол бастауыш оқыту үшін оқу кітабын басып шығарды – “Балалар әлемі”.

Смольный институтындағы Ушинскийдің прогрессивтік қызметі институттың тәрбиеленушілері және алдыңғы қатарлы орыс зиялыларының тарапынан ерекше жағымды қолдау тапты, институт әкімшілігі және Ушинскийдің тарапынан институттан қуылған мұғалімдер оны құдайсызды, атеизмі, еркін ойы саяси сенімсіздігі үшін айыптап, қуғындады.

1862 жылы ол институттан шығарылды. Оған бастауыш және әйелдерге білім берудің қойылуын зерттеу және педагогика оқулығын жасау сылтауымен шетелге баруды ұсынған болатынды. Бұл жол сапары шын мәнінде бүркемеленген жер аудару еді.

Ресейде басынан кешіргеннің бәрі Ушинскийдің денсаулығына өте ауыр әсер етті, ертеде байқалған өкпе ауруы асқына түсті. Бірақ, өте ауыр асқынған сырқатына қарамастан, шетелде ерекше күшті жұмыс істеді: Германия мен Швейцариядағы әйелдер оқу орындарын, мектепке дейінгі мекемелерді, мектептерді сын көзбен қарай отырып, зерттеді.

Шетелде 1864 жылы **“Ана тілі”** атты тамаша оқу кітабын жазды және **“Ана тілін”** оқытуға басшылық мұғалімдер мен ата-аналарға арналған оқу құралы жарық көрді. 1867 жылы Ушинский өзінің ең басты шығармасы. **“Адам-тәрбиенің пәні”** атты еңбегін жазды. Бұл еңбек педагогика ғылымының құнды да, сүбелі туындысы болып табылады.

22 желтоқсанда 1870 жылы 46 жасында орыс халқының ұлы перзенті К.Д.Ушинский қайтыс болды.

Өзінің табиғатқа көзқарасында Ушинский Дарвиннің эволюциялық ілімін жақтады. Таным теориясы мен психологиясында оның материалистік элементтері басым. Ушинский психологияны физиологияға негіздеп

күруға талпынды. Бірақ социологиялық мәселелерді түсіндіруде көптеген ағартушылар сияқты идеалистік бағытта болды.

Ушинскийдің қызметінің бс кезінде соңғы жылдарға қарағанда оның көзқарасында дін ерекше орын алды. Ушинский өмірінің соңғы кезінде, бұрынғыша дінді мойындай отырып, ғылым мен дінді анық ажырата білді.

Тәрбиенің халықтық идеясы туралы.

Ушинскийдің педагогикалық жүйесінің негізіне халықтық идея жатады. Халықтық деп Ушинский оның тарихи дамуымен, жағырафиялық, табиғи жағдайларымен қалыптасқан әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі деп түсінді.

Әрбір халық, Ушинский айтқандай, басқа халықтардан өзінің мінез-құлқының, тілінің және басқа да өзіндік тарихи қалыптасқан әрбір халықтың ерекшеліктері, бейімдіктері, қажеттіліктері оның халықтық деп аталынатын мәнін құрайды.

Ушинский халықтық әруақытта тиімді ұйымдасқан тәрбие арқа сүйеуге қажетті бастаманы көре білді. Осыған байланысты барлық елдер мен халықтар үшін тәрбие жүйесін бірдей етіп көрсетудің кез-келген әрекетіне ол негізсіз және зиянды деп қарсы болды.

Халықтың бастамаға негізделген тәрбие ғана, Ушинскийдің айтуынша, “халықтық дамудың тарихи үрдісінде тірі орган болып табылады”.

Орыс халқына тән өзіндік ерекшеліктері болады. Ең негізгілеріне ол мыналарды жатқызды:

1) ғасырлар бойы сыннан өткен өз отанына деген терең сүйіспеншілік сезімі, өзінің күшін аямастан оның тұтастығы мен тәуелсіздігін басқа мемлекеттерден қорғай білуге әруақытта даярлығы;

2) жоғары азаматтық сезім, гуманизм;

3) шығармашылық энергияның байлығы.

Ушинскийдің пікірінше, орыс халқының рухы және Ресейдегі оқыту және тәрбие осындай негізде құрылуы қажет екендігін білдіреді.

Ушинский Халықтық идеяны басшылыққа ала отырып, халық ағарту ісі халықтың қолында болуы керек, ал балаларды оқыту ісі олардың ана тілінде іске асуы қажет, ол халықтықтың ең айқын көрінісі болып табылады деген қорытындыға келді.

Балаларды өз ана тілінде оқыту мүмкіншілігінен айыру оларды қолайсыз жағдайға олардың рухани күштері мен қабілеттіктерінің жемісті дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі құралынан айырған болар еді.

К.Д.Ушинский жанұяда, балалар бақшасында және мектепте оқыту және тәрбиелеуді **ана тілінде іске асыруға** аянбай табандылықпен күресті. Бұл алдыңғы қатарлы демократиялық талаптар болатынды. Ол басқа тілде оқытатын мектеп балалардың күштері мен қабілеттіктерінің табиғи дамуын тежейді, ондай мектеп балалардың және халықтың дамуы үшін әлсіз және қажетсіз екендігін дәлелдеді.

Ушинскийдің пікірінше, ана тілі “халықты әлі де кітаптар, мектептер болмаған кезде де оқытқан және өркениет пайда болғаннан кейінде оны оқытуды жалғастырған ұлы халықтық тәлімгер болып табылады”.

Осыдан келіп, ана тілі “негізгі құрал болып табылады, оның көмегімен біз идеяларды, білімдерді меңгереміз, одан кейін шәкірттерге береміз”. К.Д.Ушинский элементарлық білім берудің басты міндеті ана тілін меңгеру деп есептеді.

Ушинский ерте кезден бастап, балалардың тілі мен ойын дамыту туралы құнды кеңестер берді, бұл кеңестер күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Тіл дамыту ойлауды дамытумен байланысты екендігін дәлелдеді, ой мен тіл бірлікте болатындығын көрсетті: тіл-ойды сөз арқылы беру.

Ұлы классик - педагогтің халықтық идея, ана тілінің болашағы туралы айтқан қағидаларының бүгінде маңызды, күн тәртібінен түспей отырған мәселе екендігін атап өткен жөн. Ұлттық идея, ана тілі мәселесі қай кезде де өміршең, өзекті мәселе болып келгендігін аңғару қиын емес.

К.Д.Ушинский “Ана тілі” атты белгілі мақаласында былай деп жазды: Тіл – бұл өмірі өткен, бүгінгі өмір сүріп отырған болашақтағы халықтың ұрпағын бір ұлы тарихи тұтастыққа біріктіретін ең өміршең, дәмді және берік байланыс. Ол тек ғана халықтың өміршеңдігін білдіріп қоймайды, ол өмірдің өзі. Егер халықтың тілі жойылса, халық та болмайды.

Адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары мен тәсілдері.

Тәрбиенің мақсаты қоғамның пайдалы мүшесі жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу деп түсінді Ушинский. Адамгершілік тәрбиесіне Ушинскийдің педагогикасында негізгі орын берілген. Адамгершілік тәрбиесі ақыл-ой және еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты.

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралы Ушинский оқыту деп есептеді. Ол оқытудың тәрбиемен тығыз байланыстылығын айта келіп, оқытудың тәрбиелік сипатының ерекше мәнін дәлелдеді. Ушинский барлық оқу пәндері өте бай тәрбиелік мүмкіншіліктермен ерекшеленетіндігін атап көрсетті.

К.Д.Ушинский адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралдарының бірі сендіру деп түсінді, көп жағдайда балалардың санасына жетпейтін орынсыз өсиет айтудан және үгіттеуден сақтандырды.

К.Д.Ушинский балаларда әдеттерді қалыптастыруға ерекше мән берді. Әдеттерді тәрбиелеу ісінде ол өте қажетті заңдылықты анықтады: неғұрлым адам жас болған сайын, солғұрлым оның бойында әдет тез қалыптасады және солғұрлым тез жоюға болады және неғұрлым қарт болған сайын әдеттерді жою, солғұрлым қиындай түседі. Ушинский балаларда пайдалы әдеттерді тәрбиелеу бойынша көптеген құнды кеңестерді ұсынды. Ушинскийдің әдеттерді тәрбиелеу туралы ұсыныстары мен кеңестері күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Ушинскийдің пікірі бойынша, адамгершілік тәрбиесінің құралдарына төмендегілерді жатқызды:

1) оқыту (бұл жағдайда оның оқу кітаптарының мәні орасан ерекше, оларды тіл дамыту, білімді хабарлау және адамгершілік тәрбие орынды ұштасады);

2) мұғалімнің жеке басының үлгісі (“бұл жас рух үшін ешнәрсемен өзгертуге болмайтын күн көзінің жарқын сәулесі”);

3) сендіруге ерекше мән берді;

4) оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу (педагогикалық такт);

5) ескерту шаралары

6) мадақтау және жазалау.

Адамгершілік тәрбие балаларда адамдарды құрметтеу және оған сүйіспеншілікпен қарау, олармен ізгілік, жағымды, әділ қарым-қатынас жасай білу.

Соқыр, таяқ тәртібіне қарсылық білдіре отырып, Ушинский былай деп жазды: “Ескі мектептегі тәртіп марапаттау мен жазалауды бөліп беретін мұғалімге деген қорқыныш пен үрейге негізделді. Бұл қорқыныш балаларды оларға тән емес, зиянды жағдайға бағынуға мәжбүр етті: қозғалмауға, іш пысушылыққа және жауыздыққа үйретті”.

Ушинский этикалық көзқарасының жағымды белгілерін және оның адамгершілік тәрбие теориясын атай отырып, сонымен бірге біз оның адамгершілігі дінмен бірігетіндігін ескертуіміз қажет. Бірақ оның дінге көзқарасының өзгергендігін атап өтпеу дұрыс болмаған болар еді.

Егер Ушинскийдің адамгершілік тәрбиеге көзқарасында алғашқы кезде діни сипат басым болса, одан кейінгі көзқарасында адамгершілік тәрбиеде басты орынды азаматтық міндеттерге, қоғамдық борыш сезімі билеген өз отанының белсенді азаматын даярлауға берілді.

Ушинский адамның дұрыс дамуының негізгі шарты еңбек деп есептеді. Өзінің **“Еңбек, оның психикалық және тәрбиелік маңызы”** атты мақаласында ол еңбекті материалдық құндылықтарды жасаудың және адамды дене, ақыл-ой, адамгершілік жағынан жетілдірудің басты факторы да болып табылатындығын атап өтті.

Оқытудың дидактикалық негіздері.

Ушинскийдің дидактикалық көзқарастары ерекше тереңдігімен және халықтығымен ерекшеленеді. Ол оқытуды балалардың дамуының жас кезеңдерін және олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру негізінде құруды талап етті. Оның ішінде оқыту кезінде шәкірттердің зейінін пайдалану туралы құнды ұсыныстар жасады. Ол зейіннің екі түрі болатындығын атап өтті: активті немесе ерікті және пассивті, немесе еріксіз зейін. Сонымен қатар ол ес және есте сақтау туралы айта келіп, қайталау арқылы ұмыту үрдісін болдырмауды ескертіп отыру, тәрбиеленушілердің есін дамыту қажеттігін атап көрсетті.

Сонымен қатар оқушының оқу жүктемелері өте жеңул болмау керектігін ескертті. Өте жеңул сабақтар – баланың ақыл-ой мен қабілеттіктерін дамытпайтындығын ескерткен болатынды.

Оқыту оқушылардың дербестігі негізінде құрылуы және олардың ынтасын дамытуы қажет. Балалардың белсенділігін және өз бетімен әрекеттенуін шектей беруге болмайтындығын ескерте келіп, олар мүмкіншілігіне қарай өз бетімен жұмыс істеу керек, мұғалім осыған үйрету және оларды басқару қажет.

Оқушылардың білімінің берітігін Ушинский жақсы ұйымдасқан оқытудың бөлінбейтін белгісі деп есептеді. Білімдерді, ептіліктерді және дағдыларды берік меңгеруге, балалардың ақыл-ой күштері мен қабілеттіктерін жемісті дамыту көрнекілігі көмектеседі.

“Оқуды, - деп жазды Ушинский, - әруақытта жақыннан және белгілеп бастау, одан әрі белгісізге көшу қажет”. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, Ушинский ерекше табандылықпен көрнекілік оқытуды жақтады.

“Бала түрмен, бояумен, дыбыспен, жалпы түйсіктермен ойлайды. Осыдан келіп, балалар үшін көрнекілік оқытудың қажеттігі туындайды, ол дерексіз ұғымдарға және сөздерге құрылмайды, баланың тікелей қабылдайтын нақты образдарға негізделеді”, - деген болатынды Ушинский.

Ушинский әруақытта да оқыту тек ғана танымдық емес, сонымен қатар тәрбие үрдісі. Оқытуды дұрыс ұйымдастырудың басты көрсеткіші өзінің сабақ беруінде мұғалімнің танымдық және тәрбиелік мүмкіншілігі толық көлемде пайдалану ептілігідеп есептеді.

Дидактикалық проблемаларды шешуге К.Д.Ушинский ұқсас ғылымдардың мәліметтерін ескере отырып, антропологиялық ұстанымдарды, әлеуметтік – философиялық ғылымдардың қағидалары тұрғысынан келді.

Педагогикалық антропологияның “бірінші томына кіріспесінде ол былай деп жазды: “Жарыққа жазып отырған біздің еңбегіміздің бірінші бөлімі тікелей дидактикаға арналады, екінші бөлімі негізінен тәрбие үшін басымдық мәні бар. Сондықтан да біз бірінші бөлімді бөлек шығару туралы шешімге келдік”.

Ұлы ғалым, орыстың ғылыми педагогикасының негізін салушылардың бірі К.Д.Ушинский сонымен қатар көрнекті әдіскер-мұғалімдердің мұғалімі. Бірдей ерекше жетістікпен ол өзінің адам туралы тәрбие пәні ретінде ғылыми-теориялық еңбегін және мектепке арналған “Балалар әлемі” және “Ана тілі” тамаша оқулықтарын жазды.

К.Д.Ушинский оқытудың сынып-сабақ жүйесін жақтады. Ол сабақ оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі екендігін және мұғалімнің сабақты тиімді өткізуді сипаттайтын негізгі белгілерін анықтап берді. Бұл белгілерді төмендегіше түсіндіруге болады.

1) оқыту үрдісінде сабақтың басты түйінін немесе негізгі деректі алға қоя білу ептілігі

2) жаңа сабақты бұрынғы балалардың меңгерген білімдерімен табиғи байланысты қамтамасыз ету,

3) шәкірттердің жоғары деңгейдегі қызығушылығы мен белсенділігін қамтамасыз ету,

4) сабақ кезінде хабарланған шәкірттердің білімдерін толық мәнді және берік меңгеруді қамтамасыз ету,

5) сыныпта үлгілі талап пен тәртіптің болуы.

Оқытудың үрдісінде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданудың қажеттігін талап ете отырып, Ушинский олардың ішіндегі негізгілерді түсіндіріп оқыту, мұғалімнің әңгімесі, әңгіме, жаттығулардың әртүрлі түрлері (ауызша, графикалық, жазбаша) деп есептеді.

Ушинский қайталауға ерекше мән берді. Оның пікірінше, біржүйелі өткізілген қайталауларсыз шәкірттерді қажетті білім көлемі берік меңгеруді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Ол салыстыру сияқты педагогикалық тәсілді өте жоғары бағалады. Осы тәсілдің көмегімен Ушинский шәкірттердің оқылатын заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттерін анық та және дәл қол жеткізуін айтқысы келді. Ушинский балаларды сауат ашуға оқыту үшін дыбыстың, жазу-оқудың аналитикалық-синтетикалық әдісін ұсынды, бұл әдіс революцияға дейінгі жүйесінде кеңінен қолданып, өзін ақтады. Бүгінгі мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді.

К.Д.Ушинский “Адам-тәрбиенің пәні” (“Педагогикалық антропология”) атты еңбегінде әрбір педагог орындауға тиісті негізгі талаптарды ұсынды және негіздеді.

“Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол ең алдымен оны жан-жақты білуі қажет...”

Адамды зерттейтін ғылымдардың тілінде, К.Д.Ушинский физиологияны және әсіресе психологияны бөліп көрсетті, ол педагогке адам ақзасы туралы және оның психологиялық қасиеттері туралы біржүйелі білімдер беріледі, балалармен тәрбие жұмысын жүргізуді тәжірибесі үшін қажетті білімдермен байытады.

К.Д.Ушинский психологияның көзқарасы тұрғысынан негізгі оқытудың тәрбиелік сипатының дидактикалық қағидаларын негіздеді: көрнекілік, біржүйелілік және бірізділік, оқу материалының беріктігі.

Ушинский тәрбие мен оқытудың қызметін тәрбиеші мен мұғалімнің арасында бөлуге қарсы болды. Ол оқытуды тәрбиенің негізгі құралы ретінде қарастырды.

Ушинский формальдық және материалдық білім беру теориясын және классикалық мектепті сынға алды. XIX ғ. дидактикада екі түрлі теория өмір сүруді формалды және материалдық білім беру теориясы.

“Формальды білім беруді” (негізінен классикалық білім беруді жақтаушылар) жақтаушылардың айтуынша, білім берудің негізгі міндеті – бұл есті, зейінді, ойлауды, тілді, қабілеттілікті дамыту, оған қарсы “материалдық білім беруді” жақтаушылар оқу материалының тәжірибелік мәніне, өмірге жақын болуға ерекше мән берді. Олар орта мектепте латын және грек тілдерін оқытуға қарсы болды, ең негізгі орынды ана тілі мен әдебиетке, математикаға, жаратылыстануға және жаңа шет тілдеріне арнады, бірақ оқушылардың ақыл-ойын дамытуға жеткіліксіз мән берді.

Ушинский бұл екі теорияның да біржақтылығын қатты сынады, сонымен қатар оқушылардың ақыл-ойын, қабілеттілігін дамытудың да, сонымен қатар өмірдің бірдей керектігін атап өтті.

Ушинскийдің бастауыш оқыту үшін екі оқу кітабын құрастырды. “Ана тілі” алғашқы бастап оқыту үшін арналады, әліппеден бастап, онда орыс тіліне ерекше мән беріледі. Бұл оқулықтар революцияға дейінгі Ресейде кеңінен тарап, пайдаланылды. “Ана тілінің” I бөлімі 150 ден астам басылып шықты. Бұл кітаптан орыс халқының көптеген ұрпақтары тәрбиеленді. Ушинскийдің оқулықтарының үлгісімен Ресейдің орыс емес халықтарының балаларына арналған оқулықтар жасалынды.

Мұғалімнің жеке басының үлгісі.

Өмірмен, қазіргі кезеңмен байланысты дұрыс ұйымдастырылған мектепте, К.Д.Ушинский өз халқын шын сүйетін және оның дамуы туралы қамқорлық жасайтын мұғалімге – тәрбиешіге басты рольді берді. Адам, педагог-гуманистің тұжырымдауынша, қоғам үшін ұлы байлықтың қайнар көзі. Баланың ойы мен жан дүниесін дамытатын, қоршаған ортаны оның танымымен байытатын мұғалімнің шығармашылық қызметінің нәтижесінде ол ержеткен соң, “балшықты жерлерді, құмдарды, адамсыз тауларды” байлықтың қайнар көзіне айналдырды.

Оқыту мен тәрбие үрдісін мұғалімнің жеке басының жігерлендіретін ықпалынсыз елестету мүмкін емес. “Тәрбиеде барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуі тиіс... Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы, қаншалықты жетілдіргенмен, тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес”.

Мұғалімнің жеке басы бұл ешнәрсемен айырбастауға болмайтын жас дүниесі үшін күн көзінің жарқын сәулесі. Осындай “күн көзінің жарқын сәулесі” болуы үшін қатаң белгіленген жалпы және педагогикалық танымның көлемін меңгеруі қажет және соның негізінде қалыптасқан берік педагогикалық сенімдермен қарулануы керек. Осындай сенімдердің болмауы нағыз тәрбиеші бола алмайды ол қарапайым чиновниктің деңгейінде қалады. Ушинский чиновник тәрбиеші емес деген болатынды. Тәрбиешіге өз ісіне ақыл-ойын және бүкіл жан дүниесін салу және өзінің барлық қызметі арқылы табанды жүргізу қажет. Жас ұрпақты халықтық рухта тәрбиелеуге лайықты халық мұғаліміне ең жақсы өз халқына тән қасиеттерді меңгеру өте қажет.

Халық мұғалімдерін даярлау үшін Ушинский мұғалімдер семинарияларын ұйымдастыруды ұсынды, ал орта мектептің мұғалімдерін даярлау үшін университеттер жанындағы педагогикалық факультеттерді. Ушинский мұғалімдер семинарияларының жобасын жасады, кейіннен Ресейде алдыңғы қатарлы земстволардың тәжірибесінде іске асты.

Семинарияның оқу жоспарына ол орыс тілімен әдебиетін, арифметканы, жағырафияны, тарихты жаратылыстануды енгізді, болашақ мұғалімдерді ауыл шаруашылығы мен медицина салаларынан кейбір мәліметтермен таныстыруды ұсынды. Ушинский семинарияның оқу курсына ерекше орынды психологияны, педагогиканы және бастауыш білім беру әдістемесін оқытуға және педагогикалық тәжірибеге арнады.

Ушинский өзінің “Педагогикалық әдебиеттің пайдасы” (1857), “Мұғалімдер семинариясының жобасы” (1861), “Швейцарияға педагогикалық саяхат” (1862) атты мақалаларында мұғалімдерді даярлаудың және мұғалімдік мамандықтың қоғамдағы ерекше орнына тоқтала келіп, жан-жақты талдау жасайды. Мұғалімнің қоғамдағы орны, оның мәртебесі, университеттер мен педагогикалық орындарында мұғалім кадрларын даярлау мәселелері бүгін де күн тәртібінен түспей отырған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қанша уақыт өтсе де, ұлы гуманист-педагогтің мұғалім туралы айтқан қағидаларын бүгінгі мектеп тәжірибесі мен тәрбие жүйесінде кеңінен пайдалануға болады.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық мұрасы және оның басқа халықтардың алдыңғы қатарлы педагогтарына әсері.

Ушинский ұлы орыс педагогі, Ресейде халық мектебінің негізін салушы, белгілі педагогикалық жүйені құрушы, тамаша оқу кітаптарының авторы болып табылады. Ол – “орыс мұғалімдерінің мұғалімі” – мұғалімдер семинариясында халық мұғалімдерін даярлаудың жүйесін жасады, алдыңғы қатарлы халық мұғалімдері өзінің педагогикалық жұмысында Ушинскийдің шығармаларын басшылыққа алды.

Пушкиннің ақындық ғұламалығы өмірге бір топ пушкин мектебінің ақындарын әкелсе, сол сияқты Ушинскийдің педагогикалық ғұламалығы 60-70 жылдардың тамаша педагогтардың жаңа тобының, Ушинский ізбасарларының Н.Ф.Бунаковтың, Н.А.Карфтың, В.И.Водовозовтың, Д.Д.Семеновтың, Л.Н.Мадзалецкийдің, В.П.Вахтеревтің, Д.И.Тихомировтың, И.Н.Ульяновтың және т.б. пайда болуына көмектесті.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық мұрасы туралы айтқанда, ең алдымен ауызға ілінетіні тәрбие пәні адам туралы терең де ғылыми біліммен қаруланған, жан-жақты білімді ойшыл-гуманист ретінде педагогика теориясын, оның ішінде педагогика ғылымы және тәрбие өнері туралы айтқан құнды ойлары, тәрбиенің халықтық идеясын күн тәртібіне орынды қоя білуі, жеке адамды қалыптастыру және жан-жақты тәрбиелеу, адамгершілік, еңбек тәрбиесінің жеке адамды қалыптастырудағы орны, еңбектің тәрбиелік және психологиялық сипаты туралы, дидактиканың көптеген мәселелерін жан-жақты талдауы, мұғалім туралы айтқан пікірлері бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерімен астарласып жатыр.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық көзқарасының қазақтың, грузиннің, армянның, татардың, азербайжанның, чуваштың және т.б. озық ойлы, алдыңғы қатарлы педагогтарына тигізген әсері орасан зор болды.

Ендеше сол кездегі педагогикалық ойдың биік шынары К.Д.Ушинскийдің жүйесі Ресейдің шет аймақтарын мекендеген халықтардың алдыңғы қатарлы прогресшіл қайраткерлеріне ерекше ықпалын тигізгені анық. Қазақстанда, К.Д.Ушинскийдің ілімін тікелей жалғастырушы, оны нақты осы өңірде іске асырушы, халқымыздың тұңғыш педагогы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин болды. Ыбырай Алтынсарин орыс педагогтарының еңбектерін, оның ішінде К.Д.Ушинскийдің еңбектерін жан-жақты зерттеудің негізінде халық мектебінің қоғамдық міндеттерін толық ашып берді.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасының қалыптасуына Ресейдегі бастауыш білім берудің негізін салушылар, сол замандағы алдыңғы қатарлы педагогтар – К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.Д.Карф және т.б. үлкен әсер етті. Ыбырай К.Д.Ушинский сынды өз ұстаздары ізімен жүре отырып, 1864 жылы қазақ даласында тұңғыш білім ордасын ашты. Әсіресе, бұл ретте де оған Ушинскийдің Ресейде әйелдерге білім беруде атқарған шараларының үлкен әсері тигендігі аңғарылды.

Ендігі кезекте Ыбырай оқушыларға білім беру және оқыту әдістемесін жақсарту мақсатында К.Д.Ушинскийдің “Балалар әлемі”, “Ана тілі” үлгісімен орыс-қазақ бастауыш мектептері үшін жаңа оқулықтар жазуды көздеді.

Бұдан біз Ыбырайдың қазақ мектептері үшін оқулықтар жасауда Ушинскийден тікелей үйренгендігін аңғарамыз және де Ушинскийдің сол үлгісін, қазақ халқының тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты іс жүзіне асырғандығы оның “Қазақ хрестоматиясынан” да айқын көрінеді. Осы сөзімізге Ы.Алтынсарин жазған “Қазақ мектептеріне орыс тілін үйретуге басшылық” деген екі оқу құралы да бұлтартпас дәлел.

Ы.Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясын” өмірге әкелуіне Ушинскийдің педагогикалық көзқарасы мен оның “Балалар әлемінің” зор ықпалы болды.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздерін тұңғыш зерттеген Қазақстанның көрнекті педагог-ғалымы, әрі психологы, педагогика ғалымдарының тілінде ол бірінші болып, К.Д.Ушинскийдің орыс психологиясының тарихына қосқан зор еңбегін жан-жақты зерттеп, оған талдау жасады. Соның нәтижесінде ғалымның “Ушинскийдің психологиясы және педагогикалық психологиясы” атты монографиясы дүниеге келді. Бұл Ушинскийдің педагогикалық және психологиялық мұрасына арналған тұңғыш ғылыми-зерттеу еңбегі болды.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский жайында Т.Тажиаев: “Педагогика ғылымының саласында К.Д.Ушинскийді педагогикалық ойдың асқан алыптары Я.А.Клменский және Песталоццимен қатар қоюға болады. Орыс ғылымының көрнекті қайраткерлері Ломоносов, Менделеев, Лобачевский, Павлов және басқалары қадірлі болса, Ушинский де сондай қадірлі”, - деп ерекше жоғары бағаланған болатынды.

7 дәріс. XIX-ғасырдың алғашқы жартысындағы педагогика және оның қазақ оқу-ағартуына әсері. Қазақ ағартушыларының ой-пікірлерінің қалыптасуы және дамуы. (2 сағ).

1. Шоқан Уәлихановтың ағартушылық идеялары.

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясы мен ағартушылық қызметі
2. А.Құнанбайұлының ағартушылық көзқарастары мен тәрбие тағылымдары.
3. Ш.Құдайбердіұлының тәлімдік көзқарастары.

Негізгі ұғымдар: оқыту, тәрбиелеу, білім алу, сауатын ашу, кәсіп қылу, ғылым іздеу, еңбектену, өнер үйрену.

Шоқан Уәлиханов (1835-1865 жж.). Шоқан Уәлиханов (шын аты- Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (қараша, 1835, Құсмұрын бекінісі, қазіргі Қостанай облысы, сәуір, 1865, Алтынемел, қазіргі Алматы облысы) – қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ. Омбының кадет корпусын бітірген (1853), Петербург университетінің тарих-филология факультетінде лекция тыңдаған (1861-1862). Арғы атасы – Абылай. Оның үлкен ұлы Уәли (1741-1821) – Шоқанның туған атасы. Уәли өліп, әкенің бас мұрагері – рның үлкен ұлы Ғұбайдолла (Абайділда) Сібірге айдалып кеткендіктен, хан шаңырағы хандық, билік Уәлидің кіші әйелі Айғанымда қалды. «Уәлидің бәйбішеден туған балалары әкесінің Ресей қол асытына қарағандығын мойындағысы келмей жатқанда, Айғаным мен оның балалары Ресейге адал ниетін сақтап қалды. Уәлиханнның осы жесіріне Александр I аса бір ықылас білдірді. Сөйтіп, қазақ даласында оған сәулетті үй салып беруге әмір етті, сол үйде Шоқан Уәлиханов туып деі», деп жазды П.П.Семенов-Тянь-Шанский. Балалық шағы әуелі Құсмұрында (әкесі аға сұлтан болғанда), кейін Көкшетаудағы ата мекені Сырымбетте халықтың қайнаған ортасында өткен. Уәлиханов жас күнінде тарихи өлең, жыр, аңыз, әңгімелерді қызықтап, соларға құлақ түріп өскен. Тіпті Құсмұрындағы шағының өзінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жазып алғаны бар. Сырымбетте аңыз, жырлар, сюжетіне сурет салатын болған. Сөйтіп, табиғатынан алғыр, зерек баланың рухани бағыт-бағдары ерте қалыптаса бастайды. Ш. Уәлиханов әуелі Құсмұрында қазақ мектебінде оқып, арбша хат таниды. Дәстүр бойынша «жеті жұрттың тілін білуге» тиісті хан баласы Шығыс тілдерінен араб, шағатай тілін жасынан жақсы үйренген, кейінірек Орта Азияның түркі тілдерін меңгерген. 1847 жылы күзде 12 жасар Шоқанды әкесі Омбыға әкеліп, орыс достарының өмегімен Омбы кадет корпусына оқуға орналастырады. Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелетін бұл корпус, декабрист А.Завалишиннің сөзімен айтқанда, «ағартушылық пен патриотизмнің өркен жайған жері» болатын.

«Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Екі-үш жыйдан кейін-ақ Шоқан өз класындағылардың ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да идея жағынан басып охды» - дейді бірге оқыған досы Г.Н.Потанин. Шоқанның рухани өсуіне орыс әдебиетінің мұғалімі орианталист Н.Ф.Костылецкий (1818-1867), мәдени тарихи курсын жүргізген айдаудағы ғалым Гонсевский, әдебиетші В.П.Лободовский (Н.Г.Чернышевскийдің жас кезіндегі досы, кейін идеялас әріптесі) елеулі ықпал етеді. Костылецкий арқылы 1852 жылы Шоқан мен И.Н.Березин арасындағы тікелей досытқ қатынас басталады. Березиннің тапсырмасы бойынша Шоқан Тоқтамыстың «Хан жарлығына» талдау жасайды. Бұл – оның алғашқы ғылыми жұмысы.

Осылайша, Шоқан корпустың мұғалімдер мен Омбының алдыңғы қатарлы интеллигенциясының көзіне түседі. 14-15 жасар Шоқанға мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші деп қарайтын еді. Шоқан тарих, география кітаптарын бас алмай оқиды. Сирек кездесетін көне кітаптарды қол жете бермейтін фундаментальдық кітапханадан алып оқуға корпус басшылары оған арнайы рұқсат еткен. Орал, Еділ, Каспий алабын, Оңтүстік Сібір, Байкал, Алтайды зерттеген П.С.Палластың (1741-1811) «Саяхатын», Еділ, Каспий, Оралдың тарихы мен этнографиясын жазған. П.И.Рычковтың күнделікті жазбаларын әсіресе, кітаптардың туған жерге арналған беттерін қызыға оқыған. Жас Шоқанның білімдарлығын, Шығыс әдебиетін жақсы білетіндігін С.Ф.Дуров, Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, Н.М.Ядринцев жоғары бағалаған.

1853 жылы Уәлиханов кадет корпусын бітіріп, атты әскер корнеті атағын алып шығады. Сібір казак-орыс әскері 6-атты әскер полкіне офицер болып тағайындалады. Іс жүзінде Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-батыс аймағын басқарған генерал Г.Х.Гасфорттың (1790-1874) адыютанты қызметіне белгіленеді. Екінші жағынан Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оны айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер етіп ұстайды.

1856 жылы Шоқан М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қосылады. Экспедиция қырғыз елін жете зерттеуге, Ыстықкөл аймағының картасын түсіруге тиіс болады. Бұл Шоқанның ғылыми жұмыс жүргізуіне мүмкіндік ашады. Осы жылы ол «Манасқа» назар аударады. Іленің басындағы Манас жорық жасады деген қаланың орнын барып көреді. Маусымның ортасында Ыстықкөлге жетіп, оның шығыс, солтүстік-шығыс жағалауының, тау асуларының картасын түсіреді. Бірнеше маршрутта Шоқан Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге жүреді. Онымен 1856 жылы көктемде Омбыда Гутковскийдің үйінде танысып, содан былай дос боп кеткен. 1856-1857 жылдары екеуі Жетісуда жиі кездесіп, бірге ғылыми жұмыстар жүргізген. Жетісу, Тянь-Шань сапарларында Семенов-Тянь-Шанский Орта Азия мәселесіне келгенде Шоқанды ғана бедел тұтқанын жазған. Экспедицияда Шоқан ориентологиялық, энтомологиялық коллекция жинап, гербарий құрастырады. Жетісу, Ыстықкөл аймағының фаунасы мен флорасын зерттейді. Ыстықкөлдің картасын жасауға қатынасады. Сол алаптағы қираған көне қалалардың мәдениетіне – көне заманғы суару жүйелерінің, архитектуралық мұралардың қалдықтарына, этнографикалар мен тас мүсіндерге үңіледі. Ресей қол астындағы Жоңғарияда, әсіресе, Іле бойында отырықшылықтың болғанын анықтайды. Алакөлден Тянь-Шаньға дейінгі жерді түгел шарлаған ол қырғыздың Бұғы, Сарыбағыш, Солту руларында болып, қырғыз халқының шежіресін, өлең, жыр, аңыздарын, «Манас» жырын жазып алады. Ш. Уәлихановтың тарих, география саласындағы даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, 20-дан жаңа асқан Шоқанды 1857 жылы 27 ақпанда Орыс География қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды. Бұл – оның орыс ғылымы алдындағы зор еңбегін мойындағандықтың белгісі еді.

1858-1859 жылғы Қашғария сапары Шоқанның ғылым ағартушылық саласындағы творчествосы жаңа белеске көтеріліп, дәуірлеп өсуіне жол ашты. Петербургте Шоқан орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарымен, әсіресе, «Орыс География қоғамы» жазбаларының редакторы профессор А.Н.Бекетовпен, Азия департаментіндегі Е.П.Ковалевский, Ф.С.Остен-Сакенмен, Петербург университетінің профессоры, Құлжада консул болған И.И.Захаровпен тығыз байланыс жасайды. Захаровпен бірге Азия департаментінің жоғары мектебінде түркі тілінен сабақ береді. Ш. Уәлихановтың пәтеріне В.Б.Григорьев, В.П.Васильев, В.В.Вельяминов-Зернов т.б. жиі келіп тұрады. Петербургте Шоқан ғылыми, әдеби, журналдарға қатысады, энциклопедияға мақала жазады. Шоқанның материалдарын Қазақстан, Орта Азия, Ыстықкөл туралы еңбек берген А.Ф.Голубев, Д.И.Романовскийлер пайдаланады. Бас штабтың офицерлері одан алып тұрады.

Наукас (туберкулез) меңдеген Шоқан дәрігердің ақылымен 1861 жылы көктемде туған елге аралады. Ел ішінде тұрып, туған халқының екі бірдей қанаудың астында езілгенін көрген Шоқан 1862 жылы Атбасар округінің аға сұлтаны болуға ризалық білдіреді. «Елдестеріме пайдамды тигізу үшін аға сұлтан болғым келді, оларды чиновниктерден, қазақ байларынан қорғамақ болдым. Сондағы ең алдымен көздегенім - өз басымның мысалы арқылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді», - депті ол Достоевскийге жазған хатында

Аз өмірінде Ш. Уәлиханов **Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихына, географиясы, этнографиясы, фольклорына және қоғамдық-саяси құрылысына арналған көптеген құнды еңбектер қалдырды.** Қазақстан географиясында – балқаш пен Алакөлдің бұрын бір тұтас су айдыны болғандығы және Жоңғар қақпасынан соғатын Ебі желі туралы ғылыми деректерді алғашқы келтіруші де сол. Ол Березиннің «Хан жарлығына» рецензиядан кейін Жалайырдің «Жәми-ат-тауарихын» зерттеп, оның негізі тарауларын алғаш рет орысшаға аударды, ондағы Шығыс терминдерінің сөздігін жасады. «Шайбани-наме», «Шежре-и түрік» Абулғазы туындылары негізінде теориялық мәні зор «**Қазақтың шежіресі**» атты еңбек берді. «Жәми-ат-тауарихты» Шоқан сирек кездесетін тарихи шығарма, қазақтың XV-XVI-XVII-ғасырдағы тарихи аңыздарының жиынтығы деп таниды. Кейін «Бабур-наме», «Тарихи-и-Рашидиге» терең үңілген ол өз еңбектерінде солардың деректерін орынды пайдаланды. Өле-өлгенше Бас Штаб пен Азия департаментінің қызметкері болып есептелді. Меңдеген ауруына шипа таба алмай, 1865 жылы сәуірде Шоқан Уәлиханов Алтынемел жотасының етегіндегі Көшентөған жеген жерде Тезек ауылында қайтыс болады.

Заманында дүние жүзі ғылымына елеулі үлес қосқан Ш.Уәлихановтың барлық саладағы еңбектері әр кезеңде де жоғары бағаланады.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың тұңғыш педагогі, ұстазы (1841-1889).

Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, ақын, көрнекті қоғам қайраткері.

1864 жылы 8 қаңтарда Ы.Алтынсариннің қазақ- орыс мектебі ашылды. Оған 14 қазақ баласы қабылданды. Осыған көңілі толып қаңағат сезім билеген ол 16 наурызда 1864 жылы: «Менің үнемі ұмтылған тілегім – қалайда пайдалы адам болып шығу еді. Ал, қазір осыған толық жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады» -деп масаттана жазу ұлы ұстаздың ұлы бастамасы осылай басталған еді.

Ыбырай бабамаздың тікелей араласуымен немесе басқаруымен сол кездегі Торғай, Ырғыз Қостанай өңірлерінде орталықтандырылған қазақ балаларына арналған 4 кластық қазақ орыс училищесі 5 бастауыш болыстық мектеп, ауыл шаруашылық кәсіби училищесі ашылды.

Ыбырай қазақ – орыс мектебінде мынандай пәндер оқытылды:

1. жаратылыстану пәндері
2. сызу
3. тарих
4. орыс тілі грамматикасы

Төңкеріске дейінгі Ресей оқу-ағарту жөнінен Европадағы ең соңғы орындардың бірін алатын. Көптеген балалар мен жасөспірімдер мектепке барған жоқ. Әсіресе сауатсыздық проценті деревняда жоғары болды. 1897 жылғы санақ бойынша ауылдық жерлерде сауатсыздық 72,2 процент, ал шаруа әйелдері арасында 87,5 процент болды. Ал сауатты деген әйелдердің өздері де бар-жоғы қол қоя білетін немесе бастауыш екі-үш сыныптары көлемінде ғана сауатты болатын.

Дегенмен, ұлттық шеткері аймақтарда әйелдердің білім алуы бұдан да нашар еді. Қазақстанда қыздар оқу мүмкіндігінен айырылған-тұғын. Қазақстанда әйелдерге арнайы білім беру жөнінде тұңғыш рет қазақтың көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин мәселе көтерді. Оның ойы әйелдер мәселесі бойынша сол кезде жеке-дара болатын. Ағартушы ақыл мен білімпаздықты сыйлаған қазақ әйелі қоғамда лайықты орнын алуға тиіс деп есептеді. Ы.Алтынсариннің табанды еңбектенуі арқасында 1887 жылы Ырғызда өлкеде тұңғыш әйелдер училищесі, 1888 жылы оның жанынан қазақ қыздарына арналған интернат ашылды.

Ыбырай Алтынсариннің пікірінше қазақ қыздарын бастапқы кезде мектепке әйелдік қолөнерді үйренуге қабылдауға болады. Мысалы, киім тігу мен пішу, шәлі тоқу, жүннен арқан есу, алаша тоқу, киіз басу сияқты қазақтың тұрмысындағы үйреншікті үрдісті үйренеді. Осылай оқыту, деп есептеді Ы. Алтынсарин өзінің тура мақсатымен қоса, қазақ қыздарының біртіндеп орысша сауатын ашуға мүмкіндік береді.

Ағартушының бастамасы бойынша және оның батыл ұсынысы, талмас жігерінің арқасында келесі жылдары интернатымен бірге қыздар училищесі 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ ауылында және 1896 жылы Ақтөбе қаласында ашылды. 1896 жылы осы оқу орындарында 211 қыз оқыды. Олардың 70-і қазақ қыздары болатын. Семей қазақ интернатының архив материалдары да онда қазақ қыздары оқығанын айғақтайды. Қазақстандағы орыс-қазақ мектептерінде қыздарды оқытудың жағдайы қалай болды? Орысша сауат ашу (оқу және жазу) негіздері мен арифметиканы игеруден басқа қыздар іс тігуді де үйренді. Мәселен, 1889-1890 оқу жылының аяғында Ырғыздағы қыздардың орыс-қазақ училищесінде үш бөлімше болған еді. Жоғары бөлімшедегі қыздар орысша еркін оқып, оқығанын ұғынықты айтып бере алатын, сауатты жазып төрт амалмен арифметикалық есептерді шығара білген.

Абай Құнанбайұлының тәлім -тәрбие ойлары (1845-1904ж.)

А.Құнанбаев өзінің қара сөздерінде, поэмаларында және өлеңдерінде жастарды тәрбиелеуге көп тоқталды. Қарасөздері өлеңдерін толықтырып жан беріп отырды. Абайдың Ескендір поэмасы адамгершілікті сипаттап жазса, ғылым туралы **“Ғылым таппай мақтанба”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”** және т.б. өлеңдері ғылымға, білімге, жастарды шақыруда болды.

Абай Құнанбаевтың ағартушылық көзқарастары мен тәрбие тағылымдары (1845-1904)

Абай ақын - ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгерімен деңгейлес тұрғаны - білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Абай халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін оқу-білім қаншалықты терең ұғып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көр-кемдік қуаттылықпен айтып, жеткізе алғандығында. ақын үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып жетіліп, кемеліне келуі үшін тиісті қоғамдық жағдай, аса зор дарын мен даналық, үздіксіз еңбек, ізденіс, білім - міне осылардың түйісіп келуі шарт. Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идея-ларының бірі - адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу. *Ақын, ойшыл ұлы ұстаз - Абай* халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы - сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады. Еңбекті Абай, басқада қазақ ағартушылары сияқты - байлықтың, молшылықтың көзі - деп санады. Жастарды еңбекке шақырды. Оған 1886 жылы жазған мына бір шумақ өлеңін келтіруге болады.

"Қартайдық, қайғы ойладың ұлғайды арман,
Шошымын кейінгі жас балалардан,
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман - деп, өз кезіндегі еңбек етпейтін жастардың осындай жағымсыз мінездерін сынады. Енді бірде Абай "Осындай сидам жігіт елде мол-ақ, Бәрі де шаруаға келеді олақ, Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп, Бар өнері қу борбай сымпыс шолақ. Абай даналығы еңбек ет - мал тап деген ақылға саяды. Тек еңбек, еңбек құмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты - еңбек ғана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді - деген Абай даналығы бұл күнде де күшін жойған жоқ. Еңбек Абайша айтсаң-өнер. Жастардың еңбек тәрбиесі, сонда ғана жүзеге асады, егер ол халықтың бүкіл көпшіліктің, түптеп келгенде, бүкіл қоғамның игілігі не айналғанда, оның молшылық қажетіне жараған жағдайда, білім алып, бақытты болған шағында. Ол еңбек тәрбиесі - басқа барлық тәрбиенің негізі. Басқалары ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, эстетикалық, эколо-гиялық пен экономикалық еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі екеніне дәлелдеп берді.

Еңбек тәрбиесін, оқу мен білім алудың негізі - деп түсінген Абай жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін-бұлағын еңбектен іздеді. Ол еңбек пен қоғамдық еңбектің тұтастығын, бірлігін -парасаттылық пен инабаттылықтың, білімділіктің, тұлғалықтың, ісіне талғамын, үлгілері - өмір-дің, тіршіліктің жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететінін аса көрегендікпен дәлелдеді, оған өлең жолдарын, ғақлияларын арнады. Ең бастысы: еңбек пен адамгершілік сапасын қалыптастырады, адамды, жастарды эстетикалық рухта тәрбиелеп, оларды әдемілікке, көрнектілікке жеткізеді, оларды жарқын болашаққа шақырады, материалдық игілікке жол ашады. Ақын пікірінше еңбек - адамды жан-жақты дамыған, ғұламалыққа көтереді, баулиды, жетелейді. Абай

арманы еңбекке, адамгершілікке, ақыл-ойға, парасаттылық пен инабаттылыққа негізделген, үлкен мәдениеттіліктің қайнар бұлағына айналған. Абай тағылымы - даналықтың, ғұламалықтың, құдіреттіліктің, имандылықтың кәусар тамшысы, ағынды тасқыны, дария көлі, мұхиты. Абай поэзиясының ең басты ерекшелігі тәрбиелік тағылымы мол асыл мұрасы ол өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты барынша толық бейнелеп берді. Бірақ, ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, білім-ғылым түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыр әріде жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы - ағартушылық көзқарасы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез- құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді. Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, білімділік, еңбек сүйгіштік, талаптылық, адалдық, солармен қатар озбырлыққа жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәні жоймайтындығын және қанша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен, халықтың ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып, жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шын-дығын танып-білуге үлкен себін тигізе алатыны қақ. Олай болса, Абай творчествосын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, ол – заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра. Тарихи принцип тәрбиелік тағылым Абай творчество-сының сол дәуірдегі қоғамдық өмірмен тамырластығын танып-білудің бірден-бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар әсіресе, жасөспірімдер қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарын жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын жоққа шығара алмаймыз. Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірімен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғам-дық ой-сананың, мәдениеттің, оқудың өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қасиеттерін айқынырақ тани аламыз. Оның ең басты бір қыры оқу-тәрбиелік маңызында.

Абай шығармаларында алдымен мейілінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз сезім толғаныстары, ой-толғам-дары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады. Абай өзін ұстаз ретінде де көрсете алады.

Ақынның бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи бір қалып-та, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан, әр жағынан ашылып отырады. Көптеген өлеңдерінде ақын өз көңіл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. өлеңдері кейде сұхбат, сырласу, кейде насихат, кейде ойға шому, ой толғау, тәрбиелік түрінде әр алуан болып келсе, ақын бейнесі анық, айқын қалпында танылады. Сонымен қатар Абайдың өлеңдерінде әртүрлі топ-тың өкілдері әсіресе ұстаздар, жас адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Мысалы:

Жақсыға	айтсаң,	жаны	еріп,
Ұғар	көңіл	шын	беріп.
Жамандар	адал	еңбек	қыла
			алмай
			жүр.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз ал
Деген кім бар сендерге?

Абайдың қоғамдық мұрат нысанасы туралы айтқан-да, ол адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім-ғылымды, өнерді халықтың қажеті-не жаратуға алдымен мән бергенін естен шығармау қажет.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі мораль-дық принцип ретінде поэзиялық -тәрбиелік туынды-ларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады. Қайрат пен ақыл жол табар Қашқанға да қуғанға. Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға. Бастапқы екеу соңғысы Біте қалса қазаққа, Алдың-жалын, артың-мүз, Барар едің қай жаққа? - дейді ақын "Өсемпаз болма әрнеге" деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп, ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді. Ғылым-білімді, оқу-тәрбиені уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл-таразы, ("ақыл-мизан, өлшеу қыл"), дүниенің сырын танып білуде адамгер-шіліктің ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

Абайдың бұл пікірі ғылым үйренуге ұмылған жастарға айтқан сөздерінен де айқын танылады. Ақын жастардың басқалар айтқан сөзге ермей, ақылмен өлшеп тапқан өз пікірі болу керектігін айтып, сол пікірде табандап тұра білуі қажеттігіне ерекше назар аударған.

Абай ақыл туралы айтқанда, ақылдылық, естілік деген ұғым мен ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. "Өуелде бір суық мұз - ақыл зерек" дегенге Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық тұрғыдан келіп, ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі ұғым деп қараған Абай "суық ақыл" мен "ыстық жүрек" бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек.
Бұл ретте Абай ақыл-ой тәрбиесінің, адамгершіліктің мазмұнын жырлайды. Абай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын, ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлінің ерекше зор екенін көрсетті. Абай әлемінің кең өріс алуы, оның поэзиясы мен әлеуметтік, оқу-тәрбиелік демек, ағартушылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды.

Шәкәрім құдайбердиев педагогикалық көзқарастары. (1858-1931ж.)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларды уағыздаған Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырып, артына мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев ақын, жазушы, аудармашы, философ, шежіреші, өз бетімен ғылыми-білім билігіне жоғары көтерілген әмбебап ғұлама еді.

Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының ішкі заңдылықтарына қарай әлеуметтік, экономикалық қайшылық, қақтығыстар, күрес-тартыстар шиеленісте, қазақ даласында қалыптасқан қоғамдық ой-сана тынымсыз ізденіске түскен, орталықта революциялық дүмпулер туған кездері Шәкәрім әдеби өмірге құлшына араласып, Шоқан, Абай, Ыбырай салған ағартушылық арна-дәстүрін әрмен қарай жалғастырды.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің аса көрнекті өкілі, ұлы Абайдың ізін қуушы, оның немесе інісі Шәкәрім жеті жасында жетім қалса да атасы Құнанбайдың ерке немересі болып өмірден ешбір таршылық көрмей өсті. Жастайынан өнер-білімге, қаршыға, бүркіт салуға, домбыра тартып, ән салуға құмар болып, он бестен былай қарай өз бетімен ғылым жолына ойысып, білім өрісін кеңейтеді. Бірінші тілдерді (араб, түрік, парсы, орыс т.б.) меңгеріп, төл шығармалар жазумен қатар, басқа халықтардың рухани байлығына бойлайды, олардың кейбірін қазақ тіліне аударады.

1905-1906 жылдары Меккеге сапар жасап оралады, жолда Стамбул кітапханаларындағы рухани асыл мұралармен танысады. 1909-1910 жылдары оқу, жазу мен алаңсыз айналысу үшін ел ортасын тастап, оңаша елсіз жерге барып мекендейді. Сол жылдары оның қаламынан көптеген төл еңбектер туындайды. Солардың бірі *«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі»* атты шығарма (1911). 1912 жылы *«Қазақ айнасы»* (бірінші бөлім), ертеректе жазылған *«Қалқаман - Мамыр»* мен *«Еңлік - Кебек»* поэмалары жеке кітап болып жарық көрді. Л.Н.Толстойдың қысқа әңгімелерін қазақ тіліне аударады. Шәкәрім көптеген философиялық, психологиялық (көбісі өлеңмен жазылған) шығармалардың авторы. Ал ән мен күй, музыка саласында жазған еңбектерінің өзі бір төбе. Қазан төңкерісінің әкелген жаңалықтар мен дүрілдей келген өзгерістер, бірі қирап, бірі түзіліс тауып жатқан құбылыстар аясында Шәкәрім белгілі себептермен әртүрлі көзқарастары ықпалында бола тұрса да негізінен ұстазы Абай салған гуманистік, демократиялық, ағартушылық көзқарасқа, өркениет жолында қызмет ету мақсатыны берілгендік, бекемдік танытты. Кеңес дәуірінде де оның жекеленген шығармалыр жарық көрді. Мәселен, *«Абай» журналында «Хафизден аударма» және Физулидің «Ләйлі – Мәжнүн»* поэмасынан еркін аударған нұсқасы кейіннен Сәке Сейфуллиннің алғы сөзімен Алматыда 1935 жылы жеке кітап болып басылып шықты.

Ұзақ жылдары үзілістен кейін 1959 жылы «Қазақ әдебиетінде» және 1978 жылы Лениенградта орыс тілінде шыққан «Қазақ ақындары» атты жинақта Шәкәрімнің бір топ өлеңдері жарық көрді.

Шәкәрім үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді өзіне ұран тұтып, «Жастарға» деген өлеңінде былай дейді.

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандық еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық...
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық,
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Шәкәрімнің педагогикалық пікірлері әр кезде жол-жөнекей сөз еткен адамның жан сыры, психологиясы туралы айтқандарымен орайласып жатады. Ш.Құдайбердіұлы адамның жан дүниесінің дамып, қалыптасу жолын эволюциялық (тіршіліктің қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп дамуы) тұрғыдан түсіндіреді.

8 дәріс. XX-ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан психологиясы мен педагогикасының дамуына үлес қосқан педагогтар, ғалымдар. (2 сағ).

Жоспар:

1. Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметі
2. Ж.Аймауытовтың педагогикалық көзқарасы
3. М.Жұмабаевтың педагогикалық ойлары.

Негізгі ұғымдар: оқыту, тәрбиелеу, білім алу, ғылым, мәдени ағарту жұмысы, сауатын ашу, кәсіп қылу, ғылым іздеу, еңбектену, өнер үйрену.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937 ж.) өмір сүрген белгілі қоғам қайраткері, ғұлама түрколог, жазушы, публицист, ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл жағасындағы Сарытүбек деген жерде басталып, қазақ шаруасының әулетінен дүниеге келеді. Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім – ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады.

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде (Байтұрсынов 5 жыл бойы осы газеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды.

А.Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. *«Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»*, - деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабірғасына қатты батты.

Бұл жөнінде «Әуелі ауыл мектебінен басталайық. Осы күнгі ауыл мектептерінде оқуға керекті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары. Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...» деп, ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, «орыс школдарында тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастап, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілек орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы...», деп қазақ даласында патшалы Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын әшкерелейді. Ол патша әкімдерінің оқу-ағарту ісіндегі бұл саясатының түпкі мақсатын одан әрі айқындай түсіп, «Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс» деп, пікірін батыл айтты. Шындықты ашық айтқаны үшін патша өкіметінің жергілікті әкімдері газетке бірнеше рет айып салып, оның редакторын түрмеге жапты.

А.Байтұрсынов - қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. Әрі қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды.

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр. Осы жылдары Ахмет Байтұрсыновпен бірлесіп, Міржақып Дулатов «Қазақ газетін» шығаруға ат салысады. Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңес өкіметі жылдарында бірнеше рет түрмеге жабылады.

Алаш өкіметі мен партиясының басшыларының бірі болғаны белгілі. Ол 1920 жылдардан бастап жаңа өкіметке де аянбай қызмет істейді. 1922-1926 жылдары Орынбордағы қазақтың ағарту институтында оқытушы болады. 1922 жылы екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын», 1924 жылы «Қирағат» кітабын қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін бастырады. 1928 жылы зобалаңда бір топ қазақ оқығандарымен бірге тұтқынға алынып, ату жазасына кесіледі, онысын кейіннен, он жыл абақтыда қамаумен алмыстырады. 1935 жылы тұтқында жүріп, Балтық каналаның бойындағы Сосновец деген жерде қайтыс болады.

Әмбебеп ағартушының артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесімен, үлгі-өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық ұнам-талғамдары ұлттық колоритке толы сан алуан нақты деректермен безендіріле баяндалған.

Ұстазы Ыбырай Алтансариннің оқу ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай дамыта келіп, ол да А.Байтұрсыноа сияқты оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға, атап айтқанда оқытудың жаңа тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән береді.

Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарларына үңіледі. Кімде-кім өзінің табиғатынан не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді.

Халқымыз егемдікті аңсап жатқан қарбалас шақта жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарып қана қоймай, олардың ұлттық рухен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет.

Бұл жөнінде де М.Дулатов былайша жеріне жеткізіп айтқан еді. «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің, - деп жазды ол, - әсерлі, күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафиг үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, анат тілін анық үйреніп, керекті мағлұматтар алып шығады.

Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады.

Мағжан Жұмабаевтың (1893-1938ж.) ақындық өнерді өзінің қысқа өмірінде асқан шабытпен жырлап нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқан асуларынан өлшеусіз нәр алған бір туар әмбебап зиялы қайраткер болды. Оның қаламынан сондай-ақ көптеген әңгімелер мен мақалалар, оқу құралдары мен оқулықтар мен («Бастауыш мектепте ана тілі» - 1923, «Сауатты бол» - 1926), зерттеу еңбектері туды. Мағжан поэзиясы адамның жан дүниесінің қыры мен сырына терең бойлайтыны, оның адамның жан сезімін дөп басып суреттейтіні көпшілік оқырманды сүйсінідіріп келді. Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты (Ташкент, Орынбор) ғылыми еңбек жазды. Сол кездегі көрнекті қазақ зиялыларының бірі-белгілі ғалым-педагог, публицист М.Жолдыбаев осы кітаптың баташарына былай деп жазыпты: «Заманға дәл жаңа кітап шыққанша малданып», одан кейін оқып салыстырып қарап, бұрынғы жазылғандардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал. Бұл пікірден аумалы-төкпелі заманда «құлықтың құлыныңдай қызғанышты» дүниені додаға салудан тартынған салмақты сынай сезіледі.

Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Оның пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Әрине, тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар, ол мұның басты-бастыларын ғана айтқысы келген болуы керек. Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптештей түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу, сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп, тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...», «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару» - деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді.

Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, - баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді. «Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр» - дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін ұштау мәселелеріне ден қояды.

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931ж.) жантанушы. Жүсіпбек ағаның біздің ұрпақтарға қалдырған бай мұраларымен танысқанда бірден көзге түсетін ерекшелік – автордың адам психологиясын жете, әрі терең білуі. Ендеше, оның **"Психология"** кітабының арқалаған жүгі ауыр. Осы пәннен қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулық та сол. Жүсіпбек Аймауытовтың психологияны зерттеп, көтерген мәселелері - одан басқа қазақ топырағында ешкім де көтермеген мәселе. Ол өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт-бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында шыққан әдеби және ғылыми-қоғамдық «Абай» атты журналдың бас мақаласынан аңғартады. Онда Аймауытов: «... қазақ сахарасында мыңнан жалғыз алысып, жапа шеккен ұлы ағартушы Абайдың көздеген мақсатты халқын өнер-білімге, оқуға, отырықшылыққа, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді» - деп жазады. Ол Абай ұстаған ағартушылық жолды тыныс-тіршілігінің негізгі арқауы етіп алады.

Осы журналдың 1918 жылғы 1,2 сандарында Аймауытовтың **«Тәрбие»** атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиенің ой-пікірлер ғылыми тұрғыдан терең баяндалған.

Мақала авторы «адам мен хайуанның өмір сүруінің айырмашылықтарын көрсете келіп адамдық қасиет саналы өмір сүру, қауым болып бірлесіп, тіршілік ету» дейді. Ол сондай-ақ «адамның қоғамдық еңбегінің жемісті, нәтижелі болуы тәрбиеге байланысты», деп қорытынды жасайды.

Ж.Аймауытов **«адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен»** дейді. Ол тәрбиенің екі түрлі болатынын: **дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетеді.**

Аймауытов балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп санайды. Ж.аймауытов өнегелі үйелменнен бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді.

Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесіне туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-санасының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдей түскен. Ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жоқшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады – деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады.

Ж.Аймауытов *«тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамишылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу»* деген қағиданы қуаттай келіп, «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» - дейді.

Ж.Аймауытов сол кездегі орыс оқымыстыларының тәрбие жөніндегі еңбектерімен адам тәрбиесіне қоршаған ортаның әсері жөнінде жақсы таныс болуы ықтимал. Өйткені оның жазбаларынан орыс жазушысы Л.Н.Толстойдың «Тәрбие дегеніміз бір адамның екінші адамға жасайтын ықпалы» немесе заңгер педагог А.С.макаренконың «Адамдарды қоршаған орта тәрбиелейді. Адамдар тұтыну заттары, табиғи құбылыс, т.б. бәрі тәрбиеге белгілі әсерін тигізеді. Соның ішінде ең әсерлісі адамдардың қарым-қатынасы, әсіресе ата-аналар мен ұстаздардың ықпалы ерекше... анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін әуелде дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген секілді таныс пікірлер жиі ұшырасады.

Автор мақаланың соңында адамның тән сырқатын емдейтін дәрігер мамандығымен адам жанын сауықтыратын, ақыл-есін, мінез-құлқын тәрбиелеп жетілдіретін тәрбиеші – ұстаз еңбегін салыстыра отырып, бұл екі мамандықтың да, тәні сау, рухани байлығы мол, жан-жақты жетілген абзал жанды, сергек қоғам мүшелерін тәрбиелеудегі өлшеусіз мол еңбегінің маңыздылығы өте орынды атап өткен.

Ж. Аймауытовтың көзқарастарында адамдарды ұлтына бөлмей, жалпы адамгершілік құндылықтар тұрғысынан қарайтындығын көреміз. Қоғамдағы жүріп жатқан процестерді және оның болашағын жете түсінген ойшылдың көзқарастарын қарап, талдап отырғанша, біз нағыз халқын сүйген, сол халқы үшін жанын аямаған патриот ақын екенін көреміз.

9 дәріс. XX-ғасырда Қазақстан педагогикасының дамуына үлес қосқан педагог-психолог ғалымдар. (2 сағ).

Жоспар:

1. Т.Тәжібаев қазақтың тұңғыш психолог ғалымы, академик

2. Ә.І.Сембаев қазақ мектебінің тарихын тұңғыш зерттеген ғалым.
3. Р. Г. Лемберг- Қазақстан педагогикасын дамытуға үлес қосқан ғалым.
4. Қартбай Бержанов – «Педагогика тарихы» оқулығын қазақ тілінде тұңғыш жазған ғалым.
4. Г.А.Уманов - Қазақстан педагогикасын дамытушы ғалым.
5. Қ.Б.Жарықбаев – Қазақстанның көрнекті психологы.

Негізгі ұғымдар:

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-ҒЫ АҚШ, ЕУРОПА, АЗИЯ, АФРИКА, ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ.

10 дәріс. XX-ғ-ң екінші жартысындағы АҚШ-тың білім беру саласындағы мамандары мен педагогтарының-педагогикалық идеялары.

1. АҚШ: Уильям Х.Килпатрик, Елена Паркхерст, Карл Роджерс, Эрик Берн, Филлип Кумбс, Кьелл Рудестам, Джером Брунер, Харбенс С.Бхола.

11 дәріс. Еуропа (Германия, Ұлыбритания, Италия, Швеция, Дания, Финляндия, Франция, Польша) елдеріндегі психологиялық-педагогикалық идеялар.

1. Германия (Густав Винекен, Фриц Перлз).
2. Ұлыбритания (Брайан Холмс, Джон Равен, Денис Лотон, Уильям Тейлор).
3. Италия (Джанни Родари, Данило Дольчи, Франко Камби).
4. Швеция (Франц Калгрэн).
5. Дания (Олаф Петерсон),
6. Финляндия (Кайзу Вирккунен),
7. Франция (Эвелин Пьер).

8. Польша (Винценты Оконь, Чеслав Куписевич) елдеріндегі психологиялық- педагогикалық идеялар.